

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Ш. ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ
ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ**

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ИНСТИТУТЫ

КУЗУТБАЕВА Б.К., ИСАЕВА Л.Н.

**САЯСАТТАНУ
оқу-әдістемелік құрал**

Ақтау - 2010

ӘОЖ 32 (072)
ББК 66.0 я 7
С 27

С 27 Саясаттану пәнінен оқу-әдістемелік құрал / Құрастырғандар: т.ғ.к. Кузутбаева Бағила Құмарбекқызы, аға оқытушы Исаева Ләззат Нығметқызы. Барлық мамандықтар мен дайындау бағыттарының студенттеріне арналған. Ақтау, Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, 2010 – 95 б.

РЕЦЕНЗЕНТТЕР: тарих ғылымдарының кандидаты,
доцент Бекешов С.С.
философия ғылымдарының кандидаты,
доцент Демеуова А.А.

ISBN 978-601-226-050-2

Оқу-әдістемелік құрал саясаттану пәнінің базалық мәселелерін оқып-үйренуші студенттердің пәнді терең меңгеруіне ықпал ету үшін құрастырылған.

Оқу-әдістемелік құрал саясат туралы ғылымның қалыптасу мәселелері, саясаттың мазмұны, саяси идеялар мен ілімдердің дамуы; билік құбылысы, қоғамның саяси жүйесінің ерекше белгілері, саяси режимдер, олардың түрлері, демократиялық жүйеге өту логикасы; саяси институттардың түрлері ретінде мемлекеттің, қозғалыстар мен партиялардың орны мен ролі сияқты саясаттану курсының маңызды мәселелерін қамтып, саясаттану пәні басқа гуманитарлық пәндермен байланыста қарастырылады.

Оқу құралы студенттерге, оқытушыларға және саясаттану пәніне қызығушылық танытқандардың барлығына арналған.

ӘОЖ 32 (072)
ББК 66.0 я 7

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің оқу-әдістемелік кеңесінің шешімі бойынша баспаға ұсынылған

ISBN 978-601-226-050-2

© Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, 2010

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	4
I. Саяси ғылымның тарихы мен теориясының әдістемелік мәселелері.....	5
1.1 Кіріспе. Саясаттану ғылым және пән ретінде.....	5
1.2 Өркениет тарихындағы саяси ойлардың даму кезеңдері.....	13
II. Саяси билік және қоғамның саяси жүйесі.....	26
2.1 Саяси билік қоғамдық қатынастар жүйесінде.....	26
2.2 Демократия – қоғамның саяси өмірін ұйымдастырудың формасы ретінде.....	33
2.3 Қазіргі заманғы саяси жүйелер.....	46
III. Саяси институттар.....	54
3.1 Мемлекет және азаматтық қоғам.....	54
3.2 Саяси партиялар, қоғамдық-саяси ұйымдар мен қозғалыстар.....	62
IV. Әдебиеттер тізімі.....	76
V. Бақылау тапсырмалары.....	78
VI. Өзін-өзі тексеруге арналған тесттер.....	82
VII. Қосымшалар.....	91

КІРІСПЕ

Саясаттану – саясат туралы, оның жеке адам және қоғаммен қарым-қатынасы, оның субстанционалдық институционалдық қызметтік көрінісі, саяси процестердің «технологиясы» туралы интегралдық ғылым. Саясаттану әдістері жалпығылымдық, жүйелілік, құрылымдық, қызметтік, құрылымдық-қызметтік, салыстырмалы т.б. жалпығылымдық әдістерді байланыстырады.

Саяси ғылым ХХ ғасырдың ортасына қарай институционалданды. 1949 жылы ЮНЕСКО шеңберінде саяси ғылымның халықаралық ассоциациясы – СҒХА құрылды. Саяси ғылымның құрылымының құрамалық элементтері жүйеленді және ол ЮНЕСКО бастамасымен 1948 жылы ұйымдастырылған саяси ғылым мәселелері бойынша халықаралық коллоквиумда жарияланды. Саяси ғылым элементтерінің төрт блогы, бөлімі бар.

1. Саяси теория: саяси теория және идеялар тарихы;
2. Саяси институттар: а) конституция; б) орталық басқару; в) аймақтық және жергілікті басқару; г) жария әкімшілік; д) басқарудың экономикалық және әлеуметтік қызметтері; е) саяси институттарды салыстырмалы зерттеу.
3. партиялар, топтар және қоғамдық пікір: а) саяси партиялар; б) топтар мен бірлестіктер; в) азаматтардың басқаруға және әкімшілікке қатысуы; г) қоғамдық пікір.
4. халықаралық қатынастар: а) халықаралық саясат; б) саясат және халықаралық ұйымдар; в) халықаралық құқық.

І. САЯСИ ҒЫЛЫМНЫҢ ТАРИХЫ МЕН ТЕОРИЯСЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ

1.1 Кіріспе. Саясаттану ғылым және пән ретінде.

*Саясат – бұл басқару ғылымы.
Ю.Крижанич*

1. Саясаттанудың ғылым ретінде қалыптасуы.
2. Саяси нақтылық – саясаттанудың зерттеу және үйрену объектісі.
3. Қазақстан Республикасында саясаттануды оқып-үйренудің маңызы.
4. Саясаттанудың әдістері, ұғымдары, функциялары.

1.Саясаттанудың ғылым ретінде қалыптасуы. Қазақстан Республикасы егемендігін алуына байланысты еліміздің әлеуметтік өмірінің барлық саласы түгелімен өзгеріп, саяси, экономикалық, әлеуметтік жүйе әлемдік өркениет үлгісінде қайта құрылып жатыр. Бұрын жоғары оқу орындарында тоталитарлық тәртіп, коммунистік идеология тудырған марксистік тұрғыдағы жасанды пәндердің орнына бүкіл дүние жүзі мойындап, өркениетті елдерде бұрынан оқытылатын бүгінгі заман талабына сай келетін пәндер енгізіле бастады. Солардың ішінде ерекше орын алатыны – *саясаттану*. Саясаттану - әлеуметтік және гуманитарлық пәндер жүйесіндегі жаңа пән.

Саясаттанудың немесе саяси ғылымның өзіндік әдістік принциптері, түсінік, ұғымдық аппараты бар өз алдына дербес оқу пәні ретінде қоғамтану пәндерінен бөлініп қарастырыла бастауы – қазіргі Қазақстанда *азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекетті* қалыптастыру міндеттерімен байланысты. Бұл міндеттерді орындау жас егеменді мемлекеттен қоғамдық дамудың демократиялық формаларына көшу, сонымен бірге оның азаматтарынан, ең алдымен жастардың саясаттанудың қарапайым негіздерін білуді қажет етеді.

Саясаттану терминіне келетін болсақ, *саясаттану* (орыс тіліндегі «политология») термині грек сөздерінен құралған: *politike* (мемлекеттік және қоғамдық істер, мемлекетті басқару ісі, мемлекетті басқару өнері деген мағынада), *polis* (қала-мемлекет) және *logos* (ілім, ғылым) сөздерінен құралған. «Саясат» («политика») сөзі Аристотельдің «Политика» деп аталған мемлекет, басқару, үкімет туралы трактатының ықпалымен пайда болған.

Саяси ғылымның пайда болуы *XIX – XX ғасырлар межесімен* байланыстырылады. Бұл кезеңде саясаттану тарих, заң ғылымы, әлеуметтану, философиядан теориялық және әдістемелік жағынан бөліне бастады. Бұған дейін қоғамның саяси өмірі осы білім салалары шеңберінде қарастырылған еді. Алайда қазіргі заманғы саясаттанудың бастауларын адамзаттың тарихи өткен кезеңдеріндегі саяси идеялар мен теориялардан іздеу керек.

Саяси білімдердің даму тарихында *үш үлкен* кезеңдерді көрсетеді:

Бірінші кезең ежелгі дүние, антикалық заманнан Жаңа дәуірге дейін созылды. Бұл кезеңде саяси түсініктер мифологиялық, кейінірек философиялық-этикалық және теологиялық сипатта болып, бірте-бірте олар рациональды түсініктермен алмасты. Саяси идеялар гуманитарлық білімдердің жалпы ағымында дамыды.

Екінші кезең Жаңа дәуірден бастап шамамен XIX ғасырдың ортасына дейін

созылды. Саяси теориялар діни ықпалдан арылып, азаматтық сипат алды. Бұл кезеңдегі саяси ойлардың негізгі мәселелері – адам құқықтары, биліктің бөлінуі идеясы, құқықтық мемлекет пен демократия мәселелері болды. Алғашқы саяси идеологиялар пайда болып, дами бастады. Саясаттың адамдар іс-әрекетінің ерекше саласы екендігі түсініле бастады.

Үшінші кезең – бұл саясаттанудың дербес ғылым және академиялық пән ретінде қалыптасу кезеңі болды.

XIX –XX ғғ. межесінде саясаттануда саяси құбылыстарды зерттеудің жаңа *әдістемелері* қалыптасты, олар қазіргі заманғы саясаттанудың дамуында маңызды роль атқарған түрлі мектептер мен бағыттардың пайда болуына әкелді. Қалыптасып келе жатқан саясаттану ең алдымен принциптерін О.Конт және Г.Спенсер анықтаған *позитивтік* әдістеменің ықпалына ұшырады. Позитивизм ықпалымен саяси зерттеулерде верификация (латын тілінен «verus»-іздеу, «facio»-жасаймын) принципі орнықты, бұл принцип бойынша байқау, құжаттарды зерттеу, талдаудың сандық әдістері арқылы нәтижесін тексеріп білуге болатын эмпирикалық фактілер ғылыми құндылыққа ие бола алады. Позитивизм саясаттанудағы *эмпирикалық* (тәжірибелік) бағыттың дамуын ынталандырды. Эмпирикалық зерттеулердің дамуына белгілі американдық саясаттанушы Ч. Мерриам негізін салған саяси ғылымның Чикаго мектебі (XX ғ. 20-40 жж.) маңызды үлес қосты.

Келесі орныққан әдістеме - *әлеуметтік* әдістеме, ол саяси құбылыстарды қоғамдық өмірдің басқа салаларымен: экономика, мәдениет, этика, әлеуметтік құрылыммен байланысты қарайды. Марксизм *экономикалық детерминизм* – саясатты таптық қоғамның объективті экономикалық заңдарының әрекеті арқылы түсіндіру дәстүрінің негізін салды.

XX ғасырдың басындағы саясаттанудың дамуы М.Вебердің есімімен байланысты, оны *биліктің легитимдігі* және *қазіргі заманғы бюрократия* теориясының негізін салушы деп есептейді. *Элиталар теориясының* негізін салушылар Г.Моска, В.Парето, Р.Михельс саяси теорияның қалыптасуында маңызды роль атқарды.

Саясаттанудың әдістемелері мен мәселелерінің қалыптасуына *психоанализдің* негізін салушы З.Фрейдтің идеялары да күшті әсер етті. Ол саяси құбылыстарды негіздеуде бейсаналық импульстардың роліне көңіл аударды. Психоанализ ықпалымен саясаттануда билікке ұмтылуға итермелейтін себептерді, саяси мінез-құлықты зерттейтін бағыттар қалыптасты. Саясаттануда психоанализ әдістері мен эксперименттік психологияның әдістерінің орнығуына Ч.Мерриам және Г.Лассуэл маңызды үлес қосты. Чикаго мектебінің қызметі екінші дүниежүзілік соғыстан кейін батыстық, ең алдымен америкалық саясаттануда *бихевиористік* (ағылшын тілінен «behavior» мінез-құлық) *революцияға* алғы шарт дайындады. Саяси мінез-құлық – саяси нақтылық негізі болып мойындалды. Бұл бағыт шеңберінде түрлі жағдайлардағы, мысалы сайлау кезіндегі, саяси шешімдер қабылдаудағы мінез-құлықтар үлгілері зерттелді. Зерттеу объектісі – индивидті саяси іс-әрекетке итермелейтін себептер болды.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін саясаттану өзінің зерттеу мәселелерінің шеңберін кеңейтті. Бұл ең алдымен мынандай мәселелер болды: саяси жүйелер (Т.Парсонс, Д.Истон, К.Дойч); саяси мәдениет (Г.Алмонд); саяси режимдер (Х.Арендт, К.Поппер, К.Фридрих, З.Бжезинский); партиялар және партия жүйелері (М.Дюверже, Дж.Сартори); саясаттағы конфликт (жанжал) және

консенсус (пәтуаластық) (Р.Дарендорф, С.Липсет).

Саяси ғылым демократия мәселелерін зерттеуде жаңа бағыттармен байытылды. Р.Даль, Дж.Сартори, Й.Шумпетер демократияның жаңа теориялық модельдерін жасады. Соңғы он жылдықтары саяси модернизация (жаңару, бейімделу), түрлі елдердегі демократиялық қайта құруларды анықтауға жағдай жасау мәселеріне қызығушылық өсті.

Саясаттанудың дербес ғылым және оқу пәні ретінде дамуы – бұл тек қана оның негізгі мәселерін және әдістемелік негіздерін анықтау кезеңі ғана емес, сонымен бірге оның ұйымдық қалыптасу кезеңі болды. *XIX ғ. екінші жартысынан бастап саясаттану ұйымдық жағынан* қалыптаса бастады. Саясаттанудың институционалдануының, яғни білім беру мен ғылыми зерттеулер саласындағы дербес бағыт ретінде қалыптасуының басталуы туралы бірнеше пікірлер бар. Бір ғалымдар оның пайда болуын XIX ғ. ортасында Германияда мемлекетті зерттеуге арналған құқықтық мектептің ашылуымен байланыстырады. 1871 жылы Парижде «Саяси ғылымдардың мектебі» деген саясаттанушы орталық құрылады. Келесі бір зерттеушілер саясаттанудың пайда болуын кейін университетке айналған АҚШ-тағы Колумбия колледжінде 1857 жылы саяси теория курсының оқытыла бастауымен байланыстырады. 1880 жылы соның негізінде онда «Саяси ғылымның» жоғары мектебі құрылды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін әлемнің көптеген елдерінде саяси зерттеулер кеңінен жүргізіле бастады. Бұл академиялық саяси институттар мен халықаралық орталықтардың құрылуын ынталандырды. *1948 жылы Парижде* өткен саяси ғылым мәселелері жөніндегі Халықаралық коллоквиумда саясаттанудың мазмұнын, оның негізгі мәселелерін анықтайтын құжат қабылданды. Онда саяси ғылымның негізгі зерттеу мәселелері болып *төрт мәселе* көрсетілді: 1) саясат теориясы және саяси идеялар тарихы; 2) саяси институттар; 3) партиялар, топтар және қоғамдық пікір; 4) халықаралық қатынастар. Бұл ғылымның халықаралық мәртебе алып, толыққанды қалыптасуында ЮНЕСКО басшылығымен 1949 жылы құрылған саяси ғылымдардың Халықаралық ассоциациясы (СФХА) зор роль атқарды. XX ғасырдың 70-90 жылдары саяси ғылымның түпкілікті институционалдануы жүзеге асты. Саясаттану жалпы мойындалған, ұйымдық жағынан құрылған, кең тармақталған білім беру және зерттеу мекемелері бар академиялық пәнге айналды.

Ал біздің еліміздегі саяси ғылымның дамуы күрделі қиын жолдан өтті. Алғаш болып саясат, мемлекет, билік жөнінде араб тілді түрік ойшылдары, ғалымдары – Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, М.Қашқари, Қ.А.Яссауи өз еңбектерін жазды. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ хандары, Тәуке хан, XIX ғасырдағы ағартушы-демократтар Шоқан, Ыбырай, Абай, XX ғасыр басындағы Алаш зиялылары – еліміздің саяси тағдыры, өз халқының болашағы туралы өз ойларын айтты.

Бұрынғы Кеңес Одағында саясаттану партияға, халыққа қарсы, буржуазиялық ғылым деп оқытылмады. Себебі, Кеңес өкіметі, шын мәнінде саяси сауатты адамдарды дайындауға мүдделі болмады. Бірақ бұл біздің елімізде саяси ғылымға еш көңіл бөлінбеді деген сөз емес. Саяси мәселелер тарихи материализм, ғылыми коммунизм, КОКП тарихы сияқты коммунистік идеологияға негізделген пәндер шеңберінде, ең алдымен қандай әлеуметтік-саяси процестер социализм мен коммунизмге әкеледі, сол тұрғыдан оқытылды. Алайда тек 80-жылдардың соңында саясаттануға деген көзқарас КСРО-дағы түбегейлі реформаларға, қоғамның демократиялануына, тоталитарлық жүйенің күйреуіне байланысты

өзгерді. Қазіргі Қазақстанның барлық жоғары оқу орындарында бұл ғылым жеке пән ретінде оқытылады.

2. Саяси нақтылық – саясаттанудың зерттеу және үйрену объектісі. Кез келген ғылым сияқты саясаттанудың да өзінің объектісі мен мәселелері бар. Зерттеу мәселесі мен объектісінің арасындағы айырмашылық салыстырмалы түрде болады. Зерттеу мәселесі – объектінің негізгі маңызды белгілерінің, қасиеттерінің бейнесі. Ғылымның зерттеу объектісі деп объективті нақтылықтың түрлі жақтары алынады. Бір объектіні түрлі ғылымдар, әрқайсысы өз қырынан, өз әдістері бойынша зерттеуі мүмкін. *Саясаттанудың зерттеу объектісі* – қоғамның саяси өмірі және ондағы болып жатқан барлық саяси құбылыстар мен процестер, яғни *саяси нақтылық* болып табылады. Қоғамдық өмір – объективті, әлеуметтік тәжірибелік процесс. Табиғатқа қарағанда қоғамдық өмірдің субъектісі, яғни оның жасаушысы бар. Субъект қандай болса, белгілі бір дәрежеде тарих та сондай. Тарихи катаклизмдер, әлеуметтік эволюциялар – адамдардың іс-әрекетінің нәтижесі, әлеуметтік күштердің, орасан зор бұқараның өзара қатынастарының нәтижесі. Қоғамдық өмірдің бұл жағын «саяси нақтылық» деген түсінікпен анықтаймыз.

Саяси нақтылық объективті, себебі қоғамдағы әлеуметтік жіктеліс жағдайындағы үлкен топтар қатар өмір сүріп, бір-бірімен әрекет жасайды, топтар мүдделерін өзара үйлестіре отырып, шешімдер қабылдау және оларды жүзеге асыру қажеттілігі пайда болғандықтан, топтар арасындағы қатынастар саяси сипат алады. Саяси қатынастар субъектілер арасындағы қатынастар болғандықтан субъектілік сипат алады. Сондықтан саяси нақтылықтың маңызды әлеуметтік мәселесі – осы субъектілердің мүдделерін үйлестіру және соның негізінде қоғамның тұтастығын сақтау, прогрестің шарты ретінде - әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету. Саясаттану саяси нақтылықтың шығу негіздерін, оның қоғамдағы орнын, құрылымын, пайда болу заңдылықтарын, дамуын, қызметін қарастырады.

Саясаттанудан басқа қоғамның саяси саласын, саясатты зерттейтін бірнеше гуманитарлық, әлеуметтік пәндер бар, мысалы философия, әлеуметтану, мемлекет және құқық теориясы, тарих т.б. Осыған байланысты саясаттануға тән оның зерттейтін ерекше мәселесі (пәні) қандай деген сұрақ туады.

Саясаттанудың пәні туралы мынадай екі позиция қалыптасты: *біріншіден*, саясаттану – бұл саясат туралы тұтас және шоғырланған (білімдер жиынтығы) ғылым. Саясаттану пәнаралық білімдер жиынтығы ретінде көрініп, ол жеке пәндер – саяси философия, саяси әлеуметтану, саяси психология т.б. зерттейтін *саяси нақтылықтың* түрлі жақтарының даму және қалыптасу заңдылықтарының жиынтығын қарастырады.

Екінші пікір бойынша, саясаттану – бүкіл саяси мәселелерді қамтуға тырыспайды, ол тек саясаттың жалпы теориясын қарастырады, сондықтан оның өзіне тән зерттеу пәні (мәселелері) билік және ықпал ету байланысты әлеуметтік субъектілер арасындағы қатынастардың заңдылықтарын, билік қатынастарының механизмін, билеушілер мен қол астындығылар, басқарушылар мен бағынушылар арасындағы өзара әрекеттерді қарастырады.

Зерттеушілердің көпшілігі саясаттануды саясат туралы жалпы, оның барлық көріністерін қамтып, тәртіпке келтіретін, жинақтап біріктіретін шоғырланған, бірнеше жеке пәндерден тұратын ғылым деп санайды. Зерттеу мәселелеріне байланысты саясаттану мынандай *бағыттардан (жеке пәндерден)* тұрады

(қосымшадағы 1-схема):

саяси философия, ол саясат пен биліктің қызметінің негізі болатын саясат, идеал (мұрат), нормалардың құндылық аспектілерін зерттейді;

саясат теориясы – саясат пен билікті, биліктің қызмет ету механизмдерін зерттейтін пән. Саясат теориясы ішкі құрылымдық буындардан тұрады: саяси жүйе теориясы, билік теориясы, демократия теориясы, элиталар теориясы және т.б.;

саяси әлеуметтану биліктің әлеуметтік негізіне: әлеуметтік топтардың және жалпы азаматтық қоғамның саясатқа ықпалына баса назар аударады;

саяси психология саяси мінез-құлықтағы қондырмалардың, себептердің, бейсаналық факторлардың ролін зерттейді. Сонымен бірге бұл пән саяси процестерге қатысудың бұқаралық формаларын және жетекшіліктің (лидерлік) психологиялық аспектілерін қарастырады;

саяси ілімдер тарихы түрлі тарихи кезеңдердегі саяси өмір және оның компоненттері туралы түсініктердің эволюциялық кезеңдерін зерттейді;

саяси антропология адамның әлеуметтік биологиялық қасиеттерінің саясатқа ықпалын сонымен бірге саясаттың мәдениетпен және белгілі бір халықтың ұлттық-психологиялық ерекшеліктері мен байланысын зерттейді;

халықаралық қатынастар теориясы әлемдік саясат пен мемлекеттердің өзара қатынастары мәселелерін қарастырады. Бұл бағыттың ішінде саяси мақсаттарға жетуде кеңістіктік факторларын мемлекеттердің пайдалануын қарастыратын геосаясатты бөліп көрсетеді.

Бұлар саясаттану құрылымындағы жеке салалардың толық тізбегі емес. Түрлі бағалаулар бойынша саяси ғылым жүйесіне 20-40 пәндер бірігеді, бұл саяси білімдердің мамандануының тереңдеу процесін көрсетеді.

Саясаттанудың келесі *құрылымы* оны теориялық (немесе жалпы) және қолданбалы деп бөлумен байланысты. *Теориялық саясаттану* жаңа білімдермен толығыды, саяси нақтылықты түсіндіруді, нақтылықтың жаңа тұжырымдамалық модельдерін жасауды мақсат етеді. Алайда ол тәжірибеге жанама түрде ықпал етеді. Ал *қолданбалы саясаттану* нақты саяси нәтижеге жетуге тікелей бағытталады. Ол саяси нақтылықтың белгілі бір саласына әсер ету әдістерін ұсынады және зертейді. Бұл саладағы зертеулердің қорытындысы саяси процеске қатысушыларға кеңес беру, ұсыну, болжау болып табылады. Бұл тұрғыдан алғанда саясаттанудың бұл бағыты тәжірибемен тікелей байланысты. Бұл бағыттың тәжірибелік бағытта болуы оның зерттеу салаларынан да білінеді: сайлау науқандарының технологиясы, қоғамдық пікірді, электораттық мінез-құлықты зерттеу, билікті ұйымдастыру технологиясы, саяси шешімдер қабылдау, саяси болжау, саяси процестерді модельдеу т.б.

Саясаттанудың бұл екі бағыты бір-бірін толықтырып отырады. Теориялық саясаттану қолданбалы саясаттануды зерттеудің жалпы тұжырымдық моделімен және әдістемесімен қаруландырады, ал өзінің қорытындыларында тәжірибе жүргізуші – саясаттанушылардың жинаған эмпирикалық (тәжірибелік) материалына сүйенеді.

3. Қазақстан Республикасында саясаттануды оқып-үйренудің маңызы.

Барлық уақытта, әсіресе бүгінгі күні саясаттың маңызы артып отыр, себебі саясат барлық уақытта жеке адамдардың, тіпті бүкіл халықтардың өміріне, тағдырына шешуші ықпал етеді. Антикалық заманның ұлы ойшылы – Аристотель б.з.д. V ғасырда-ақ айтқандай, саясат – адамның табиғатынан туындайды, себебі адам -

әлеуметтік жәндік, ол тек қана ұжымда, қоғамда, басқа адамдармен қарым-қатынас жасау арқылы ғана толыққанды өмір сүре алады.

Саяси білім мен мәдениет бүгінгі күні кәсібіне, әлеуметтік мәртебесіне қарамастан әрбір адамға керек, себебі ол қоғамда өмір сүріп, тіршілік етіп басқа адамдармен және мемлекетпен міндетті түрде бірлесіп әрекет етеді. Ал саяси білімі мен мәдениеті жоқ адам саяси істерде амал-айла, қулықтың арбауына түсіп, оны саяси белсенді күштер өз мақсаттарында пайдаланып кетуі мүмкін.

Адамдардың көпшілігінің саяси сауаттылығы қоғам үшін де қажет. Саяси сауаттылық қоғамды бір адамның дара әкімшілігіне негізделген үкімет жүйесінен, деспоттық басқарудан, адамгершілікке қарсы, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдастырудың экономикалық тиімсіз түрлерінен сақтандырады. Сондықтан мемлекетте адамдардың өркениетті өмір сүруіне тек жеке адам ғана емес, бүкіл қоғам мүдделі, өркениетті өмір сүру өнері ретіндегі саяси мәдениетті саналы түрде қалыптастыру қазіргі заманғы қоғамның міндеті, оның дұрыс дамуының маңызды шарты болып табылады.

Қазақстан Республикасы – қоғамдық өмірдің барлық салаларында сапалық түбегейлі өзгерістерді басынан кешіп отырған мемлекеттердің бірі болып табылады. Қазақстандағы саяси және қоғамдық қайта құрулардың табыстарға жету шарттарының бірі – азаматтардың саяси ғылым мен демократиялық мәдениет негіздерін меңгеруі болып табылады. Кез келген әлеуметтік өзгерістердің, ең алдымен, адамдардың сана-сезімінде басталатыны белгілі.

Демократиялық құрылыс тұрғындардың саяси мәдениетінсіз қалыптаса алмайды. Демократия – халық билігі, ал халық жеке адамнан басталады, демократия адамды биліктің көзі етіп, оны өз елінің тағдырын жасаушы, халықаралық саясатты жасаушы етеді. Демократиялық мемлекет жағдайында әрбір адам саяси шешім қабылдауға нақты әсер етпегенімен, мемлекеттік саясатта тұрғындардың түрлі топтарының мақсат-мүдделелінің ескерілуі, басқарушы элитаның құзіреттілігі мен жауапкершілігі адамдардың көпшілігінің саналы түрдегі таңдауы мен белсенділігіне байланысты болады.

Демократиялық саяси білім – негізгі әлеуметтік құндылықтарды, ең алдымен жеке адамның еркіндігі мен абыройын, табиғи, ажырамас құқықтарын мойындауға сүйенеді. Ол азаматқа қоғамдық құрылысты дұрыс бағалауға, мемлекеттегі өзінің орны мен ролін, құқықтары мен міндеттерін дұрыс түсінуге мүмкіндік береді. Демократиялық саяси білімнің негізгі мақсаты – қазіргі заманғы күрделі, қайшылықты дүниеде адамды дұрыс бағыт-бағдар жасауға, өз мүдделерін ұсынып, оны қорғай білуге, басқа адамдардың мүдделерін, құқықтарын сыйлай отырып, жалпы мәселелерді ұжымды түрде шешуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге демократиялық білім беру – азаматтардың демократиялық құрылыс пен оны қамтамасыз ететін мемлекеттік және қоғамдық институттарды құрметтеуін қалыптастыруға бағытталады, өйткені тұрақты саяси тәртіпсіз тұлғаның, жеке адамның шын мәніндегі еркіндігінің болуы мүмкін емес.

Экономиканы әміршіл-әкімшіл әдістер арқылы басқарудан нарықтық шаруашылыққа көшу, тоталитарлық саяси жүйеден құқықтық мемлекетке, демократиялық жүйеге, азаматтық қоғамға көшу тұрғындардың саяси мәдениетінде түбірлі өзгерістерді талап етеді, нарықтық экономика мен плюралистік демократияға сәйкес бұқаралық менталитетті қалыптастыруды талап етеді. Демократиялық саяси білім – бұл процестердің тез жүзеге асуына септігін тигізеді. Саяси білім беру – қазіргі заманғы жеке адамның әлеуметтенуі мен саяси

мәдениетін қалыптастырудың, демократиялық құндылықтарға жақындастырудың әдісі болып табылады.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алып, шын мәнінде демократиялық жолға түсіп жатқан кезде азаматтық қоғам, құқықтық мемлекет орнату үшін саясаттану пәнін оқып-үйрену болашақ мамандарға өте қажет. Саясаттану пәнінің мақсаты – студенттерге саяси институттардың, құбылыстардың, қазіргі қоғам дамуындағы саяси мәселелердің мәнін түсінуге көмектесу. Соның барысында олардың саяси санасын қалыптастыру, адамзат дамуының баламалы даму жолдары бар екендігін түсіндіру, демократиялық саяси мәдениеттің құндылықтары мен ережелерін бойларына сіңіру.

Сонымен, Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін баянды етуге, билік құрылымдарын қалыптастыруға, қоғамдық өмірді демократияландыру, саяси мәдениетті қалыптастырудағы, өсіп келе жатқан ұрпақты саяси әлеуметтендіруде саясаттану курсы оқып-үйренудің маңызы зор.

4. Саясаттанудың әдістері, ұғымдары, функциялары. Методология – бұл жалпы теория, нені білу керек және қалай білу керек деген сұраққа жауап беретін, сондай-ақ іс жүзінде пайдаланатын тәсілдердің, әдістер мен ережелердің жиынтығын зерделейтін саяси ғылымның өзіндік әдістемесі. *Әдіс* деп – зерттеу жүргізудің ұйымдастыру тәсілін айтады. Саясаттануда жиі қолданылатын *әдістердің* үш тобы бар: теориялық танымдық әдістер, философиялық және жалпықисындық әдістер, эмпирикалық әдістер.

I. Теориялық танымдық әдістердің түрлері: институционалдық әдіс, саяси қызметті жүзеге асыратын институттарды: мемлекет, партия, қоғамдық-саяси ұйымдар, құқық т.б. зерттеуге бағытталады; *социологиялық әдіс*, саясаттың әлеуметтік себепшісін, саясатқа экономика, мәдениет, идеология, әлеуметтік құрылымның ықпалын зерттеуге бағытталады; *тарихи әдіс*, саяси құбылыстарды мерзімі жағынан дәйекті, заманына қарай, бұрынғы, қазіргі және болашақтың байланысын айқындай отырып қарастырады. Ол әртүрлі саяси оқиғаларды, процестерді, деректерді олардың болған уақыт мезгілін еске ала отырып танып-білуді талап етеді; *салыстырмалы әдіс*, әр түрлі елдердегі саяси құбылыстарды, бір типті объектілерді (саяси жүйе немесе оның жеке құрылымдық компоненттері, саяси режимдер моделі) салыстырып, олардың жалпы жақтарын және жеке ерекшеліктерін ажыратуға мүмкіндік береді; *жүйелілік әдіс* көп дәрежелі күрделі объектілерді (саяси жүйелер, институттар) зерттеу барысында қолданылады. Саяси өмірдің кез келген құбылысын тұтас нәрсенің бір бөлігі, аса күрделі құрылымның элементі ретінде қарауға көмектеседі; *құрылымдық-атқарымдық (функциялық) әдіс* жүйелік әдісті нақтылау болып табылады. Ол зерттелетін құбылыстарды тұтас нәрсенің бөлігі ретінде ғана емес, іс-қимылы бір-бірімен байланысты жүйеде әрқайсысы белігілі бір роль атқаратын элементтерден тұратын іштей жіктелген құрылымдар ретінде де көрсетуге мүмкіндік береді; *антропологиялық әдіс* саясаттың себепшісі ретінде әлеуметтік факторлардан гөрі адамның табиғатынан туындайтын, адамға тән факторлар арқылы түсіндіруге бағытталады; *психологиялық әдіс*, саяси мінез-құлықтың психологиялық механизмдерін зерттеуге бағытталады; *бихевиористік әдіс*, саясатты индивидтер мен топтардың мінез-құлқы ретінде қарастырады; Бұл әдіс барлық жасалатын қорытындыларды эмпирикалық (тәжібие жүзінде) тексеруді қажет етеді; *нормативті-құндылықтық* әдіс саяси процестерді тиімді нұсқа, идеал тұрғысынан бағалайды.

II. Екінші топқа жатқызылған *философиялық және жалпы қисындық әдістер* тек қана саясаттануда ғана емес, сонымен бірге басқа да ғылымдарда қолданылады. Оларға мыналар жатады: *диалектикалық әдіс* саяси құбылыстар өзгеріп, дамып отырады, оның бөлшектері мен компоненттері өзара байланысты және ішкі қайшылықты болатынын есепке ала отырып зертейді; *абстрактіліктен (дерексіздіктен) нақтылыққа жету әдісі*; *анализ (талдау) және синтез (жинақтау)*; *индукция және дедукция; талдап қорыту*.

III. Теориялық әдістермен қатар саясаттануда көптеген жаратылыстану ғылымдарынан, кибернетика, элеуметтанудан енген *эмпирикалық (тәжірибелік) әдістер* де қолданылады. Бұларға: *сұрақ-жауап* – саяси мәлімет жинаудың кең таралған әдісі. Ол белгілі бір мәселе бойынша қоғамдық пікірлерді анықтау үшін әңгімелесу, интервью алу, анкета жүргізу формасында жүргізілуі мүмкін; *байқау*, саяси фактілерді тікелей байқауға мүмкіндік береді. Байқау екі тұрғыда жүргізілуі мүмкін: жамана және тікелей. Бірінші жағдайда оқиғалар мен фактілерге араласпай сыртынан жүргізіледі, ал екіншісінде – байқаушының белгілі бір оқиғаға немесе ұйымның қызметіне тікелей қатысуы арқылы оқиғалар мен фактілер анықталады; *статистикалық әдістер* арқылы объектінің түрлі жағдайын бейнелейтін түрлі эмпирикалық мәліметтер жинақталып, жүйеленіп қорытындыланады; *математикалық әдістер* саяси процестерді модельдеуге мүмкіндік береді; *модельдеу әдісі*. Модель – зерттелетін объектінің өзіне тән қасиеттерін бейнелейтін схемалық үлгісі. Модельдеу ғылыми жорамалдарды тексеруге, болжамдар жасауға, белгілі бір саяси құбылыстар мен процестерді түсіндіріп сипаттауға мүмкіндік береді.

Кез келген ғылымның оның даму барысында қалыптасқан негізгі *ұғымдары* – категориялары бар. *Категориялар* дегеніміз әр ғылымның бүкіл құрылымдық табиғатын айқындауда, түсіндіруде қолданылатын негізгі ұғымдар тізбегі. Саясаттанудың категорияларына саяси құбылыстар мен процестердің мәнін білдіретін ғылыми терминдер, сөз тіркестері жатады.

Саясаттанудың басты негізгі категориялары – *саясат* және *саяси* деген ұғымдар болып табылады. Саясаттанудың негізгі ұғымдарына мыналарды жатқызуға болады: саясат, саяси өмір, саяси нақтылық, саяси билік, саяси жүйе, саяси тәртіп, саяси ұйымдар, саяси партия, мемлекет, саяси институттар, саяси қатынастар, саяси объект, саяси субъект, саяси мәдениет, саяси процесс, саяси элеуметтену, демократия, егемендік, құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам, ішкі саясат, сыртқы саясат, саяси сана, саяси идеология, саяси үстемдік, саяси құндылық, саяси нормалар, саяси жанжал, саяси дағдарыс, саяси мінез-құлық, саяси қатысу, саяси плюрализм, саяси элита, саяси жетекші т.б.

Саясаттанудың қоғам алдындағы міндеттері оның қызметінен көрінеді. Саясаттанудың *функциялары (қызметтері)*:

- *танымдық (гносеологиялық) функциясы*, саяси білім қоғамдағы оқиғаларды танып білуге, олардың саяси мәнін, мазмұнын, даму заңдылықтарын түсінуге мүмкіндік береді;
- *бағалау функциясы* – саяси процестерді жан-жақты талдап, саяси жүйе институттарының қызметіне баға береді;
- *болжау функциясы* – саяси саладағы өзгерістерге ғылыми болжамдар жасайды, қоғамдық процестердің даму үрдістерін анықтайды;
- *инструменттік–тәжірибелік функциясы* – саяси тәжірибенің қандай бір жақтарын жетілдіру үшін нұсқаулар жасайды;

- *саяси әлеуметтендіру функциясы* – азаматтық саяси мәдениетті қалыптастыру. Саяси білім адамға саясат әлемінде өзінің ролін түсінуге көмектеседі, саяси тәжірибемен қаруландырады және өзінің құқықтары мен мүмкіндіктерін білуге, сезінуге көмектеседі.

Бақылау сұрақтары:

1. Саясаттану терминінің мағынасы қандай?
2. Саяси ғылым қай кезде пайда болды?
3. Саяси білімдердің дамуындағы үш үлкен кезеңдерді атаңыз?
4. XIX-XX ғасырлар межесінде саясаттануда қалыптасқан зерттеу әдістемелерін атаңыз.
5. Саяси ғылымның Халықаралық ассоциациясы қашан құрылды және ол нені көрсетті?
6. 1948 жылы Халықаралық коллоквиумда анықталған саясаттанудың негізгі мәселелері қандай?
7. Саясаттанудың зерттеу объектісі және мәселесі не? Олардың арасындағы айырмашылықтар қандай?
8. Зерттеу мәселелеріне байланысты саясаттану қандай жеке пәндерден тұрады?
9. Теориялық және қолданбалы саясаттанудың ерекшеліктері, ара қатынасы қандай?
10. Саясаттануды оқып-үйрену не үшін қажет?
11. Саясаттанудың ғылыми зерттеу әдістерін атаңыз.
12. Саясаттанудың категориялары деген не және оларды атаңыз.
13. Саясаттанудың қызметтері қандай?

1.2 Өркениет тарихындағы саяси ойлардың даму кезеңдері.

1. Саяси ойлар, оның ролі мен маңызы. Ежелгі дүниенің саяси ойлары.
2. Орта ғасырлық саяси ойлар: араб-исламдық және батыс еуропалық .
3. Жаңа Еуропалық саяси ой – Қайта өрлеу мен Ағартушылықтан XIX ғасырдағы саяси теориялар мен доктриналар.
4. Қазақ халқының рухани мұрасындағы саяси ойлар.

1.Саяси ойлар, оның ролі мен маңызы. Ежелгі дүниенің саяси ойлары.

Саяси ілімдердің даму тарихы адамзат дамуының үш жарым мың жылдық уақытын қамтиды. Мұндай үлкен уақыт мерзімінде адамдардың өмір сүру жағдайлары, саяси ұйымдастырылуының жағдайлары үлкен өзгерістерге ұшырады, бұл әрине, олардың саяси көзқарастарына әсер етпей қоймады.

Соған қарамастан қай заманның, қай халықтың болса ойшылдарын ойландырған, әлі де ойландыратын жалпы, бәріне бірдей ортақ мәселелер бар. Олардың қатарына негізінен мыналарды жатқызамыз:

- Мемлекет дегеніміз не? Ол адамдар еркімен құрыла ма, әлде жоғарғы күштердің еркімен құрыла ма? Мемлекет көпшіліктің мүддесіне қызмет етеді ме, әлде билік басындағы топтың мүддесіне қызмет етеді ме?
- Мемлекеттің ең жақсы түрі, таңдаулы (дұрыс) формасы бар ма? Мемлекетті басқаруда: көпшіліктің еркіне ме, мұрагерлік монархтардың құқығына ма, байлыққа ма, билеушілердің қабілеттілігіне ме, қайсысына сүйену керек, қайсысын қолдау қажет?

- Мемлекеттің қызметінің, азаматтардың құқығы мен бостандықтарының шегі қандай?
- Әділдік (әділеттілік) деген не? Адамдардың тең болуы немесе тең емес болуы (теңсіздігі) әділетті ме? Әділетсіздікке жол беру керек пе немесе онымен күресу керек пе?
- Құқық дегеніміз не? Ол құдайдың орнатуы ма, әлде ақыл-ойдың бұйрығы ма, әлде билеушілердің жарлығы ма?
- Саясат және моральдың ара қатынасы мәселесі. Мемлекет билеушісі адамгершіліктің, моральдың негізгі қағидаларын ұстануы керек пе, әлде оған оның бәріне жол ашық па, яғни жеке адам үшін –күнә деп есептелінген нәрсе, саясатшы үшін күнә емес пе?

Бұл мәселелер ортақ, әрдайым ойландыратын мәселелер, түрлі нұсқалары болуы мүмкін. Әр кезеңнің, әр ойшылдың өзіндік пайымдаулары болады. Бұл мәселелер әрдайым қайталанатын сияқты, бірақ іс жүзінде олай емес. Тарих - шеңбер бойынша сол күйінде қайталану емес, ол даму.

Аристотель кезінде айтқандай, әрбір ойшылдың көзқарасын дұрыс түсіну үшін оған бүгінгі күн тұрғысынан қарамай, сол ойшыл өмір сүрген кезеңге, жағдайға көңіл аудару тұрғысынан қарау керек.

Саяси ойдың дамуына әсер еткен факторлар ретінде - экономикалық және қоғамдық құрылысты, байлықтың, меншіктің бөлінуін, сонымен бірге бұрыннан бар, қалыптасқан саяси мекемелер мен дәстүрлерді атауға болады.

Саяси ілімдердің қалыптасуы мен дамуы - түрлі әлеуметтік топтар, таптар, ұлттардың арасындағы саяси билік үшін күресті бейнелейді.

Саяси ойлардың қалыптасу және даму тарихын қарастырудың *маңыздылығы* – ең алдымен, саяси ойлар тарихы шеңберінде қазіргі заман саяси концепциялардың маңызды алғы шарттары қалыптасты.

Дүниежүзілік саяси ілімдер тарихы – адамзаттың рухани мәдениетінің маңызды құрамдас бөлімдерінің бірі. Мұнда адамзаттың өткен заманнан бүгінге дейінгі саяси ілімі мен тәжірибесі жинақталған, мемлекет, саясат, бостандық мәселелерінің негізгі қағидалары және ілімдері анықталған.

Ежелгі дүниенің саяси ойларына келетін болсақ, өркениеттің бастамасы ежелгі Шығыс елдерінде және ежелгі Батыс елдері, антикалық дүниеде – ежелгі Греция мен ежелгі Римде пайда болды.

Ежелгі дүние – ең алғашқы ерте таптық қоғамдар мен мемлекеттің қалыптасуы кезеңдегі саяси ойлардың *бірінші бағыты діни-мифологиялық* сипатта болды (шамамен б.з.д. VII-II м.ж.). Мифологиялық дүниетаным бойынша космос, бүкіл аспан әлемі - құдайлардың болуымен және олардың күштері арқылы реттеледі. Жердегі тәртіп - сол жалпы әлемдік, космостық тәртіптің бір бөлігі. Жер бетіндегі әлеуметтік-саяси тіршілік - Көк тәңірінің бұйрығымен жүргізіледі. Сондықтан жердегі тәртіпті адам бұзатын болса, онда ол бүкіл әлемдік үйлесімділіктің бұзылуымен тең болып, бүкіл әлемнің күйреуіне әкеледі деген таным болды.

Саяси - құқықтық көзқарас өзінің алғашқы даму сатысында жеке адами білім, ой ретінде әлі бөлініп шықпай, діни-мифологиялық дүниетанымның құрамдас бөлігі болды. Кейін саяси ойлар мифологиядан қол үзіп, рационалды сипат ала бастады.

Ежелгі дүниедегі саяси ойлардың дамуындағы *екінші бағыт: діни-философиялық көзқарастар*, оның екі ағымы болды: 1) діни ағым; 2)

философиялық - этикалық ағым.

Б.з.д. I м.ж. ортасында Ежелгі Қытайда саяси жағдайлар ойшыл-ғалымдардың зерттеу объектісіне айнала бастады. Ойшылдар мифологиялық идеологиялардан бас тарта бастады. Қытай философы, педагогы – *Конфуций* (551-479 жж.) – ежелгі Шығыстың көрнекті саяси ойшылдарының бірі. Ол мемлекеттің, биліктің пайда болуын құдайдың ісі деген идеядан бас тартып, әлеуметтік-этикалық, саяси ілімнің және патриархалдық-патерналистік мемлекет теориясының негізін салушы болып есептелінеді. Конфуцийдің саяси көзқарастарын «*Пікірлер мен әңгімелер*» деген еңбегінен табуға болады. Б.з.д. I м.ж. басталған бұл идеялар – XX ғ. ортасына дейін қытайлардың көзқарасы мен өмір сүру әдісіне үлкен ықпал еткен, ресми идеология болды.

Оның теориясында мемлекет – үлкен патриархалды отбасы ретінде алынды. Патшаның билігі, әкенің балаға, отбасына билігі сияқты болып, билеушілер мен бағыныштылар арасындағы қарым-қатынас отбасылық қатынастар сияқты, кішілері ересектерге бағынуы тиіс. Конфуций басқарудың аристократиялық концепциясын (ақсүйектердің билігін жақтады) жасады, оның теориясында қарапайым халық мемлекетті басқарудан шеттетілді. Оның саяси идеалы рулық және бай аристократтардың басқаруы емес, мейірімді, білімді, өнегелі, қабілетті ақсүйектердің басқаруы еді. *Меритократия* – қабілеттілер, қолынан іс келетін ақсүйектер басқаруы. Өнегелілік образы бойынша адамдарды мемлекеттік қызметке қою керек. Конфуций ілімі және оның ілімін жалғастырушылар – үстемдік етіп отырған тәртіпті сынау емес, қайта олармен келісу болды. Сонымен бірге мемлекетті басқару принциптеріне - өнегелілікті, мейірімділікті енгізу - сол кездегі Қытай саяси тарихына тән - деспоттық басқару тәжірибесінен, оның теориялық концепцияларынан Конфуцийдің ілімін ерекше етеді. Конфуцийдің саяси этикасы адам өмірінің барлық жағын, тұрмысын қамтыған, жоғарыдағылар мен қоғамның төменгі топтарының арасындағы ішкі азаматтық татулыққа, басқарудағы тұрақтылыққа жетуге бағытталды.

Саяси қатынастарды реттеуде ізгілік, рақымшылық, адамгершілік нормаларына сүйенген Конфуций ілімінде оларға заңдарға сүйеніп басқару қарсы қойылады. Дәстүрлі салт-жоралар, діни-моральдық әдістер арқылы әсер етуді жақтады.

Патша әлеуметтік жағынан аз қорғалған топтарға әкелік қамқорлық көрсетеді, ал оның қол астындағылардың оған еш талап қоюға қақылары жоқ. Себебі, билеуші халық алдында емес, құдай алдында ғана есеп береді. Бұл Шығыс елдерінің тәртібі, саяси ойы-өткен ұрпақтың дәстүр-салтына берік берілгендікті білдіретін.

Ежелгі дүниедегі саяси ойлардың дамуындағы *үшінші бағыт- саяси философия* болды. Оның негізін салушылар – Платон, Аристотель.

Платон (б.з.д 427 – 347жж.) – антикалық заманның ғана емес, бүкіл әлемдік философия, саяси және құқықтық ілімдер тарихындағы ұлы ойшылдардың бірі. Саяси ғылымға қатысты еңбектері – «Мемлекет», «Заңдар», «Саясатшы», «Софист», «Парменид» т.б. еңбектері. «*Мемлекет*» еңбегінде, жалпы саяси іліміндегі басты идея – ізгілікті, мінсіз, халыққа жағымды (идеалды) мемлекет құру идеясы. Антикалық дүниедегі саяси ойларда мемлекет пен қоғам теңестіріле қарастылды, бұл Жаңа дәуірге дейін созылды. Идеалды мемлекет болу үшін көптің мүддесі жекенің мүддесіне қарағанда жоғары тұруы тиіс. Мемлекет адамдарды алаламай, барлығына бірдей қызмет етіп, көпшіліктің мүддесін көздеуі тиіс. Бірде-

бір топтың мүддесі басқаларынан жоғары тұрмауы тиіс. Көпшіліктің мүддесіне негізделген мемлекеттің дұрыс заңдары болуы тиіс.

Жалпы мүдде, барлық топтардың мүддесін көздеу, бұл Платон адамдардың бәрін теңестіреді деген сөз емес. Керісінше, Платонның ізгілікті мемлекеті сатылы. Ол адамдарды еңбек етуіне байланысты үш сословиеге (топқа) бөлді. Жоғары сословиеге билеушілерді (философтарды) жатқызды, себебі олар табиғатынан шындықты, ақиқатты танып білуге мүмкіндігі бар ақыл-ой иесі бола отырып, жалпы игілікті қамтамасыз етуге қабілетті. Келесі сословие – қорғаушылар билеушілердің ой-ниеттерін іске асырады, мемлекетті қорғайды. Платон төменгі сословиеге өндірушілерді жатқызды, олар мемлекетті материалдық жағынан қамтамасыз етеді. Әр сословие қоғамдық сатыда ол орнын біліп, өз ісін атқаруы тиіс.

Адамдарды жіктей келе Платон оларды тым бай немесе өте кедейлікке жібергісі келмеді, себебі мұндайда қоғамда ортақ мүдде орнамайды, мемлекеттің бірлігі бұзылады.

Ізгілікті (идеалды) мемлекеттің келесі белгісі – ақсүйектердің (аристократтардың) басқаруы, мұнда тек қана парасатты, саналы адамдар басқарады. Даналыққа жету қабілеті философтарға ғана тән. Мемлекеттің бірлігін кейбір адамдардың өзімшілдігі, жеке басының қамын ойлаушылығы бұзуы мүмкін. Платон бұл мәселенің шешілуін тұтынуды шектеуден (тек қана нағыз қажетті нәрселер ғана болуы тиіс), билеушілер мен қорғаушылар сословиесі үшін жеке меншік пен семьяның жойылуынан көрді. Платон қоғамдық меншікті қолдап, жеке меншікке қарсы шықты. Өйткені қоғамдағы кикілжіңдерді, дау-жанжал, қайшылықтарды, шиеленістерді туғызатын – жеке меншік деп санады. Жеке меншік қоғамды бай, кедейге бөледі, нәтижеде әр адам өз мүддесін ойлап кетеді.

Платон батыл жоспар ұсынды: алғашқы екі сословиенің жеке меншік, семьясы болмауы тиіс, олар ортақ игілік үшін еңбек етуі тиіс. Сондықтан оларды адамдарды қызықтыратын жеке мүдде, баю жолынан құтқарғысы келді. Сол себепті олардың семьялары ортақ болып, оларды мемлекет өз қамқорлығына алуы тиіс. Әкімдер мен қорғаушылардың өмірін мүлік ортақтығы, ұжымдық (коллективизм) жағдайында ұйымдастыруды ұсынды. Бұл шектеулер өндірушілерге (үш сословиеге) қатысты болмады, бірақ онда да реттеушіліктер болады, оны реттеу әкімдерге тапсырылады. Жеке өмірде, экономикалық өмірде еркіндік берілгені үшін үшінші сословие ел билеу ісіне араласпайды. Платонның ойы бойынша әр сословие өз ісімен ғана айналысса, сонда әділеттік орнап, мемлекет ізгілікті болып қала береді. Алайда билеушілер мен бағынушылардың мінездерінің бұзылуы, басқаруға қабілетсіз сословиелердің билікке дәмелері, ұмтылыстары ізгілікті мемлекеттің ыдырауына және кейін оның мемлекеттің нашар формасымен ауыстырылуына әкеледі. Монархия (патша билігі) немесе аристократия (философтар басқаруы) формасындағы ізгілікті мемлекет тимократияға (жауынгерлер билігі), одан кейін олигархияға (азшылық билігі), Платон оны плутократия – ауқаттылар үстемдігі деп түсіндіреді) мүліктік теңсіздік халықтың наразылығын туғызып, демократияның орнауына әкеледі, ал ол мемлекеттің ең нашар түрі – тиранияға әкеледі.

«Мемлекет» диалогын – коммунистік трактат деп атайды, ал Платонды алғашқы коммунист деп атайды. Бұған негіз бірінші-екінші сословие үшін жеке меншіктің жойылып, ұжымдық (коллективизм) принципінің болуы. Платон адамдарды теңестірген жоқ, керісінше оның коммунизмі сословиелік-касталық

коммунизм болды. Ол теңсіздіке негізделген қоғамның рационалды ұйымдауын мақсат етті.

Платонның ойынша, аристократия - мемлекеттің формасының ең жақсы түрі. Ең нашар түрі – тирания дейді. Демократияны Платон мемлекеттің дамымаған формасы деп қарастырады, халық шешімі әрдайым саналы, даналы бола бермейді, демократиялық процедураларды авантюристер билікке жету үшін жиі қолданып кеткен. Демократияға өзінің қатынасын білдірген философ шексіз еркіндіктің қауіптілігін айтты, еркіндік шексіз болса, одан қатал құлдық пайда болады деді. Бұл болжамның дұрыс екендігін дәлелдейтін тарихта мысалдар жеткілікті.

Өмірінің соңында Платон «Заңдар» деп аталған ірі саяси еңбегін жазды. «Мемлекеттегі» идеал іс жүзіне аспайтынын түсініп, келісімге келіп, өзгерістер енгізді. «Мемлекетте» ол әкім-философтардың данышпандығына (аристократиялық принципті жақтаған болса) сүйенсе, ал «Заңдарда» билікті жүргізуде үлкен роль – заңдарға беріледі дейді. Платон кезінде Грецияда демократия құлдырап, өз әлсіздігін көрсеткен еді.

Платонның саяси ойға қосқан үлесі: жалпының мүддесі, жалпының игілігі – саяси бірігудің негізі; жеке меншік - әлеуметтік қайшылықтар мен шиеленістердің себебі деген ойы; мемлекет формаларын, олардың қайталану заңдылықтарын дәл анықтау, саяси ұйымдасудың маңызды атрибуты – заң екенін мойындау.

Оның саяси ойларының жағымсыз жақтары: касталық және аристократиялық билікті идеалдандыруы, теңсіздікті жақтауы, жеке адамның құқықтарына көңіл аудармауы, өмірдің барлық жақтарын қатал белгілеу. Философ, саясаттанушы Поппер Платонды тоталитаризмнің идеялық бастаушыларының қатарына жатқызады.

«Саясатшы» диалогында мемлекеттің алты формасын көрсетеді:

монархия - заңға негізделген патша билігі; *тирания* – заңға негізделмеген монархия; *аристократия* – заңға негізделген топтың (азшылықтың) билігі; *олигархия* – заңға негізделмеген топтың (азшылықтың) билігі; *демократия* – заңға негізделген көпшілік билігі; *охлократия* – заңға негізделмеген көпшілік билігі.

Аристотель (б.з.д. 384-322жж.) - Платонның шәкірті, әрі сыншысы. Аристотельдің аты тарихта Платонның ізбасары ғана емес, онымен тең, тіпті одан асып түскен философ ретінде қалды, саяси ойлардың дамуына үлкен үлес қосты.

Аристотель – жоғарғы күштерді, құдайды жоққа шығарған жоқ, бірақ ол оған онша көңіл аударған жоқ. Ол жердегі мәселелерге көп көңіл бөлді, сезім мүшелері арқылы қабылданған нәрселер табиғи деді. Аристотельді – саясаттанудағы салыстырмалы әдісті қолданудың «әкесі» деп атауға болады. Аристотель саясатты эмпирикалық зерттеу пәні етті. Өз оқушыларымен 150-ден астам мемлекеттік құрылыс түрлерін зерттеп, талдап, салыстырды. Кейінгі ғасырларда классикалық деп саналып кеткен мемлекет формаларының топтамасын жасады. Аристотель - саяси ғылымның негізін қалаушы.

Аристотельдің саяси көзқарастарын «Саясат», «Афиналық политика», «Этика», «Риторика» т.б еңбектерінен білеміз. Аристотель тұңғыш рет саясат ғылымы туралы талдау жасауға талпыныс жасады. Аристотель саясатқа біздің түсінігімізден кең мағына берді. Оған этиканы да, экономиканы да енгізді. Саясатты адам мен мемлекеттік жоғарғы игілігі, саясат пен этиканың мақсаты бір – адамдарды, мемлекетті жақсы тұрмысқа, молшылыққа, бақытқа жеткізу деп білді.

Аристотель ойы бойынша мемлекет – табиғи даму өнімі. Оның негізіне адамдар қажеттілігі алынған. Адам саяси жануар дегенді Аристотель айтқан. Оның мәні – қоғамдық адам жалғыз өмір сүре алмайды, ол өзі сияқтылармен қатынас жасауы керек, олармен бірігуі тиіс. Адамдар бірігуінің бірнеше сатылары : 1) семья; 2) кеңейген семья – қандас туыстардың бірнеше ұрпағы; 3) деревня немесе село; 4) полис – бірігудің жоғарғы формасы. Полистің мақсаты – адамдар игілігі.

Аристотель құлиеленушілікті қолдады, құлдық – табиғи және міндетті түрде болатын нәрсе. Аристотель басқару формаларын анықтау үшін екі өлшемді қолданды. Мемлекеттің формасы билеушілер санымен анықталды: біреу, топ (азшылық) және көпшілік. Сапалық өлшемнің негізгі принциптеріне заңдылық және жалпының игілігі алынады. Осы принциптерге негізделген мемлекет формаларын Аристотель дұрыс мемлекет, ал оған қарама-қарсы, яғни билеушілері заңды бұзып, тек қана өз мүдделерін ойласа, бұл – бұрыс мемлекет деп көрсетті. Мұндай анықтаулар Платонда да кездесті, алайда Аристотель ұстазының жобасына өзгерістер енгізді. Бір адамның жағымды билігі, бұл – *монархия*, ал оның бұзылған түрі – *тирания*. Ізгілік пен тәрбиеге негізделген азшылықтың билігі – *аристократия* – «ең таңдаулы адамдардан құрылған үкімет». Оның бұрмаланған түрі – *олигархия* – байлыққа және тұрғындардың көпшілігін биліктен шеттеуге негізделген билік. Дұрыс мемлекеттің үшінші формасы ретінде Аристотель *полития* немесе *конституцияны* көрсетеді, ол заңды мойындайтын көпшіліктің билігі. Оған *демократия* қарсы қойылады, бұл билікте басқарумен айналысуға қажетті тәрбиесі мен қасиеттері жоқ кедейлер үстем болады.

Аристотельдің кейінгі кезеңдердегі саяси ойларға ықпалы күшті болды, оның демократияны басқарудың «нашар» формасы ретінде бағалауы Жаңа дәуірге дейін созылды. Алайда Аристотельдің өзі демократияны қарастырып, оның бес түрін көрсетті. Ойшыл заңдарды орындамайтын, демагогтар билейтін демократияның шектен шыққан түрін сынады. Сонымен бірге оның политияны заңға негізделген көпшіліктің билігі түрінде сипаттау белгілі бір дәрежеде қазіргі заманғы демократия туралы түсініктерге сәйкес келеді.

Аристотельдің көптеген идеялары оның атақты ұстазы Платонның позицияларына қарама-қарсы болды. Ол Платонның “Коммунистік жобасын”, ондағы жеке меншік пен семьяны жою туралы идеяны сынады. Аристотельдің ойы бойынша мүлік теңдігі адам табиғатына тән емес, ал жеке меншік табиғи, адам табиғатына тән. Бұл адамдарды еңбекке, кәсіпке, баюға ынталандырады. Азаматқа пайдалы нәрсе полиске де пайдалы. Адамдар бай болса, ортақ мүдде – мемлекет те бай.

Ал егер қоғамдық меншік болса, керісінше, ол табиғи емес, адам табиғатына тән емес. Жалпы мүдде ешкімді қызықтырмайды, жалқаулықты туғызуы мүмкін, біреудің еңбегін пайдалануға бейімдеуі мүмкін. Аристотельдің коммунистік идеяны сынауы, жеке меншік туралы ойы бүгінгі күнге дейін маңызын жойған жоқ.

Сонымен бірге Аристотель қоғамдағы шамадан тыс мүліктік жіктелістің қауіптілігін ескертті, ол кедейлердің байларға қарсы бүліктеріне және қоғамдағы тұрақсыздыққа әкеледі. Бұдан жеке меншікті жою арқылы емес, жеке меншікті салыстырмалы түрде теңестіріп, орта топты қалыптастыру арқылы шығуды ұсынды. Оның ойынша политияда не тым кедей, не тым бай емес орта жағдайдағы адамдар үстем болады, бұл қоғамдық теңдік пен саяси тұрақтылыққа әкеледі. «Орта элемент» туралы данышпандық болжамы тұрақты демократиялық

режимдердің әлеуметтік негізі болып табылатын қазіргі заманғы «орта тап» теориясында өз жалғасын тапты. Аристотельді орта таптың идеологы деп те атайды.

2. Орта ғасырлық саяси ойлар: араб – исламдық және батыс европалық. Орта ғасырдағы феодалдық кезеңде саяси ойдың қалыптасуы мен дамуына орта ғасырлық философия тәжірибесі мен схоластика едәуір ықпал етті. Схоластика – ақыл-ойға діни сенімнің үстемдігін жүргізудің заңдылығын дәлелдеуге тырысты. Сонымен бірге ол христиан діні арқылы феодалдық қоғамдағы қарым-қатынастарды, олардың қайшылықтарын, мемлекеттік биліктің үстемдігін заңдастыруда схоластиканың басты мәселесі - құдайдың ақиқат екендігі мен жанның мәңгілігін дәлелдеуге ұмтылды. Осыдан келіп, мемлекеттің және билеушінің іс-әрекеттері мен қызметі дінмен, құдай ісімен байланыстырылды.

VIII – XVI ғасырларда Араб Шығысы саяси-философиялық ойдың орталығына айналды. Жалпы араб-мұсылмандық дүниетаным мен ғылым, ең алдымен батыстық ортағасырлық христиандық, схоластикалық философияға, кейінірек жаңа дәуір мәдениетіне өзінің зор ықпалын тигізді. Осы кезеңде бүкіл әлемдік мәдениетке белгілі болған *Әл-Кинди, Әл-Фараби, Ибн Сина (Авиценна), Ибн Рушдт* және т.б. ғалымдар шықты. Мұсылмандық құқықтық-саяси теориядағы басты мәселе – мұсылмандық билік пен басқарудың арнайы түрі – халифаттық өзара байланыстар аспектілерінің мәні туралы болды.

Орта ғасырдағы Батыс Европадағы саяси ойдың ерекшелігі – оған христиан діні мен рим-католиктік шіркеуінің едәуір ықпал етуі болды. Орта ғасырлық саяси ойлардың бүкіл тарихында рим-католик шіркеуі мен Рим папасы және феодалдар мен монархтар арасында қоғамдағы билік үшін қиян-кескі күрес үздіксіз жүріп отырды. Шіркеу идеологтары мемлекеттің қуаттылығы шіркеудің қамқорлығының нәтижесі деп түсіндірді. Осыдан келіп христиан дінінде мемлекеттердің христиан шіркеуіне бағыну міндеттілігі пайда болды. Христиан дінінің идеологтары – А.Августин және Ф.Аквинский болды.

Аврелий Августин – христиандықтың ерте кезеңіне жатады (IV-Vғ.). Оның саяси көзқарастары атақты еңбегі – *«Құдайшылдар қаласында»* баяндалған. Августин көзқарасы христиандық мистика (түсініксіз, жұмбақ) мен аңыз мифологияға негізделді. Адамзат тарихы – құдайға белгілі, адамға белгісіз, құдайдың алдын-ала белгіленген жоспарына бағындырылған. Августиннің ойы бойынша, адамдар қаласы әрқашанда екіге бөлінді: біріншісі, *«жер қаласының» тұрғындары*, яғни адам жолымен жүретіндер. «Жер қаласындағы» адам жасаған әлеуметтік, құқықтық, мемлекеттік мекемелер адамның күнәһарлығының нәтижесі. Құдай адамға ерік береді, яғни ол өз бетімен күнәһар. Сонымен бірге адамның құдай жолымен өмір сүруге мүмкіндігі бар, олар *«құдайшылдар қаласының» тұрғындары*, яғни құдай жолымен жүретіндер. «Жер қаласы» адамның күнәһар табиғаты нәтижесінде үстемдік, бағындыру, құлдық қатынастары негізінде құрылған. Мұндағы адамдар өзін жақсы көру, құдайды жек көрумен өмір сүреді; ал екіншісі құдайды сүю, оны жоғары қою, рух бойынша өмір сүреді. Августин үмітін осы «құдайшылдар қаласының» тұрғындарымен байланыстырады. Алдын ала анықтау идеясы бойынша, Августин антикалық авторлардың *адамдар* табиғи эволюция барысында *мемлекетке бірігеді* дегенін қолдады, бірақ *бұл процестер – құдай еркі бойынша жүргізіледі* дейді. Корольді адамдар жақсы қасиеттері бойынша, қоғамдық келісім арқылы билікке қояды. Құдай адамдарды қоғамға бірігуге, саяси билікті қажетсінуге бейім етіп жаратқан.

Биліктің формасын адамдар өздері орнатады. Билікті өз меншігім деп есептеу-қателесу болып табылады, билік мақсаты – әділдікті, бейбітшілікті, билеушілер мен бағынушылар арасындағы келісімді қамтамасыз ету.

Мемлекет формаларына Августин мән бермеді. Кез-келген мемлекет формасы егер құдайды және адамды сыйласа, әділеттілікті, дінді сыйласа, ол жақсы болмаса да шыдауға, көнуге болады, яғни ол формада өмір сүруге болады.

Августин құлдықты жақтады. *Шіркеу мен мемлекеттің, діни билік пен азаматтық биліктің ара қатынасы* – Августиннің қараған маңызды мәселесі болды. Шіркеу мен мемлекеттік билікті бөлу идеясы Августинде күшті көрінді. Оның пікірі бойынша шіркеу мен азаматтық билік екеуі әртүрлі, әрқайсысы – егемен, тәуелсіз, бір-бірінің ісіне араласуы – қауіпті. Алайда олар өзара әрекет етуі тиіс. Мемлекет шіркеуді оның жауларынан қорғауы тиіс, ал шіркеу, өз кезегінде азаматтарды тәрбиелеуі тиіс. Шіркеу билігі – Августиннің ойы бойынша жоғарғы билік, себебі жердегі рухани сала жердегі азаматтық саладан жоғары. Бірақ Августин де билеушінің - король, императорлар билігін папа билігімен, діни билікпен біріктіру туралы ой жоқ. Оның іліміндегі негізгі ой – екі билікті бөлу идеясы болып, Августин олардың егеменділігін жақтағанымен, екі қаланы екі түрлі сапада негіздеу іс жүзінде рухани билікті азаматтық биліктен жоғары қойды. Кейін папа билігі басқа позицияға көшті. Ол өзін дүние жүзінің билеушісімін деді. Папа өз билігін - күнге, король билігін - айға теңеді. Бұл үрдіс «саяси августинизм» деп аталды.

Оның беделі XIII ғасырда теологияның келесі бір жарығы - Фома Аквинский белгілі болғанға дейін асқақтап тұрды.

Фома Аквинский (XIII ғ.). Мемлекеттік биліктен шіркеудің рухани үстемдігі идеясы ірі католиктік теолог Фома Аквинскийдің еңбегінде одан әрі дамытылды. Негізгі еңбегі *«Теология жиынтығының»* бір бөлімі арнайы заңдарға арналған. Сонымен бірге саяси көзқарастары «Билеушілердің басқару туралы», Аристотельдің «Саясат», «Этикаларына» комментарийлерінде көрінеді. Еңбектерінде мемлекет, заң, құқық мәселелері қаралды.

Фома Аквинский – схоластиканың ірі өкілі болды. Бұл кезде христиан діні тұрақты дінге айналды. Христиан идеологиясы қатаң формаға келтірілді. Догмалық, формалдық ілім – қасиетті жазулардың ресми мойындалған беделіне негізделген ілім жасалды. Философия діни ілімнің қызметшісіне айналды.

Кез-келген діни көзқарас сияқты, Фома Аквинскийдің ілімі *дүниенің негізін салған құдай* деген идеяға негізделген. Ол католиктік теология мен философияны синтездеп, заңдар теориясын жасады. Фома Аквинский заңды төртке бөлді: мәңгілік заң, табиғи заң, адамдық заң, діни заң.

- *мәңгілік заң* – ең жоғарғы заң. Ол құдай даналығы және ол бүкіл дүниедегі іс-әрекеттерді басқару құралы;
- *табиғи заң* – бұл жер бетіндегі адамдарға түсірілген заң, мәңгілік заңның адам ақылындағы көрінісі. Табиғи заңдарға қоғамдық өмір заңдары, өзін-өзі сақтауға және тұқымды жалғастыруға тырысуы жатады;
- *адамдық заң* – табиғи заңды талап ету және оны күшпен енгізу, тұрақтандыру. Адамдар күнәһарлықтың нәтижесінде ерікті, адамдық заң жер бетіндегі адамдарды зұлымдық пиғылдардан арылту үшін, бейбітшілікті сақтау үшін қажет деп көрсетеді;
- *діни заң* – мәңгілік заңның бір бөлігі, яғни өсиет пен парыздар жиынтығы. Үш заң: діни, табиғи, адамдық заңдар – мәңгілік заңға апаруы

тиіс.

Концепцияның мәні – адамдық заң бастапқыда құдайдың даналығы және еркі арқылы пайда болған, сондықтан феодалдық заңды (адамдық заңды) бұзған адамды күштеу, жазалаумен бірге, бұл – құдай даналығына қарсы шығу – ауыр күнә болып табылады.

Фома Аквинский Аристотельдің адам саяси тірі жәндік деген пікірін пайдаланды. Жалғыз адам өз мұқтажығын, қажеттілігін жеке –дара қанағаттандыра алмайды. Мемлекеттік биліктің мақсаты – «ортақ игілікке», адамдарға лайықты өмір сүруге жағдай жасау.

Фома Аквинскийдің ойынша билік құдайдың құдіретімен орнайды, алайда оның нақты формалары құдай еркіне қайшы болуы мүмкін: билеушілер Христос өсиеттерін, әділеттілікті, жалпы игілікті ұмытады. Бұндай жағдайда күнәһар билікке шіркеудің қарсылық білдіруге құқығы бар.

А.Августин мен Ф.Аквинскийдің ілімдерін ортағасырлық католицизм мемлекеттік биліктен шіркеудің басымдығын, Рим папасының монархтарды тағайындауы және алмастыруға құқығын негіздеу үшін қолданды. Бұл идеялардың іс-жүзіне асуы мемлекеттік және шіркеулік билік арасындағы жиі соғыстарға әкелді.

3. Жаңа Европалық саяси ой - Қайта өрлеу мен Ағартушылықтан ХІХ ғасырдағы саяси теориялар мен доктриналар. Қайта өрлеу және Реформация - батыс Европалық кейінгі орта ғасырдың ірі және маңызды жаңалықтары. Бұл феодалдық дәуірге жатқанына қарамастан, әлеуметтік-тарихи мәніне байланысты антифеодалдық, ертебуржуазиялық қатынастар, ортағасырлық дүниені бұзған кезең болды. ХІV-ХV ғасырдарда Италияда, кейін басқада европалық елдерде қайта өрлеу дәуірі басталды. Қайта өрлеу дәуірінде адам мәселесі, оның мемлекетпен арақатынасы саяси ілімде маңызды орын алды. Қоғамдық санада бұл бағыт «гуманизм» деп аталады. Жаңа буржуазиялық идеологияны жасау үшін антикалық дәуірдің үлгілерін, идеалын пайдаланғандықтан, бұл бағытты «*Қайта өрлеу*» деп те атайды. Бұл дәуірде мемлекет шіркеудің ықпалынан арылып, қазіргі заманғы мемлекеттердің қалыптасу процесі жүрді. Қайта өрлеу дәуірінде саяси ойдың дамуына үлес қосқандар – Н.Макиавелли, Т.Мор, Ж.Боден т.б.

Николо Макиавеллидің саяси көзқарастарын «*Патша*», «*Тит Ливийдің бір-онкүндігі туралы ойлар*», «*Флоренция тарихы*» еңбектерінен білеміз. Н.Макиавеллидің еңбектері жаңа дәуірдің саяси идеологиясының бастамасын жасады. Макиавеллиді көбінесе саясатқа прагматикалық тұрғыдан қараудың негізі болған нақтылық (реалистік) бағытың негізін салушы деп атайды. Н.Макиавелли «Патша» еңбегінде мемлекетті құру, сақтау, кеңейту және саяси билікті иелену және сақтау туралы кеңестер береді.

Н.Макиавелли орта ғасырда үстем болған діни көзқарасқа қарсы болды. Ол үшін негізгі бедел (шындықтың белгісі) –діни соқыр сенім емес, тарих, рационалды саяси талдау, тәжірибе деп білді. Н.Макиавелли орта ғасырға да, антикалық дүниеге де тән емес ой айтты: *мемлекеттегі процесстер, саяси құбылыстар, өзгерістер* формасының ауысуы құдай еркімен емес, адамдардың фантазиясы арқылы емес, объективті түрде, құбылыстардың *объективті табиғи дамуы арқылы* болады деді. Жердегі тәртіпті құдайдың алдын ала анықтайды дегенге сынай қарады, адамдардың мүмкіндігіне, тағдырына сенді. Адамдарды шынайы тұрғыдан алып қарастырады. Адамдар қандай болуы тиіс дегенге емес, адамдар қазір іс жүзінде қандай, сол жағына көңіл бөледі.

Дін Н.Макиавелли үшін жоғарғы білім, бедел емес, ол саяси факт, бұл фактіге көңіл аударып, талдап, оны қолдау керек. Ол діни ілімнің ақиқаттығына емес, оның қоғамдағы роліне көңіл аударды.

Н.Макиавелли жаңа дәуір қарсаңында алғаш рет мемлекетке «адамдық көзбен қарады», бұл оған Аристотельден кейін саяси ғылымның негізін қалаушылардың бірі ретінде атақ әкелді. Адамдардың табиғаты мәңгі, яғни саясат принциптері де мәңгі. Дүниенің негізі, орталығы құдай емес, адам деген пікір айтты.

Н.Макиавелли алғаш болып «*мемлекет*» терминін (итальян тіліндегі «*stato*») енгізді, мемлекет – саяси ұйымдасқан қоғам. «*Республика*» сөзін алғаш рет қазіргі түсінікте енгізді. Макиавелли бойынша мемлекеттің жақсы формасы – монархия, аристократия, демократияның аралас түрі дейді.

Н.Макиавеллиге дүниежүзілік даңқ әкелген «*Патшпадағы*» саясат пен моральдың арақатынасы туралы мәселе болды. Ол – *макиавиллизм* деп аталды. Макиавелли формуласы – «*Мақсат – әдіс, тәсілді ақтайды*». Саясатқа әділдік, адамгершілік тұрғысынан емес, алға қойған мақсат тұрғысынан қарады. Мақсатқа жету үшін амал, айланың қай түрін болса да, қолдануға кеңес береді. Мемлекетті біріктіру, сақтау, жаңарту үшін сөзге түсінбейтін кертартпалармен күресте жауыздық пен күшті пайдалануға болады, түлкі де арыстан да бола білу керек. Бұл мәселе – саясат пен моральдың ара қатынасы мәселесі – саясаттанудағы мәңгі тақырыптардың бірі. Саясатта адамгершіліктік емес құралдарды қолдануды жақтайтын бірден-бір мақсат, бұл – мемлекетті құру және сақтау деп қарастырды. Н.Макиавеллиге дейін ойшылдар билікті - әділеттіліктің, адамдардың жағдайын жақсартудың, азаттық, еркіндіктің құралы деп қараса, ал Н.Макиавелли билікке жетудің, сақтаудың және оны кеңейтудің құралдарын анықтады. Билікті мораль, дін, философиядан бөлді.

Жаңа дәуірдегі саяси ойлар. Европадағы жаңа дәуір – буржуазиялық революциялар дәуірі және өнеркәсіп төңкерісі мен саяси қайта құрулар негізінде капитализмнің даму кезеңі болды. Жаңа дәуірдің басталуы сананы буржуазиялық революцияға дайындаған Ағартушылық идеологиясының қалыптасуымен байланысты. Идеология адам санасы өмірдегі бар заңдарды танып білуге және қоғамдық қатынастардың бүкіл жүйесін индивидтің азамат ретінде және оның мемлекетпен қарым-қатынасының сипатына үлкен көңіл аудара бастайды. Дәуірдің көрнекті саяси ойшылдары – Т.Гоббс, Дж. Локк, Ш.Монтескье, Ж. Руссо және т.б.

Томас Гоббс (1588-1679) – ағылшын ғалымы, ірі философ-материалисті. Екі атақты ағылшын ойшылдары Т.Гоббс пен Дж. Локктың - саяси позициялары қарама-қарсы болды. Гоббс шексіз мемлекеттік билік - абсолюттік монархияны жақтаушы, ал Дж. Локк адамның табиғи құқықтарын, халықтың егемендігін, биліктің бөлінуін жақтаушы. Т.Гоббстың саяси көзқарасы – «*Азамат*», «*Левиафан немесе материя, форма және мемлекеттік, иіркеулік, азаматтық билік*» деген еңбектерінен көрінеді. Гоббс – ғылымды діннен бөлді. Теология – сенімді зерттейді, ғылым дегеніміз – табиғаттың, қоғамның заңдары туралы, тәжірибеге, ойға сүйенген білімдер жиынтығы. Дін – көзге көрінбейтін күш алдындағы қорқыныш, адамдардың ойлап табуы. Бұл – сол кезең үшін батыл айтылған ой еді. Гоббс – атеист болды. Сонымен бірге дін қоғамда азаматтық тәртіп орнату үшін, халыққа ықпал ету құралы ретінде пайдалы деген тұжырым жасады. Дін туралы көзқарастары Макиавелли көзқарастарына ұқсас. Шіркеу

мемлекеттік билікке бағынуы тиіс, ол мемлекеттік билікке араласпауы тиіс деді.

Негізгі ойлары – *жоғарғы билік және ізгілікті мемлекеттің идеясы*. Билік – құдай сыйы, еркі дегенді мойындамай, биліктің көзі *қоғамдық келісім* деді. Адамдар қоғамдық дамудың белгілі бір сатысында қоғамдық келісім жасап, олар өздерін басқарудың табиғи құқығын келісім арқылы монархқа берді, ал халық өз кезегінде монархқа бағынып, өз еркіндігін шектеуге көнеді. Бірақ Гоббс бойынша монархтың - қоғамдық келісімге қатысы жоқ, сондықтан оның билігі шектелмеуі тиіс. Монархия (абсолюттік) – биліктің ең қолайлы түрі. Билеушінің құқығы және бағынушылардың міндеткерлігін көрсетті. Егер билеуші өз функцияларын орындамаса халық, яғни бағынушылар оны тақтан құлата алады. Гоббс Англиядағы монархиялық билікті жақтау үшін өз саяси теориясын жасады.

Джон Локк (1632-170) ағылшын философы, саяси ойшылы, либерализмнің негізін салушы. Саяси көзқарастарын *«Мемлекеттік басқару туралы екі трактат»* еңбегінен көруге болады. Гоббс абсолюттік монархияны жақтаса, ал Локк оған қарсы шықты. Локк *либералистік принциптер*, «жеке адам», «қоғам», «мемлекет» деген түсініктерді бөлді, талдады. Қоғамнан, мемлекеттен жеке адам және оның құқығын жоғары қойды. Локк бойынша, адамның туғаннан табиғи құқықтары болады, бұл – өмір сүруге, бостандыққа, меншіктенуге құқықтары. Жеке меншік адамның табиғи құқығы, ол адамға және оның отбасын қажетті нәрсемен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Жеке меншік абсолюттік құқық емес, еркін қоғамға жету құралы деп есептелді.

Гоббс сияқты, мемлекетті адамдар өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қоғамдық келісім арқылы құрды деген пікірді жақтайды. Азаматтар мемлекетке өздерінің шынайы құқықтарын береді, ал оның орнына мемлекет оларды қорғайды, құқықтарына кепілдік береді. Мемлекет қызметі тек қана сот жүргізуімен шектелуі тиіс, қоғамның басқа салаларына мемлекет араласпауы тиіс деді. Сонымен бірге Локк абсолюттік монархияға қарсы шығып, биліктің бөлінуін жақтады.

Шарль Монтескье (1689-1755) – француз саяси философы. Ең алғашқы саяси шығармалары: *«Парсы хаттары»* (1721), *«Римдіктердің өрлеуі мен құлауының себептері туралы толғаныстар»* (1734), *«Заңдар рухы туралы»* (1748), *«Заңдар рухын қорғау»* (1750).

Ш.Монтескье өз еңбектерінде мемлекеттің құрылуын – объективті, тарихи процесс деп қарауға тырысты. Мемлекет пен қоғамды бөлген ойшылдардың бірі. Мемлекет туралы ілімінде қоғам мен мемлекет бірге пайда болған жоқ. Мемлекеттің негізгі мақсаты – адамдар арасындағы қайшылықтарды заңдар арқылы шешу, көнбейтіндерді күштеп бағындыру деп тұжырымдайды. Ол *қоғамдық келісім теориясын* жақтады, бірақ Гоббс сияқты екі жақтың – билеушінің құқығы және бағынушылардың міндеткерлігі мен бағынуы тұрғысынан емес, қоғамдық келісім деген – мемлекеттік заңға негізделген адамдар арасындағы келісім деп тұжырымдады.

Саяси ойға қосқан екінші қосқан үлесі – *билікті бөлшектеу теориясы*. Британ саяси жүйесін талдай отырып, билікті бөлу механизмін жасады. Саяси билікті адамдар әрқашанда теріс пайдаланып, өз жеке бас пайдасына пайдалана бастайды (бұл адамның табиғатынан туындайды). Сондықтан заңның жоғарылығын қамтамасыз ету үшін, шексіз билікке жол бермеу үшін – билікті былайша бөлу қажет: заң шығарушы, атқарушы, сот билігі. Бұл биліктің түрлері бір-бірін тежеп отыруы тиіс. Биліктің бөлінуі түрлі сословие арасында жүруі

керек. Бір сословиенің қолында үш билік болмауы тиіс. Заң шығарушы билік – парламентке халық өкілдерін сайлайды. Атқарушы және сот билігі оның заңдарын жүзеге асырады, орындайды. Монтескье - конституционализмнің негізін салушы болып есептеледі.

Жан-Жак Руссо (1712-1778) – радикализмнің негізін салушы, Женевада дүниеге келген ұлы француз философы, саяси ойшылы. Негізгі еңбектері – «Қоғамдық келісім», «Адамдар арасындағы теңсіздіктің шығуы мен негіздері туралы толғаныстар». Бұл шығармалары оның саяси көзқарасын түсінуде маңызды. Руссо бойынша, алғашқы мемлекетке дейінгі кезеңде адамдар өзара тең құқылы болған. Ал қоғамдық өмірдің дамуына байланысты, адамның өз өмірін жақсартуға ұмтылуынан, жерді игеруімен бірге жеке меншік, байлыққа ұмтылу, теңсіздік қалыптасып, қайшылықтар туды. Жеке меншік - бақытсыздықтың негізі. Алайда Руссо *жеке меншікті* түгел жоққа шығарған жоқ, ол *адамға керекінше болуы керек*. Адамда тым кедей де емес, тым бай да емес болатындай жеке меншігі болуы тиіс деп тұжырымдады. Бұл антифеодалдық ғана емес, сонымен бірге енді қалыптаса бастаған антибуржуазиялық сипаттағы ой болып табылды. *Қоғамдық келісім – алдау арқылы байлардың кедейлерге өз мүдделерін таңуы болды*. Байлар өз мүдделеріне сай ережелерді заңдастырды, нәтижесінде кедейлер мүддесі ескерілмеді, олар алдауға түсті. Сондықтан Руссо, *мемлекет – адамның ақыл-ойының жемісі ретінде ғана емес, алдау-арбау нәтижесінде құрылған* дейді. Ол мемлекетке байлардың үстемдігі, кедейлердің қаналуының формасы мен құралы деп *элеуметтік сипаттама* береді. «Қоғамдық келісім» деген еңбегіндегі негізгі идея - *халық егемендігі* идеясы. Алданған халық өз еркіндігін жоғалтады. Сондықтан мемлекетке бірігуде өз еркіндігін жоғалтпауы үшін халық не істеуі керек? Жоғарғы билік халыққа тиісті болуы керек. Биліктің көзі – халық.

Ж.-Ж.Руссоның саяси ойға қосқан үлесі – халық егемендігі, элеуметтік мәселенің қойылуы, халықтың құқығы жағынан ғана емес, элеуметтік жағынан да тең болуы керек деген ойлары. Руссо өз еңбектерінде еңбекшілердің, шаруалардың, қолөнершілердің мүддесін көздеген идеолог болды. Жеке мүддеден ортақ мүдде жоғары тұруы тиіс. Бұл жерде ол Платонның мемлекет туралы дәстүрін жалғастырды.

4. Қазақ халқының рухани мұрасындағы саяси ойлар. *Әбу Насыр Әл-Фараби* - аса көрнекті саяси ойшылдардың бірі. Саясаттануға байланысты «*Рақымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы*», «*Азаматтық саясат*», «*Бақытқа жету жолдары*», «*Саясат туралы*» деген еңбектері бар. Әл-Фарабидің ілімінде қоғамдық құрылыс және мемлекетті басқару мәселелері ерекше орын алады. Әл-Фарабидің ойынша қоғамдағы бар қиыншылықты жеңетін, бақытқа жеткізетін - ақыл парасат, адамның ақыл-ойы. Сондықтан адам аянбай, тынбай ғылымды, білімді игеруі керек. Әл-Фараби алғашқылардың бірі болып адамдарды ардақтап, асқақтаты. Ұлы дана халықтар достығы насихаттады. Әл-Фарабидің ғылыми негіздемелері - Орта Азияның ұлы ғұламалары саналатын - Әбу Әли Ибн Сина, Әбу Райхан әл-Бируни, Жүсіп Баласағұни, Махмуд Қашқари, Қожа Ахмет Яссауи сияқты саяси ойшылдардың ғылыми көзқарастарының қалыптасуына әсер етті. *Жүсіп Баласағұни* - ақын, философ, қоғам қайраткері. Негізгі еңбегі – энциклопедиялық еңбек болып табылатын поэма «*Құтадғу білік*» («Бақыттылық жайлы ілім»). «*Құтадғу білікте*» мемлекетті орталықтандыру, оның бірлігі, мемлекетті басқару мәселелеріне басым көңіл бөлінген. *Махмуд Қашқари* – Қарахан мемлекетінде өмір сүрген, ірі ғұлама, әдебиетші, саяхатшы, тарихшы,

ойшыл, түрколог-ғалым. «*Түркі тілдерінің сөздігі*» атты атақты еңбегінде адамдар арасындағы адамгершілік, этика мәселелерін де сөз етіп, ел билеуде ақыл парасатты, әдепті, кішіпейіл болу керек деген. *Қожа Ахмет Яссауи* – түркі дәуіріндегі ірі ойшылдардың бірі, бүкіл түркі жұртын татулыққа, имандылыққа, ізгілікке, рухани тазалыққа үндеген ұлы әулие. Басты еңбегі - «*Диуани хикмет*» («Даналық кітабы») түрік тілінде жазылған рухани және гуманистік бағыттағы кітап. Ойшыл адам және қоғам мәселелеріне көңіл аударған.

Зар заман ақындары. XIX ғасырда Қазақстан Ресейдің отары бола бастады. Қоғамда болып жатқан өзгерістерге өзіндік көзқараста болған және оны сол бағытта жырлаған ақындарды М.Әуезов «Зар заман» жыршылары деп атаған болатын. Тарихшы М.Қойгелдиев – отаршылдық бұғауына мықтап байланған халықтың мұң-мұқтажы мен қайғы-қасіретін жырлаушыларды «Зар заман мектебінің ойшылдары» деп атады. Қазақ халқының тәуелсіздіктен айырылып, қазақ жерінің тонауға түскен – отарлау саясатының ең күшейген кезеңін зар заман мектебінің ақындары торығу, сары уайымға салыну сарынымен жырлады. Ақындар – Шортанбай, Дулат, Мұрат – XIX ғасырдағы қазақ өміріне тән барлық құбылыстарды аяусыз сынады. *Д.Бабатайұлы* (1802-1874) «Қазаққа деген толғауы», *Ш.Қанайұлы* (1818-1881) –«Зар заман» өлеңдерінде сары уайымға салына бермей, патша өкіметінің отаршыл езгісіне қарсы күреске шақырды.

XIX ғасырда *ағартушылық идеология* дамыды. *Ш.Уәлиханов* - ұлы ғалым, ағартушы – демократ, саяхатшы-этнограф. «*Сот реформасы жайындағы хат*» деген еңбегі бар. Ш. Уәлиханов шексіз билікке қарсы болды, билікті халық еркімен шектеу керек деді. Қоғамдық құрылысты жаңарту жолы реформа деді, қазақ халқына тиімдісі – экономикалық, әлеуметтік реформа деп білді. *Ыбырай Алтынсарин* - ұлы ұстаз. Білім, ағартушылық қана бұқараны билеп-төстеушілердің қысым-қыспағынан құтқара алады деп барлық күш-жігерін олардың білімін көтеруге арнады. «*Қазақ даласындағы жұт жөнінде*» деген еңбегінде халық болашағы – отырықшылыққа көшу, егіншілікпен айналысу, бірақ оны ықтиярыңмен істеу керек деп, күштеп отырықшыландыруға қарсы болды. *Абай Құнанбаев* - кемеңгер дана, ақын, ағартушы, қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы қазақ даласындағы барлық жақсылық, жаңалық жаршысы болды. Игілікті, парасатты қоғам орнату – Абай еңбектерінің басты бағыттарының бірі болды.

XIX ғ. аяғы – XX ғ. басындағы зиялылар. Алаш зиялылары – Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Шоқай, М.Тынышбаев, М.Жұмабаев, Ж. Ақбаев т.б. Ресейдің отаршыл саясатына қарсы ұлт-азаттық қозғалысты басқарып, қазақ халқының ұлттық бірлесуін мұрат етті. Олар Алаш партиясын, Алашорда автономиясын құрды. Алайда олар қызыл империяның құрбаны болды. Бірақ істері, саяси мұраты өлген жоқ.

Қазақстан мен Ресей рухани мұрасына байланысты туған саяси теорияның бірі – *Еуразиялық идея*. Бұл идеяны 1920 жылдары орыс эмигранттары С.Трубецкой мен П.Н.Савицкий, кейін орыс ғалымы Л.Н.Гумилев дамытты. КСРО ыдырағаннан кейін Еуразиялық одақ құру идеясын 1994 жылы 28 наурызда МГУ-де сөйлеген сөзінде еліміздің президенті Н.Назарбаев көтерді. 2000 жылы 10 қазанында Астанада Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан Ресей, Тәжікстан құрған саяси-экономикалық, интеграциялық ұйым – Еуразия экономикалық қауымдастығы құрылды.

Бақылау сұрақтары:

1. Саяси ойлар тарихы дегеніміз не және онда қандай мәселелер қарастырылады?
2. Ежелгі дүниедегі саяси ойлардың дамуындағы үш бағытты атаңыз.
3. Платонның еңбектеріндегі негізгі идея не?
4. Платон, Аристотель жеке меншікке қалай қарады? Неге?
5. Аристотельдің саяси еңбектеріндегі негізгі идеяларын атаңыз.
6. Орта ғасырлық Европадағы идеялардың ерекшеліктері неде?
7. Орта ғасырлық араб-исламдық саяси ойдың өкілдері кімдер және олардың еңбектерінде қандай мәселелер айтылды?
8. Қайта өрлеу дәуірінде саяси ойлар тарихында қандай мәселелер қарастырылды?
9. Н.Макиавеллидің саяси ойлардың дамуына қосқан үлесі қандай? «Макиавеллизм» деген не?
10. Жаңа дәуірдің саяси ойындағы негізгі концепциялар қандай?
11. Биліктің бөлшектенуі теориясын кімдер жасады және онда не айтылды?
12. Руссо еңбектеріндегі саяси ойларында не айтылды?
13. XIX-XX ғасырлардағы негізгі саяси концепцияларды атаңыз.
14. Қазақ даласындағы саяси ойлардың дамуына үлес қосқан кімдер?

II. САЯСИ БИЛІК ЖӘНЕ ҚОҒАМНЫҢ САЯСИ ЖҮЙЕСІ.

2.1 Саяси билік қоғамдық қатынастар жүйесінде.

1. Билік құбылысы: генезисі, мәні, анықтамалары, концепциялары, құрылымы.
2. Саяси және мемлекеттік билік. Билікті жіктеу.
3. Биліктің эволюциялық типтері. Билік формалары мен басқару түрлері. Билік саяси режимдерде.

1. Билік құбылысы: генезисі, мәні, анықтамалары, концепциялары, құрылымы. *Билік* – саясаттанудың негізгі ұғымы болып табылады. Билік – адамзат қауымдастығының, адам өмірінің негізгі бастауларының бірі. Қоғам бар жерде билік бар, билік бар жерде қоғам бар. Билік жүргізу үшін сол билікке мойын ұсынатын қоғам қажет. Қоғамның бүкіл саяси өмірі осы билік айналасында өтеді. Билік адамдардың тұрақтары бірлестіктері құрылған (отбасында, өндірістік ұжымдарда, ұйымдарда, мекемелерде, барлық мемлекеттерде) барлық жерде бар, ол қоғамның бүкіл құрылымына енген, ол қоғамның ішкі тұтастығын, ұйымшылдығын, қоғамдық қатынастардың сатылануын сақтайды. Билігі жоқ қоғам бейберекетсіздікке ұшырайды. Билік құбылыс ретінде – біреулердің екіншілерге (немесе бірдеңеге) өз еркін жүргізіп, олардың іс-әрекетіне, қызметіне, тағдырына, мінез-құлқына түрлі құралдар арқылы (бедел, құқық, күш т.б.) ықпал ете алу мүмкіндігі.

Биліктің қажеттілігі туралы ертедегі грек ойшылдары айта бастаған болатын. Ежелгі заман ойшылы – Аристотельдің айтуы бойынша, билік ең алдымен қоғамдық өндірісті ұйымдастыру үшін қажет, ол қоғамның тұтастығын, бірлігін сақтау үшін керек деп көрсетті. Кез келген қоғам белгілі бір тұрақтылық болмаса өмір сүре алмайды, осы тұрақтылықты қамтамасыз ететін – бұл билік.

Билік – қоғамдық құбылыс, ол адамзат қоғамымен бірге пайда болып, және

оның даму барысында бола бермек. Алғашқы қауымдық қоғамда билік қоғамдық сипатта, яғни тұрпайы түрде болды. Ол кезде адамдар әлеуметтік жағынан бөлінбеген, жеке тұлғалар әлі бөлініп шықпаған, адамдарда алғашқы қауымдық сана үстем болды, биліктің сипаты саяси емес болды. Себебі қоғам мәселелерін шешуде адамдарды келісімге келтіру, қатынастарды реттеу мәселелері болмады. Ол кезде билікті ру-ру мен тайпалардың барлық мүшелері бірігіп іске асыратын. Тап, мемлекет пайда болғанға дейін қоғамның үстінен қарайтын аппарат, күштеу мекемелері болмады. Еңбек бөлінісі, жеке меншік, әлеуметтік теңсіздік дамып, таптар, мемлекеттің пайда болуымен байланысты рулық байланыстар әлсіреді. Ру басыларының адамгершілік беделі төмендеп, оның орнына ақсүйектер билігінің беделі ұлғайды. Рулық-тайпалық байланыстардың күйреуіне орай жария билік орныға бастады. Билік аппараты дүниеге келді, адамдарды еркінен тыс, ықтиярсыз еркіне көндірген мекемелер пайда болды. Уақыт өте келе басқарудағы өз құқығын жариялаған және егіншілер мен малшыларды өзіне күшпен бағындырған жария билік қоғамнан оқшауланып, мемлекет ретінде дараланып, оның үстінен қарайтын органға айналды. Ең алғашқы мемлекет құл иеленушілік қоғамда пайда болды. Құл иеленушілік қоғамда саясат, саяси билік пайда болып, бұл мемлекетсіз қоғамның мемлекеттік қоғамға өтуіне негіз қалап, енді билік саяси мәнге ие болды. Саяси биліктің пайда болуын саясаттануда мемлекеттің пайда болуымен байланыстырады.

Кез келген қоғамда түрлі мүдделер (жеке дара, топтық мүдделер) болады, оларды әлеуметтік қоғамдастық реттеп, ұйымдастырып отыруы қажет. Мүдделер арасында қайшылықтар пайда болып, олар қақтығысқанда әлеуметтік шиеленіс күшейеді, сондықтан оларды реттеу қажет. Қоғам өмірін, ондағы топтар, жеке адамдар арасындағы қатынастарды реттейтін механизм – билік қатынастары болып табылады. Қоғамдық қатынастардың ерекше түрі ретінде биліктің мәні неде? Билік – бұл еріктік қатынастар болып табылады. Биліктің *мәні* - өз еркін басқаларға жүргізе алу қабілеті (зорлықпен міндеттеуі).

Саясаттануда билік теориясы негізгі орын алады, ол саясатпен тығыз байланысты. Билік барлық саясат әлемінің мәнін түсініп-білуге мүмкіндік береді. Себебі, саясаттың негізгі мәселесі – билік, ал мазмұны – билік үшін күрес және билікті жүргізу. Саяси ғылымда билікті саяси құбылыс ретінде зерттейтін саланы *кратология* («*kratos*» - билік, «*logos*» - ілім, ғылым) деп атайды. Саясаттануда билік, оның ішінде саяси билік туралы түрлі түсініктер, концепциялар, анықтамалар бар. Олардың ішінде жиі кездесетін *анықтамалар: телеологиялық* (гректің «*teleos*» мақсат сөзінен), бұл анықтама бойынша билік – белгілі бір мақсатқа жету мүмкіндігі; *бихевиористік* (ағылшынның «*behaviour*»-мінез-құлық деген сөзінен), мұнда билік - адамның мінез-құлқының ерекше түрі ретінде түсініледі. Билікке ұмтылу – адам психикасы мен санасының негізгі түрі; *құрылымдық* (структуралистік) анықтама бойынша, билік – басқарушы мен бағынушының арасындағы қатынастың ерекше түрі; *инструменталистік* (құралдық) анықтамада билік – белгілі бір мақсатқа жету үшін құралдарды, амалдарды (зорлық-зомбылық, күштеу, қорқыту т.б.) қолдану мүмкіндігі; *күштеу* анықтамасы бойынша, билік – үстемдік және ырқына еріксіз күштеп көндіру; *еріктік*, билік – қарсылыққа қарамастан өз еркін жүргізе алу қабілеті (М.Вебер); *билік ықпал ретінде* түсіндірілетін анықтамада, билік – басқалардың мінез-құлқына ықпал ету мүмкіндігі. Бұл мына формуламен түсіндіріледі: «А-ның Б-ға билігі деп, А-өз ықпалымен Б-ға ешқашан істемейтін нәрсесін істеттіруі» (Р.Даль);

конфликттік (жанжалдық), билік – дау-жанжал жағдайында игілікті бөлуді реттейтін мүмкіндік, шиеленісті шешудің құралы.

Бұл келтірілген анықтамалар бір-бірін жоққа шығармайды. Олар биліктің түрлі аспектілеріне баса назар аудара отырып, бір-бірін толықтырады.

Бүгінгі күні саясаттануда биліктің бірыңғай теориясы қалыптасқан жоқ. Саясаттанушылар биліктің бірнеше теориясын ұсынады. Саясаттануда биліктің мәні туралы мынадай *концепциялар* бар: жүйелік концепциясы, реляционистік теориялар.

Билікті *жүргізу әдістері* рухани және материалдық болып бөлінеді. Биліктің *құрылымына*: көздері, негіздері, ресурстары, субъектісі, объектісі, функциялары кіреді. (2-схема). Биліктің *қайнар көздері* – бедел, күш, байлық, заң, адамның қоғамдағы алатын орны, ұйым, құпия, мүдде, білім, ақпараттық мәліметтер. Биліктің негіздері мен ресурстары оның маңызды құрылымдық элементтері болып табылады. Биліктің *негіздері* деп субъектінің биліктік еркі негізделенетін биліктің базасын, көздерін атайды. Биліктің *ресурстары* деп билікті және оның негіздерін нығайту үшін қолданылатын (немесе қолданылуы мүмкін) нақты және потенциалды құралдарды айтады. Қоғамның қызмет ету салаларына байланысты биліктің экономикалық, әлеуметтік, заңдық, әкімшілік күштеу, мәдени-ақпараттық негіздері мен ресурстары бар.

Билік ресурстары ғылыми негізделген болып, кәсіби тұрғыда пайдаланылса, олар билік пен оның негіздерін нығайтады. Ал егер ресурстар кәсіби емес, волонтаристік тұрғыда пайдаланылса, онда олар билікті әлсіретіп, күйретіп дағдарыстар мен революцияларға әкеледі.

Билік – ең алдымен оның объектісі мен субъектісі бар болған жағдайда жасалынатын *адамдар арасындағы қарым-қатынас*. Биліктің субъектісі белсенді, бағыттаушы бастама. Биліктің *субъектісі* - индивид, ұйым, әлеуметтік қоғамдастық, топтар, мемлекет т.б. бола алады. Биліктің *объектісі* - жеке адамдар, олардың бірлестіктері, топтар, қауымдастықтар, таптар т.б., яғни саяси субъектінің іс-әрекеті бағытталатын адамдар мен органдар. Билік қатынасының мәні мынада – субъект нұсқау береді де, объектіге билікті орындауды міндеттейді, яғни бағынуды талап етеді. Биліктің субъектісі мен объектісін биліктің агенттері деп те атайды.

Билік мына *функцияларды* атқарады: үстемдік, басшылық, басқару, ұйымдастыру, бақылау.

- Үстемдік – қоғамды басқарушылар мен басқарылатындарға бөлуге негізделген.
- Басшылық – бұл әкімшілік аппараты мен өкіметтің органдары арқылы жүзеге асырылады.
- Басқару - бұл атқарушы өкімет органдарының шешімдер талқыланып жасауы мен оларды қабылдауы және оны өмірге енгізуді ұйымдастыру.
- Ұйымдастыру – бұл жекелеген адамдардың, топтардың, таптардың, ұйымдар мен мекемелердің өзара байланысын келісу, реттеу, қамтамасыз ету.
- Бақылау – бұл қоғамдағы адамдардың, топтардың қызмет ережелерін қамтамасыз ету, сақтау.

2. Саяси және мемлекеттік билік. Билікті жіктеу. Билік ұғымы түрлі мағынада қолданылады. Мысалы, ата-аналар билігі, экономикалық, мемлекеттік, саяси, әлеуметтік, құқықтық, әскери, рухани билік т.б. Биліктің толық мағынасы

мемлекеттік-саяси салада ғана айқындалады. Сондықтан саяси билік биліктің ең басты түріне жатады. *Саяси билік* деп жеке адамның, топтың, таптың т.б. саясатта өз еркін жүргізе алу қабілеті.

Саяси билік *мемлекеттік* және *қоғамдық* деп бөлінеді. Мемлекеттік билік саяси институттар (парламент, үкімет, сот органдары т.б.) тәртіп сақтау органдары (полиция, армия, прокуратура т.б.) және юридикалық база арқылы қамтамасыз етіледі. Қоғамдық билік партиялық құрылымдар, қоғамдық ұйымдар, тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық пікір арқылы қалыптасады. Саяси билік негізінен *екі нысанда (формада)* өмір сүреді: ресми (жария билік) және ресми емес (жария емес) билік – ықпалды топ, адамдардың, қысымшы топтардың билігі.

Билікті жіктеу түрлері – *қызмет атқару саласы бойынша*: саяси, идеологиялық, әлеуметтік, экономикалық, заңдық, зайырлы, діни билік; *субъектісі бойынша*: парламенттік, үкіметтік, соттық, таптық, партиялық, халықтық, жеке адам билігі; *төтенше құзырларының көлемі бойынша*: мемлекеттік, халықаралық, отбасылық билік және т.б.; *басқару режимі бойынша*: тоталитарлық, авторитарлық, демократиялық т.б.; *әлеуметтік түрі бойынша*: құлиеленушілік, феодалдық, буржуазиялық, социалистік билік және т.б.; *ресурстары бойынша*: экономикалық, әлеуметтік, рухани-хабарламалық; *функциясына қарай* – заң шығарушы, атқарушы, сот.

Саяси биліктің ең жоғарғысы, ең толық дамыған түрі, оның өзегі – *мемлекеттік билік*. Бірақ мемлекеттік билік пен саяси билік тең емес. Кез келген мемлекеттік билік - ол саяси билік, ал кез келген саяси билік бұл мемлекеттік билік бола бермейді. Саяси биліктің ауқымы мемлекеттік билік ауқымына қарағанда кеңірек. *Мемлекеттік билікке* – белгілі бір аумақтағы барлық адамдарға міндетті заңдарды шығаруға жеке дара құқығы бар заңдар мен ұйымдарды сақтау үшін ерекше күштеу аппаратына сүйенетін саяси биліктің түрі жатады. *Саяси билік* тек мемлекеттік аппарат арқылы ғана емес, сонымен бірге партиялар, кәсіподақтар, халықаралық ұйымдар (БҰҰ, НАТО) сияқты саяси жүйенің басқа да элементтері арқылы да көрінеді.

Мемлекеттік биліктің ерекшеліктері:

- ол белгілі бір аумақта ерекше аппарат арқылы жүргізілетін билік;
- мемлекеттік билік өзінің арнайы күштеу аппаратына сүйенеді;
- мемлекеттік билік монополиялық сипат алады.

Билік мәселесін қарастырғанда саяси биліктің «субъектісі» мен «билікке иелік етуші» деген ұғымдарды ажырату қажет. Биліктің *субъектісі* бұл іс-әрекетті жасаушы. Объектіге ықпал етуші жеке адам, әлеуметтік топ, тап, партия, мемлекет. Саяси билікті жүзеге асыру үшін арнайы ұйымдар мен мекемелер құрылып, субъект оларға өкілділік береді. Олар билікті қолданушы, «*иелік етуші*» болып есептеледі, яғни субъект билікті «иелік етушілер» арқылы жүргізеді. Алайда тәжірибеде, тұрмыстық санада, кейде теориялық деңгейде саяси билікті қолданушылар ролі жоғары қойылады. Мұның себебі, билік субъектілері әлеуметтік қатынастарға тікелей ықпал жасай алмайды, ықпал тек нақтылы әдіс, құрал арқылы жасалады. Осыдан биліктің түрі, құралы, әдісінің ара-жігі бірігіп, халық оларды ажырата алмай жатады. Осыдан келіп саяси билікті қолданушы, жүргізуші адамға басқаның табынуы келіп шығады, оны саясаттануда *билік фетишизмі* дейді. Одан адамның әлеуметтік мәні төмендейді, саяси нигилизм туады, саяси енжарлық, адамның биліктен шеттетілуі пайда болады.

Қазіргі заманғы демократиялық елдер тәжірибесі көрсеткендей, билік механизмі күрделі сатылық құрылымнан тұрады.

Биліктің алғашқы субъектісі, көзі – халық болып табылады. Ол билік функциясын тікелей жүзеге асыра отырып, кейбір қызметтерінің бір бөлігін өзінің ресми өкілі – мемлекетке ұсынады (береді), бұны *биліктің ұсынылуы* дейді. Өз кезегінде мемлекет билік өкілеттілігін иеленушілер арасында бөледі. Бұл биліктің бөлінуі деп аталады.

Биліктің бөлінуі идеясы еуропалық саяси ойлар тарихында Жаңа дәуірде (Дж.Локк, Ш.Монтескье, Ж.Ж.Руссо) пайда болып, алғаш рет АҚШ Конституциясында, Ұлы француз революциясының конституциялық актілерінде заңды түрде бекітіліп, көптеген елдердің саяси тәжірибесінде жүзеге асты.

Француз ойшылы Ш.Монтескье саяси биліктің бөлінуін мемлекеттегі біртұтас биліктің болмауымен және бір-біріне тәуелсіз үш: заң шығарушы, атқарушы, сот билігінің болуымен түсіндірген. Ал Жан-Жак Руссо халық егеменділігі идеясын көтеріп, билік халықтікі, ал үш билік сол біртұтас халықтық биліктің көрініс табуы деп тұжырымдады. Адамзат тарихы бұл идеялардың өміршеңдігін дәлелдеп отыр. Билікті заң шығарушы, атқарушы және сот өкілеттеріне бөліну принциптері XII –XVIII ғасырларда пайда болды. Сонымен бірге үш өкіметінің біреуінің басым болып кетпеуіне кепілдік беріледі. Бірақ, биліктің бөлінуін оның бір-біріне мүлдем тәуелсіз, автономиялық органдардың қолына бөліп берілуі және биліктің біртұтастығының бұзылуы деп түсінілмеуі тиіс. Биліктің бұл тармақтары бір-бірін бақылап, тежеп отыруы қажет. Саяси билікті бөлу теориясын қазіргі заманғы дамытушылар – америкалық мемлекет қайраткерлері А.Гамильтон, Д.Мэдисон, Д.Джей болды.

Биліктің бөлінуі екі тұрғыдан жүргізіледі: горизонталь және вертикаль бойынша. Биліктің *вертикаль* бойынша бөлінуі мемлекеттік басқарудың түрлі дәрежесінің субъектілерінің арасында билік өкілеттіліктерінің бөлінуі болып табылады. Осылайша биліктің орталық, аймақтық, жергілікті органдары құрылады.

Биліктің *горизонталь* бойынша бөлінуі іс жүзінде үш тармаққа – заң шығарушы, атқарушы, сот билігіне бөлінуі жатады. *Заң шығарушы билік* – парламент болып табылады, ол заң шығарады, қаулы қабылдайды. Президенттік басқару формасындағы елдерде президенттің қаулылары мен жарлықтары да осы функцияны орындайды; *атқарушы билік* – үкімет, *әкімшілік* – мемлекеттік саясат пен экономиканы жүргізеді; *сот билігі* – заңның орындалуын қадағалайды, құқықтың жоғары болуын қамтамасыз етеді.

Биліктің маңызды сипаттамасының бірі – оның нәтижелілігі, яғни биліктің өз міндеттері мен функцияларын орындау дәрежесі. Биліктің нәтижелілігі оның *легитимділігіне* (латынның «legitimus» - заңмен келісілген, заңды деген мағынадағы сөзінен) байланысты. «Легитимдік» терминін ғылыми айналымға неміс ғалымы М.Вебер енгізді. Оның айтуынша, кез келген билік өзін-өзі ақтауды, мойындауды, қолдауды қажет етеді. Легитимдікте азаматтардың билікке қатынасы көрінеді. *Биліктің легитимдігі* (көбінесе заңдылығы деп аударылады) деп – билікке халықтың, көпшіліктің сенім білдіруін, оны мойындауын, құрметтеуін айтады. Легитимдік халықтың билікпен келісімін білдіреді, яғни халықтың биліктің шешім қабылдауға құқығын ерікті түрде мойындауы. Легитимдіктің дәрежесі төмен болған сайын, билік күшке жиі жүгінеді.

Легитимдіктен биліктің *жариялылығын* айыру қажет. Бұл заңдық ұғым, яғни

биліктің заңдарға, құқықтық нормаларға сәйкес келуі. Мысалы, президенттің билігі заңды (жария), себебі ол заңды түрде сайланып, өз өкілеттілігін орындауда заңға сүйенеді, монарх билігі заңды, себебі тақты мұрагерлік жолмен иелену тәртібі бұзылған жоқ. Билік әрі жария, әрі заңды (легитимді) болмаса, онда бұл билік тұрақсыз, мысалы, заңды түрде сайланған билік өзінің уәделерін орындамай, оның жүргізген сәтсіз экономикалық бағыты халықтың тұрмысының төмендеуіне әкелсе, мұндай билік қоғам тарапынан қолдауынан айырылуы мүмкін. Мұны *биліктің делегитимдігі* дейді. Сонымен бірге *жария емес билік* (заңсыз түрде билікке келген) ақталып, халықтың қодауына ие болуы мүмкін, мысалы буржуазиялық революциялар барысындағы монархияның құлатылуы, Ресейдегі 1917 жылғы революция. Бұларда бұрынғы заңды тәртіптерді бұзған жаңа билік, ақырында өзінің легитимдігіне қол жеткізді. Кез келген билік жария да, заңды да болуға ұмтылады.

М.Вебер билік басына келудегі легитимдіктің мінсіз түрлері ретінде үш үлгісін көрсетті:

1. әдет-ғұрыптық легитимдік;
2. харизматикалық легитимдік;
3. ақыл-парасаттық, құқықтың легитимдігі.

3. Биліктің эволюциялық типтері. Билік нысандары (формалары) мен басқару түрлері. Билік саяси режимдерде. Саясаттанудағы негізгі әрі күрделі мәселелердің бірі – саяси билікті жүргізу түрі мәселесі. Билікті ұйымдастыру түрінің бірі – *абсолютизм* (абсолюттік монархия) – монархтардың қолындағы мұраға қалдыратын шексіз билік. *Авторитаризм* – бір адамның немесе топтың шексіз билігі. Ондай билікте тиран, деспот, фюрер, көсем немесе халық бұқарасы сайлаған, құқықтарды аяққа басатын топ елді билейді. *Деспотизм* – бір адамның қатал самодержавиялық шексіз және дара биліктің түрі. *Охлократия* – гректің «охлос» – тобыр, «кратос»-билік деген сөздерінен, тобыр билігін білдіреді. *Плутократия* (гректің «плутос»-байлық, «кратос»-билік) – саяси билік бай, ауқатты топтың қолында болатын мемлекеттік құрылыс. *Олигархия* – саяси және экономикалық билік азғантай топтың қолында болатын биліктің түрі. *Тирания* – мұнда билік күшке, зорлыққа, деспоттыққа негізделеді. *Тоталитаризм* (латын тілінен «тоталис» - толық, тұтас) - қоғам өмірінің барлық жақтарына толық бақылау жасау әдісіне негізделген биліктің түрі. *Этатизм* (француздың «этат» мемлекет сөзінен) – мұнда мемлекет қоғамдық дамудың ең жоғарғы нәтижесі және мақсаты болып есептеледі. *Элитаризм* – қоғамды ерекше пұрсатты жағдайындағы адамдар тобына, элитаға бөлудің қажеттігін негіздейтін концепция (билік түрі). *Либерализм* – парламенттік құрылымды, буржуазиялық бостандықты жақтайтын буржуазиялық идеологиялық, қоғамдық-саяси ағым. *Бюрократия* – билікті жүзеге асырудың ерекше формасы, ерекше пұрсатты қастаның билігі және оның көпшілікке тәуелсіз болуы. *Демократия* – халық билігіне негізделген саяси билік.

Биліктің жүзеге асырылуы тәсіліне және құрылысына қарай *басқару түрі* және *мемлекеттік құрылысы* болып бөлінеді. Басқару түрі жоғарғы өкімет билігінің кімнің қолында екендігін көрсетеді. *Басқару түріне* байланысты билік монархиялық және республикалық болып бөлінеді. *Монархия* деп мемлекеттің жоғарғы өкімет билігі жеке-дара, бір билеушінің қолында болып, ол әкеден балаға мұра ретінде қалатын түрін айтады. Монархия өз кезегінде абсолюттік (шексіз) және конституциялық болып екіге бөлінеді. *Конституциялық монархияда* монархтың билігі белгілі бір дәрежеде заң шығаратын билік парламентпен

шектеледі. *Республика* деп мемлекеттік биліктің барлық жоғары органдары белгілі бір уақытқа сайланатын немесе өкілдік мекемелер (парламент) арқылы қалыптасатын мемлекеттік басқарудың түрін айтады. Республика президенттік, парламенттік және аралас (немесе жартылай президенттік) болып үшке бөлінеді.

Билік басқару түрімен қатар құрылысына қарай да ерекшеленеді. Мемлекет құрылысы орталық өкімет пен жергілікті биліктің міндеттері өрісінің арақатынасын білдіреді. Билік *мемлекеттің құрылысына* қарай унитарлық, федеративтік және конфедеративтік болып үш түрге бөлінеді. *Унитарлық* (латынның біртұтас, біріккен деген сөзінен) құрылыста саяси билік бір орталыққа бағынады, мемлекеттің ішінде өз алдына бөлек басқа құрылымға жол берілмейді. Оның жері, конституциясы бір болады. Мемлекеттік биліктің жоғары органдар жүйесі, азаматтығы ортақ. *Федерация* деп белгілі бір саяси тәуелсіздігі бар бірнеше құрылымдардың бірігіп одақтық жаңа бір мемлекетті құруын айтады. Федерация мен оған кіретін субъектілердің міндеттерінің арасындағы айырмашылықтар жалпымемлекеттік конституциямен реттеледі. Әрбір субъектінің өзінің жоғарғы билеу (заң шығарушы, атқарушы, сот) органдары болады. Бірақ олар орталық институттарға бағынуы тиіс. *Конфедерация* деп өздерінің кейбір амал-әрекеттерін үйлестіріп, белгілі бір мақсаттарды (әскери, сыртқы саясаттағы және т.с.с.) жүзеге асыру үшін бірлескен егеменді елдер одағын айтады.

Билік саяси режимдерде. Саяси режим (тәртіп) дегеніміз – саяси биліктің заңды түрде жүзеге асырылуы, қоғамды басқарудың (билікті жүзеге асырудың) әдіс-тәсілдерінің жиынтығы, азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерінің демократиялық дәрежесін айтамыз.

Саяси режимнің *белгілері*:

- қоғамдағы саяси күштер мен саяси институттардың қарсы тұруы немесе келісімі;
- қоғамдағы ақырғы саяси ахуал (жағдай);
- билікті жүргізудің әдіс-тәсілдері;
- қоғымдағы демократияның деңгейі.

Қазіргі саяси режимдерді *демократиялық* (президенттік және парламенттік) және *антидемократиялық* (авторитарлық және тоталитарлық) деп үлкен екі топқа бөледі.

Бақылау сұрақтары:

1. Билік дегеніміз не және оның қандай анықтамаларын білесіз?
2. Қоғам биліксіз өмір сүре ала ма? Неге?
3. Биліктің құрылымы дегеніміз не және оның элементтеріне не жатады?
4. Биліктің субъектісі, объектісі, «билікке иелік етуші» деген ұғымдардың қатынасы қандай?
5. Билік қандай функцияларды (қызметтерді) атқарады?
6. Саяси билік дегеніміз не? Саяси билік пен мемлекеттік биліктің айырмашылығы қандай?
7. Билікті ұсынылуы және биліктің бөлінуі деген не?
8. Биліктің легитимдігіне не жатады?
9. Биліктің «легитимдігі» және «жариялылығы» ұғымдарының айырмашылығы неде?
10. Биліктің легитимдігінің қандай түрлерін білесіз?
11. Саяси биліктің жүргізу түріне байланысты қандай формаларын білесіз?

12. Саяси биліктің басқару формаларына аумақтық құрылымына байланысты қандай түрлері бар?
13. Саяси режим (тәртіп) деген не және оның қандай түрлері бар?

2.2 Демократия – қоғамның саяси өмірін ұйымдастырудың формасы ретінде.

*«Демократияның көп кемшіліктері бар, бірақ оның ең құндылығы сонда – бұдан артықты бүгінге дейін ешкім ойлап тапқан жоқ»
У.Черчилль.*

1. Демократия: түсінігі және пайда болуы.
2. Қазіргі заманғы демократия: теориялары және тәжірибелері.
3. Демократияға өтудің құндылықтары, алғы шарттары мен жолдары.

1. Демократия: түсінігі және пайда болуы. Саясаттануда демократия – ең жиі қолданылатын ұғымдардың бірі. Саяси ойлар тарихында демократия сөзі ежелгі сөздердің қатарына жатады, екі мың жылдан астам уақыт бойы демократияға түрлі мазмұн берілді. Демократияның тарихи генезисі ұзақ жолдардан өтті, ол құбылыс ретінде дағдарысты, құлдырауды, жаңаруды басынан кешірді, бұл процесс көп қырлы және қарама-қайшылықты болды. Бұл генезис бүгінде аяқталған жоқ. Қазіргі кезеңде дүние жүзіндегі бірде-бір саяси жүйе демократия мұраттарын (идеалын) толық бейнелей алмайды.

Қазіргі кезеңде демократия мәселелері – саясаттанудың негізгі мәселелерінің бірі болып табылады. Оның көпқырлылығы, күрделілігі, тікелей саяси тәжірибеге негізделуі, әлемнің түрлі елдерінде түрлі концепцияларының болуы – оны зерттеудің жан жақтылығын, әртүрлілігін, қарама-қайшылықтығын көрсетеді. Ғылыми әдебиетте демократияның бірыңғай анықтамасы жоқ. Бүгінгі күні бұл сөз бірнеше мағынада қолданылады. Алғашқы негізгі мағынасы сөздің шығу тегімен (этимологиясымен) байланысты. *«Демократия» термині* ежелгі гректің *«демос»* -халық және *«кратос»*-билік деген сөздерінен құралып, *халық билігі* деген мағынаны білдіреді. Демократияның кеңірек анықтамасын АҚШ-тың төртінші президенті Авраам Линкольн былай деп анықтаған: *«Халық үшін, халық сайлаған, халық билігі»*.

Қазіргі кезеңде ғылымда демократия терминінің мынадай *түсініктері* бар:

- *мемлекет нысаны және жалпы саяси жүйенің нысаны* ретінде;
- мүшелерінің басқаруға қатысуы теңдігіне, көпшілік дауыспен шешімдер қабылдау принциптеріне негізделген *қоғамдық өмірдің, кез келген ұйымының ұйымдастырылу түрі*. Бұл мағынада алғанда, партиялық, кәсіподақтық, өндірістік, тіпті отбасылық демократия туралы айтуға болады. Кең мағынада алғанда демократия ұйым, билік және басқару бар жердің бәрінде өмір сүре алады;
- белгілі бір құндылықтар жүйесіне негізделген *қоғамдық құрылымның мұраты (идеалы)* және соған сәйкес көзқарастар. Мұндай құндылықтарға еркіндік, теңдік, адам құқығы, халық егеменділігі т.б. жатады;
- халық билігін, демократиялық мақсаттар мен мұраттарды жүзеге асыру жолындағы *әлеуметтік және саяси қозғалыс*. Бұл қозғалыс Еуропада үшінші сословиенің азаттығы және теңдігі үшін абсолютизммен күрес туы астында пайда болды. Қазіргі кезеңдегі демократиялық қозғалыстың түрі

көп: социал-демократиялық, христиан демократиялық, либералдық, жаңа әлеуметтік және басқа да қозғалыстар.

Халық билігі ретіндегі демократия ұғымы белгілі бір нормаларға негізделеді. Мұндай нормалар, идеалдар, құндылықтар ретінде еркіндік, теңдік, адамның ар-ожданын құрметтеу, ынтымақтастық т.б. алынған. Мемлекеттік басқару нысаны ретінде демократияға мынадай ерекше белгілер тән:

1) *халық билігінің жоғарлылығын, егеменділігін заңды түрде мойындау және оны институционалдандыру.* Халық – биліктің көзі. Халықтың егеменділігі мемлекеттегі құрылтай, конституциялық биліктің халыққа тиеселі екендігінен көрінеді, яғни халық өз өкілдерін сайлай және әрдайым ауыстыра алады, ал көптеген елдерде халықтық бастамалар мен референдумдар арқылы заң шығару мен қабылдауға тікелей қатыса алады;

2) *мемлекеттердің негізгі органдарының әрдайым сайланбалылығы.* Жоғарғы билікті жүргізушілерді белгілі бір мерзімге сайланған мемлекет өзін демократиялық деп санай алады;

3) *мемлекетті басқаруға қатысуға азаматтардың құқықтарының теңдігі.* Бұл принцип қазіргі заманғы саяси жүйеде азаматтардың еркін білдіру үшін саяси партиялар мен басқа да бірлестіктер құру еркіндігін, пікір бостандығын, ақпараттық мәліметтерге құқығын және мемлекеттегі басқарушы қызметтер үшін бәсекелі күреске қатысу құқығын көздейді;

4) *шешім қабылдағанда көпшілік дауыспен қабылдау және шешімді жүзеге асырғанда азшылық көпшілікке бағынады.*

Демократияның аталған бұл жалпы принциптері оның негізгі өлшемдерін анықтауға, демократия туралы теорияларды айырып, топтауға, ал тәжірибедегі демократия үлгілерін өлшеуге мүмкіндік береді.

Демократияның маңызды принципі – халық егеменділігі принципіне сәйкес бағаланғанда, *халық* деп кім түсініледі және оның егемендігі қалай жүзеге асырылады, міне осыларға назар аударылады. «Халық» ұғымы саяси ойлар тарихында түрліше түсіндірілді. Қазіргі кезеңдегі демократияда халық деп елдің ересек тұрғындары түсініледі. Шамамен XIX ғасырдың ортасына дейін демос, халық деп ерікті ересек ер адамдар (антикалық демократияда), не жылжымайтын мүлігі т.б. бар меншік иелері немесе ер адамдар ғана түсініліп келді.

Халықты таптық және демографиялық белгілермен шектеу, яғни тұрғындардың белгілі бір бөлігінің саяси құқықтарын шектеп, атап айтқанда, сайлау құқығын бермеген мұндай мемлекеттерді барлық тұрғындарына тең саяси құқық берген жалпы демократиялық мемлекеттерге қарағанда әлеуметтік шектелген демократиялық елдер деп сипаттауға негіз болды.

XX ғасырдың басына дейінгі демократиялар негізінен таптық немесе патриархалдық (ер адамдар үшін) сипатта болды. Саяси ойлар тарихында халықты тұрғындардың көпшілігін құраған қарапайым адамдар, кедей төменгі топтар, тобыр деп қарау басым болды. Мысалы, демосты осы тұрғыдан түсіну Аристотельде кездеседі, ол демократияны мемлекеттің бұрыс түрі деп есептеп, оны жалпы игілікті көздеп, ақылға сыйымды шешімдер қабылдауға, басқаруға қабілетсіз демостың, тобырдың билігі деп қарастырды. Қазіргі заманғы саяси теорияда басқарудың мұндай түрін «охлократия» деп атайды, яғни грек тілінен аударғанда «жай халықтың, тобырдың билігі» дегенді білдіреді. Халықтың құрамын қалай түсінуге байланысты оның билігі *жалпы және әлеуметтік (таптық, этникалық, демографиялық т.б.) шектелген демократия және*

охлократия түрінде болуы мүмкін.

Халық адамдарының күрделі қоғамдастығы ретінде нақты жеке адамдардан тұрады. Халық дербес, ерікті индивидтердің жиынтығы немесе түрлі топтардың өзара әрекеті деп қарастырыла ма, әлде тұтас субъект ретінде алына ма, осыған байданысты демократияның концепциялары мен нақты үлгілерін *индивидуалдық (даралық), плюралистік (топтық) және ұжымдық* деп бөледі. Бірінші жағдайда биліктің көзі - жеке адам, екіншіде - топ, үшіншіде - бүкіл халық (ұлт, тап) болып табылады.

Демократияның маңызды белгісі - халық егемендігі қалай жүзеге асырылады, халық басқаруға қалай қатысады, билік функцияларын кім атқарады, осыларға байланысты демократия *тікелей (тура), плебисцитарлық, және өкілділік (репрезентативті)* деп бөлінеді.

Тура демократияда халық маңызды саяси шешімдер дайындауға және қабылдауға тікелей қатысады, қатысудың мұндай түрі антикалық демократияда басым болды. Іс жүзінде ол шағын ұжымдарда мүмкін болады (өндірістік мекемелерде, қауымдарда, қалаларда т.б.) Қазіргі кезеңде тура демократия негізінен жергілікті өзін-өзі басқаруда кездеседі.

Билікті жүзеге асыруға азаматтардың қатысуының келесі түрі - *плебисцитарлық демократия*. Тура және плебисцитарлық демократияның екеуі де халықтың өз еркін тікелей білдіруі болып табылады, алайда екеуінің арасында айырмашылық бар. Тура демократияда азаматтар билік процесінің барлық кезеңдеріне (саяси шешімдерді дайындау, қабылдау және оның жүзеге асырылуын бақылау) қатысу көзделсе, ал плебисцитарлық демократияда азаматтардың саяси ықпалы шектеледі. Оларға дауыс беру арқылы заңның немесе басқа да шешімінің жобасын қабылдау немесе қабылдамау құқығы беріледі. Оны әдетте президент, үкімет, партия немесе бастамашы топ дайындайды. Мұнда халықтың жобаны дайындауға қатынасу мүмкіндігі өте аз. Оны кейбір жағдайларда екі ұшты сұрақтар қою және т.с.с. арқылы ұйымдастырушылар айласын асыру үшін де пайдаланады.

Қазіргі заманғы мемлекеттердегі саяси қатысудың үшінші түрі - *өкілділік демократиясы*. Оның мәні - азаматтардың шешімдер қабылдауға жанама түрде қатысуы, халықтың еркі депутаттарға және биліктің өкілетті органдарына беріледі. Азаматтар өздерінің көзқарастарының, мақсаттарының, бағдарламаларының жақындығына байланысты депутаттарды сайлайды, оларға өз мүдделерін қорғауды сеніп тапсырады. Өкілділік демократиясы үлкен аумақта немесе басқа да себептерге байланысты азаматтардың тікелей дауыс беруге, шешім қабылдауға мүмкіндігі жоқ жағдайда қолайлы болып табылады.

Демократияның *екінші белгісі* - билік органдарының, институттарының қалыптасу тәртібі мен құрылысына қарай демократиялық мемлекеттер *парламенттік, президенттік, аралас* (немесе жартылай президенттік) республикалар, *суперпрезиденттік* республикалар, *парламенттік монархия* т.б. деп бөлінеді.

Демократияның *үшінші белгісі* - азаматтардың мемлекетті басқаруға қатысу құқықтарының теңдігі *формальды* (сөз жүзінде), яғни заңды түрде және *фактілік* (іс жүзінде, яғни саяси құқықтарды жүзеге асырудың бірдей әлеуметтік мүмкіндіктердің - материалдық жағдайының, білімінің, бос уақытының т.б. болуы) түрде болуы мүмкін.

Мемлекет қамтамасыз ететін теңдіктің, сипатына қарай демократия *саяси*

(құқықтар теңдігі – формальды теңдік) және *элеуметтік* (мемлекетті басқаруға азаматтардың қатысу мүмкіндіктерінің теңдігіне негізделген) деп бөледі.

Демократияның *төртінші белгісі* - шешім қабылдау мен жүзеге асыруда азшылықтың көпшілікке бағынуы белгісі бойынша демократия *деспоттық, тоталитарлық және конституциялық* деп бөлінеді. Азшылықтың көпшілікке бағынуының шегі болмай, ол адамның өмірі мен қызметінің барлық саласына тараса, онда ол *деспоттық демократияны* білдіреді, яғни көпшіліктің шексіз билігі, бассыздығы. Ал егер көпшіліктің билігі жеке тұлғаның бағынуын талап етіп, оған әрдайым толық бақылау орнатуға тырысса, онда мұны *тоталитарлық демократия* деп атайды.

Демократияның мұндай формаларына *конституциялық демократия* қарсы қойылады. Онда көпшіліктің билігі, функциялары конституция, биліктің бөлінуі арқылы шектеледі, азшылықтың, жеке адамның автономиясы мен еркіндігі қамтамасыз етіледі.

Демократияның пайда болуы. Ұйымдасудың демократиялық нысандары ежелгі замандардан, мемлекетке дейінгі рулық құрылыс кезеңінен бастау алады. Демократияның рулық нысандарын барлық халықтар басынан кешірді. Рулық демократия қандық-туыстық байланыстарға, ортақ меншікке, тығыздықтың төмендігіне, тұрғындардың санының аздығына, тұрпайы өндіріске негізделді. Демократиялық мемлекеттің алғашқы, классикалық нысаны *Афины республикасы* болды. Афинының демократиялық дамуына б.з.д. II ғасырдағы архонт Солон реформалары негіз салды. Афина демократиясы б.з.д. V ғасырда Периклдің кезінде толық іске асырылды. Афины республикасы демократияның *ұжымдық нысаны* ретінде көрінді. Ежелгі заманнан-ақ *орта таптың* демократияның тірегі болатыны түсінілді. Аристотельдің ойынша, орта тап қоғамды біріктіреді, азаматтардың қарама-қарсы партияларға бөлінуін болдыртпайды, сөйтіп мемлекеттегі жағдайды тұрақтандырады. Кедейлерден, демостан емес, мүлігі, адамгершілігі, мемлекетке талаптары жағынан орташа адамдардан тұратын көпшіліктің билігі бар басқару нысаны ең таңдаулы болмақ. Басқарудың бұл нысанын Аристотель «*полития*» деп атады. Афины демократиясының гүлдену кезеңінде орта тап көпшілікті құрады. Афины полисінде *тікелей демократия* үстем болды. Алайда Периклден кейін Афины демократиясы құлдырап, азаматтардың элеуметтік теңсіздігі ұлғайып, тобырдың ықпалы күшейіп, әдет-ғұрып төмендеді. Бұл кезде Афиныдағы демократия охлократияға ұласып, *көпшілік тираниясымен* алмасты. Афины демократиясының көпшіліктің азшылыққа бассыздығы кезеңін оны *депостық және тоталитарлық* үрдістер көрініс берген басқару нысаны ретінде сипаттауға мүмкіндік береді.

Афиныдағы сияқты демократиялық мемлекет Ежелгі Римде, Ежелгі Новгородта, Флоренцияда т.б. қала-республикаларда болды. Ортағасырлық Еуропада және бүкіл әлемде көп ғасырларға авторитарлық, негізінен басқарудың монархиялық нысандары орнықты. «Демократия» сөзі еуропалық саяси сөз қолданысынан екі мың жылға жуық уақытқа алынып тасталынды, ал егер ол кейде қолданыла қалса, жағымсыз түрде, аристотельдік мағынада, басқарудың бұрыс нысаны, тобырдың қиратушы билігі ретінде қолданылды.

Алайда монархиялық билікті шектеу, оны халыққа қызмет еткізуге бағыттау идеяларының дамуы тоқтаған жоқ. Орта ғасырларда демократиялық бағыттағы көзқарастардың орнығуына *христиандық* үлкен әсер етті. Ол адамзатқа адамдардың маңызды, рухани салада-құдай алдындағы теңдігі, адамның ар-

намысын құрметтеу сияқты өнегелік парызын берді.

Христиандық ықпалымен орта ғасырларда монарх пен билік өз халқына қызмет етуі тиіс, құдай заңдарын, моральді, дәстүрлерді, адамның табиғи құқықтарын бұзбауы тиістігі туралы идеялар орнықты. Мемлекеттік билікті халық пен билеуші арасындағы ерікті келісім негізінде пайда болған деп түсіндіретін қоғамдық келісім концепциясы пайда болды. Орта ғасырдағы протестанттық реформа діндарлар арасында ерте христиандықтың демократиялық идеалдарының орнығуына ықпал етті. Еуропада дами бастаған капитализмнің және онымен байланысты дарашылдық (индивидуалдық) көзқарастардың ықпалымен гуманистік идеялар, құндылықтар, концепциялар кеңінен мойындалып таралды. Олардың көбі мемлекеттік басқарудың жаңа демократиялық үлгілеріне негіз болып, XX ғасырдың аяғындағы демократияға тікелей ықпал етті.

2. Қазіргі заманғы демократия: теориялары және тәжірибелері.

Классикалық либерализм демократиясы. Бүгінгі күні өмір сүріп тұрған демократиялық жүйелер өз бастауын XVIII ғ. соңы XX ғ.-ғы либерализм идеологиясының тікелей ықпалымен пайда болған басқару нысанынан алады. Саяси және демократиялық ойлардың дамуында либерализмнің ролі өте зор. Бұл идеялық және саяси ағым жеке адамның еркіндігі, оны мемлекеттің тираниясынан қорғау туы астында пайда болды.

Либерализм алғаш рет әлеуметтік ойлар тарихында индивидті қоғам мен мемлекеттен ажыратты, екі автономиялы сала - мемлекет пен азаматтық қоғамды бөлді, мемлекеттің азаматтық қоғаммен және жеке адаммен өзара әрекетіндегі өкілеттілігін шектеді, азшылықтың автономиясы мен құқығын қорғады, барлық азаматтардың саяси теңдігін жариялады, жеке адамның фундаменттік, ажырамас құқықтарын анықтап, оны саяси жүйенің басты элементі ретінде бекітті.

Либералдық идеялардың және олардың көпшілігінің іс жүзіне асырылуының Отаны – Англия болды. Ерте либерализмнің идеологтары - Джон Локк, Шарль Луи Монтескье т.б. болды. XIX-XX ғасырдың басындағы классикалық либералдық демократияның белгілері:

1) *биліктің субъектісі ретінде халық меншік иелері-ер адамдармен байланыстырылды*, төменгі топтар, ең алдымен жұмысшылар, әйелдердің сайлау құқығы болмады. XX ғасырдың басы-ортасына дейін көптеген батыстың демократиялық елдерінде мүліктік және басқа да ценздер салықталынды, онсыз адам дауыс бере алмайтын еді;

2) *дарашылдық, жеке адамды биліктің алғашқы және басты көзі деп мойындау*, мемлекет заңдарынан жеке адам құқықтарының конституцияларда бекітілді, оның орындалуын тежеусіз сот бақылайды;

3) *демократияның тар саяси, формальды сипаты, еркіндікті жағымсыз тұрғыдан түсіну*. Антикалық демократиядағыдай еркіндік саясатқа белсенді тең құқықты түрде қатысу мүмкіндігі ретінде емес, мемлекет және басқа адамдардың тарапынан болатын араласудан қорғайтын енжар (пассивті) жеке дара құқық;

4) *парламентаризм*, саяси ықпалдың өкілділік нысанының үстем болуы. Афины демократиясының сабақтары көрсеткендей, бүкіл халықтың басқаруы шексіз монархия сияқты қауіпті;

5) *мемлекеттің қызметі* қоғамдық тәртіпті, қауіпсіздікті, азаматтардың құқықтарын, әлеуметтік тұрақтылықты қорғаумен т.б. *шектеледі*, ол азаматтық қоғам істеріне, экономикалық, әлеуметтік, рухани-адамгершіліктік салаларға араласпайды;

б) билікті өз бас пайдасына пайдалануды болдыртпау үшін азаматтардың мемлекетті, билікті нәтижелі бақылауының шарты ретінде *биліктің бөлінуі, олардың бір-бірін тежеп отыруы*.

7) *көпшіліктің азшылыққа билігін шектеу*, жеке және топтық автономия мен еркіндікті қамтамасыз ету. Азшылықтың өз пікірі болуына және оны заң шеңберінде қорғауға құқығы бар.

Либералдық демократияның *әлсіз жақтары*: әлеуметтік таптық шектеулілігі; формальдылығы, кедейлер, тұрғындардың әлеуметтік жағынан қамтамасыз етілмеген топтары үшін демократияның декларация түрінде болуы; демократияның және жеке адамның саяси қатысуының шектеулілігі; қоғамды басқарудағы, әлеуметтік әділеттілікті нығайтудағы мемлекет ролінің төмендетілуі; шамадан тыс дарашылдық, адамның ұжымдық табиғатын, оны түрлі әлеуметтік топтарға жатуын мойындамау.

Классикалық либерализмнің кемшіліктеріне жауап ретінде жұмысшы, социалистік, коммунистік т.б. қозғалыстар және либералдық демократиялық концепцияларға қарама-қарсы басқа, жаңа қозғалыстар да пайда болды.

Ұжымдық демократия. Либералдық мемлекеттің кемшіліктерін жойып, шынайы халықтың билігін ұжымдық демократия үлгілері жүзеге асыруға тырысты. Демократияның бұл типінің теориясы толық жасалған, ал оны мемлекеттік социализм елдерінде жүзеге асыруға тырысушылық табысқа жетпеді. Соған қарамастан олар демократияның теориясы мен тәжірибесін (жағымсыз сипатта болса да) біраз байытты, батыстың қазіргі заманғы саяси жүйесіне үлкен ықпал етті.

Ұжымдық демократияны *идентитарлық* (бірыңғай) демократия деп те атайды. Бұл ұғым халықтың (ұлттың, таптың) және оның еркінің тұтастығына байланысты туған.

Идентитарлық демократия теориясының көрнекті өкілдері - Руссо, Маркс, Ленин, К.Шмитт. Демократияның бұл типінің маңызды принциптерін *Жан Жак Руссо* (1712-1778) алғаш рет негіздеді. Ол қоғамды либералдық «жария» және «жеке» деп бөлуді сынады. Оның ойынша либералдық ойшылдардың дарашылдығы (индивидуализмі) мен эгоизмі қоғам үшін қиратушы сипат алды. Руссоның демократиялық республикасының азаматының мұраты (идеалы) - өзімен өзі жеке кеткен дара тұлға емес, қоғам мүддесін көздеген, оның белсенді мүшесі.

Руссо демократиясының теориясы бүкіл биліктің оқшауланған индивидтердің тұтас нәрсеге (халыққа) ерікті түрде бірігуі арқылы пайда болған халыққа тиесілі екендігінен бастау алады. Халыққа біріккен кейін жеке адам өз құқықтарын жоғалтады. Олар оған қажет емес, себебі тұтас нәрсе - мемлекет кезкелген тірі организм сияқты өз мүшелерін қамқорлыққа алады, ал өз кезегінде олар да мемлекеттің игілігі туралы ойлауы тиіс.

Руссоның мемлекетке органикалық тұрғыдан қарауында индивид пен мемлекет арасында қайшылықтар, жанжалдар болмайды, азаматтардың билікке қарсы наразылығы үшін негіз жойылады, саяси оппозицияға, жеке мүдделерге жол берілмейді. Егер жеке мүдде пайда болса, ол басылады. Мүдделер мен халық еркінің ортақ болуының алғы шарты мүлік теңдігі болып табылады. Руссо жеке меншікті толық жоюды емес, оны шектеуді, мөлшерін бідей етуді ұсынды.

Халық бөлшектенбейді, ол біртұтас. Оның біртұтас, ортақ еркі мен егеменділігі бар. Оның құрамында тұрақты көпшілік пен азшылық жоқ, сондықтан азшылықты қорғаудың қажеттілігі болмайды. Халық ұжым ретінде өзін

сайланбалы өкілдер арқылы емес, өзін-өзі тікелей көрсетеді.

Руссоның демократиялық концепциясының тоталитарлық бағыты одан әрі марксизмде, әсіресе демократияның лениндік және сталиндік теориясында көрініс тапты, «социалистік» үлгілерінде жүзеге асты, ол кейбір елдерде бүгінге дейін сақталынауда.

«Социалистік демократия» теориясы. «Социалистік демократия» теориясы Руссонның идентитарлық концепциясының маңызды принциптерін сақтай отырып, оған өзгерістер енгізді. Бұл теория бастапқыда жұмысшы табының біртұтастығына, ал социализм құрғаннан кейін бүкіл халықтың біртұтастығына байланысты оларда таптық және жалпы халықтық мүдделердің болуына негізделді. «Социалистік демократия» теориясының Руссо концепциясына қарағандағы *ерекшелігі* - жеке меншікті толық жоюдан, яғни жеке адам автономиясын мойындамаудан, халықтың жұмысшы табымен, еңбекшілермен алмастырылуынан, сонымен бірге жұмысшы табының жетекшілік ролі, жұмысшы табы мен бүкіл халықтың авангарды - коммунистік партия, ол толық демократияға, қоғамдық өзін-өзі басқаруға өту процесін басқарады деген идеялардан көрінеді.

Іс жүзінде «социалистік халық билігі» қоғамның тоталитарлық құрылымын бүркемелеп, биліктің бүкіл жоғарғы партиялық басшылықтың қолына жинақталуына әкелді.

Ұжымдық демократияның ерекше белгілері. Ерекшеліктеріне қарамастан демократияның ұжымдық теорияларының жалпы ортақ белгілері бар. Оларға мыналар жатады:

1) халықтың ұжымы ретінде түсіндірлуі, халықтың біртұтастығы, оның ортақ мүддесі мен еркінің болуы;

2) халық ішінде ішкі қайшылықтардың болмауы, саяси оппозицияға жау ретінде қарап, оны күштеп жою;

3) мемлекет пен қоғамның барлық істеріне азаматтың белсенді, тең құқықты қатысуы ретінде түсінілген еркіндіктің ұжымдық (антикалық түсінікке жақын) түсінігі;

4) биліктің тоталитарлық, абсолюттік сипаты, іс жүзінде халықпен (таппен, ұлтпен) теңестірілген көсемдердің билігі, азшылықтың, оның ішінде жеке адамның толық қорғансыздығы;

5) адам құқығы мәселесінің болмауы, себебі тұтас нәрсе мемлекет өзінің құрамдас бөліктерінің жағдайының жақсы болуына онсыз да мүдделі;

6) жалпы саяси жұмылдыру, азаматтардың басқаруға тікелей қатысуы, өкілділік органдары мен қызметтегі адамдарды халықтың қызметшісі, оның еркін жүзеге асырушысы деп қарау;

7) әлеуметтік демократияның жариялануы.

Ұжымдық демократия теориялары өзінің іске аспайтығын немесе либералдық түсініктегі демократиямен үйлесімсіздігін көрсетті. Оларды жүзеге асыру жаңа үстем тап - номенклатураның пайда болуына және тоталитаризмге, яғни жеке бостандықтың қандай түрін болса да жаншуға, басқаша ойлаушыларға қарсы террорға әкелді.

«Таптық», «ұлттық», немесе «жалпыхалықтық» ортақ ерік бір адамның немесе топтың саяси үстемдігін ақтайтын миф болып шықты.

Алайда өзінің іске аспауына қарамастан, классикалық либералдық демократияның таптық шектеулігін сынау нәтижесінде пайда болған ұжымдық

демократия оны іске асыру эксперименті Батыс елдердегі либералдық басқару нысандарының дамуы мен саяси ойдың дамуына үлкен әсер етті.

Плебисцитарлық партиялық демократия теориясы. Ұжымдық, идентитарлық демократияның кейбір маңызды идеялары қазіргі заманғы Батыс теорияларында көрініс тапты. Олардың ішінде көрнекті түрі - партиялық демократияның плебисцитарлық мандаттық теориясы болып табылады. Ол Руссоның әрбір азаматтың өз өміріне ықпал ететін заңдарды белгілі бір дәрежеде қолдау немесе қолдамау мүмкіндігі болуы тиіс деген идеяны дамытады. Бұл теория бойынша, тұрғындарының саны көп, ежелгі грек полистеріне қарағанда үлкен аумақты алып жатқан қазіргі заманғы мемлекеттерде *халық билігінің антикалық үлгісі «партиялық мемлекетте» толық жүзеге асады.*

Түрлі партиялық бағдарламалар азаматтарға сайлау көмегімен мемлекеттік саясатқа тікелей ықпал етуге мүмкіндік береді. Бұл бағдарламалар азаматтардан алған мандат, аманат ретінде болды, оны депутаттар, үкімет орындауы тиіс. Депутаттардың партиялық бағдарламаларымен, құрылымымен байланыстылығы оларды халықтың еркін тікелей білдірушілерге айналдырады. Осылайша халық пен үкіметтің біртұтастығы іске асады.

Сынаушылардың пікірі бойынша, бұл концепция іске аспайды, нақты өмірмен сәйкес келмейді. Қазіргі заманғы «халықтық партиялардың» белгілі әлеуметтік базасы жоқ, олар тұрғындардың түрлі топтарының дауыстарын өздеріне тартуға тырысады. Сондықтан олардың сайлау алдындағы платформалары жалпы сипат алған, тұманды, бір-бірінен айырмашылығы жоқ, мазмұндары қайшылықты эмпирикалық зертеулер көрсеткендей, сайлаушылардың көп бөлігі партиялық бағдарламалармен таныс емес, өз тандауын жасарда дәстүрлі партиялық жетекшілердің тартымдылығын, символикасын т.б. басшылыққа алады. Осыларға байланысты «партиялық демократия» халық билігінен алшақ.

Ғылыми-техникалық және информациялық революциялардың, жұмысшы, социал-демократиялық, коммунистік т.б. қозғалыстардың, сонымен бірге мемлекеттік-бюрократиялық социализм елдерінің және ХХ ғасырдың екінші жартысындағы т.б. факторлар ықпалымен либералдық демократия жаңа сатыға көтерілді.

Плюралистік (алуан түрлілік) демократия. Қазіргі заманғы демократияның батыстық үлгісі либералдық саяси жүйеден өсіп шықты және оның мынадай басты ұйымдастырушылық принциптерін: конституционализм, биліктің бөлінуі т.б. және мынадай құндылықтарын: жеке бас еркіндігі, адам құқықтары, азшылық автономиясы т.б. негізге алды. Қазіргі заманғы демократияға түрліше баға беріп, оны түрліше атайды. Оны көбінесе *плюралистік* деп атайды.

Классикалық либералдық мемлекетпен ұқсастығына қарамастан, қазіргі заманғы демократияның одан біраз айырмашылығы бар. *Оның негізгі ерекшеліктері сонда, ол ұйымдасудың түрлі идеяларына, концепцияларына және нысандарына сүйенеді, дәстүрлі либералдық құндылықтарды социалистік, христиандық, коммунистік және т.б. қозғалыстардан алынған идеялармен үйлестіруге, постиндустриялық қоғамның жаңа жағдайларын есепке алуға тырысады.*

Демократияның плюралистік концепциясының көрнекті өкілдері - Г.Ласки, Д.Труман, Е. Франкель, Р.Даль.

Демократияның маңызды мәселесі - халықты түсінуде плюралистік концепция қазіргі заманғы демократиялық мемлекетте саясаттың қозғаушы күші

дара тұлға немесе халық емес, *топ* болып табылады дегеннен бастау алады.

Топта, топаралық қатынаста ғана жеке адам, оның мүдделері, құндылықтық бағыттары, саяси іс-әрекеттің себептері қалыптасады. Әрбір адам көптеген топтардың: отбасылық, кәсіптік, этникалық, діни, аймақтық, демографиялық т.б. өкілдері болып табылады. Топ арқылы жеке тұлға өз мүддесін көрсетіп, оны қорғай алады.

Ал халық саясаттың басты субъектісі бол алмайды, себебі ол билік үшін бәсекелесетін түрлі топтардан тұратын ішкі қарама-қайшылығы бар құрылым. Демократияның мәні - қоғамда көп түрлілікті, плюрализмді ынталандыру, барлық азаматтардың бірігуіне мүмкіндік беру, саяси шешімдерде көрініс табатын өзара келісімдер арқылы олардың тепе-теңдігіне жету.

Демократия тұрақты көпшіліктің билігі емес, себебі көпшілік өзгеруге бейім, біртекті емес, ол түрлі индивидтердің, топ, бірлестіктердің келісімі негізінде қалыптасады.

Плюралистік демократия концепциясы бойынша *демократия түрлі қоғамдық топтарға өз мүдделерін еркін білдіруге және бәсекелі күресте олардың теп-теңдігіне әкелетін келісілген шешімдер табуға мүмкіндік беретін басқару нысаны болып табылады.*

Плюралистік демократияның *ерекше белгілері:*

1. мүдделі топ - демократиялық саяси жүйенің орталық элементі, ол жеке адамның мүдделерінің, құқықтарының, еркіндіктерінің жүзеге асырылуына кепілдік береді. Мұнда жеке адам екінші орынға қойылады, алайда оның биліктің алғашқы субъектісі ретіндегі статусы жойылмады;
2. ортақ ерік түрлі топтардың жанжалды өзара іс-әрекеттері арасындағы келісімнің нәтижесі ретінде пайда болды;
3. топтық мүдделердің бәсекелестігі мен тепе-теңдігі демократиялық биліктің жеке оның дамуының әлеуметтік негізі;
4. шектеуліктер мен қарама-қарсылықтар институтционалдық салаға ғана емес (либерализмдегідей), сонымен бірге әлеуметтік салаға да, бәсекелесуші топтарға да таралады.
5. «ақылға сыйымды эгоизм», жеке, топтық мүдделер саясаттың қозғаушы күші;
6. мемлекет-«түнгі сақшы» (либерализм) емес, қоғамдық жүйенің барлық секторының дұрыс жұмыс істеуіне жауапты және қоғамда әлеуметтік әділеттілікті қолдайтын орган.

Демократияның плюралистік теориясы әлемнің көптеген елдерінде мойындалып, іске асырылуда. Алайда оның идеялары да сынға ұшырауда. Оның негізгі *кемшіліктері:* шындықтың идеалдандырылуы, тұрғындардың топтық бірыңғайлылығын шамадан тыс көрсетуі, азаматтардың мүдделер топтарына қатысу мәселесі; түрлі қоғамдық топтардың саяси ықпалының теңсіздігін есепке алмау немесе оның мүлдем ескерілмеуіне байланысты; әлеуметтік теңсіздіктің сақталуы, түрлі топтардың өз мүдделерін анық сезініп, бәсекелі күресте оларды қорғаудың қабілеттерінің бірдей еместігінен көрінеді, бұл плюралистік демократия теориясындағы түрлі қоғамдық топтардың үйлесімді тепе-теңдігі туралы түсініктерге қайшы келеді;

Плюралистік демократия консервативті, себебі шешім қабылдау үшін барлық мүдделі топтардың келісімі қажет, ал мұны өмірде қамтамасыз ету қиынға соғады делінеді. Плюралистік демократия үлгісінің кемшіліктері болғанына

қарамастан, халық билігі идеалына, нақты өмірге одан жақын саяси жүйе үлгісі жоқ. Биліктің субъектісі ретінде халықтың күрделі топтық құрылымына баса назар аударып отырып, ол қазіргі заманғы демократияның барлық қырларын бейнелей алмайды.

Биліктің жүзеге асырылуы процесіне көңіл аударатын теорияларға демократияның репрезентативті (өкілділік) және партиципаторлық (саяси қатысу) теориялары жатады.

Репрезентативті демократия концепциясы халық алдында жауапты және құзіретті өкілділік басқарудан бастау алды. Репрезентативті демократия *парламентаризмде, элитаризмде* дамытылды.

Партиципаторлық демократия теориясы репрезентативті демократияны сынаудың негізінде ХХ ғ. 60-70 жылдары пайда болды. Бұл теория демократияны жеке адамның ар-намысын құрметтеуді қамтамасыз ететін қоғамдық өмірдің барлық саласын ұйымдастырудың әмбебап принципі ретінде қарастырудан бастау алады. Демократия барлық жерде отбасында, білім орындарында, өндірісте, партияда, мемлекетте т.б. болуы керек. Азаматтар өз өкілдерін сайлауға, референдумға, жиналыстарда шешім қабылдауға ғана емес, сонымен бірге саяси процеске шешімдерді дайындау, қабылдау және оларды жүзеге асыруға, оның орындалуын бақылауға да белсене қатысуы тиіс.

Бұл теорияның оппоненттерінің, сынаушыларының пікірі бойынша, мұндай демократия өмір сүру нысаны, өмірді ұйымдастырудың әмбебап принципі бола алмайды, себебі демократияның негізіне алынған еркіндік пен теңдік идеялары өздерінің пайда болуынан бастап, азаматтар мен мемлекеттің өзара қатынасына байланысты және табиғи теңсіздік пен өмір сүрудің кейбір салаларындағы мысалы, мұғалім мен оқушылар, басшы мен оның қарауындағылардың т.б. өзара қатынастарына тән еріксіз көндіруге қайшы келді.

3. Демократияға өтудің құндылықтары, алғы шарттары және жолдары.

Әлемде демократияны тарату - күрделі және қарама қайшылықты құбылыс болып отыр. Кез-келген мемлекет демократияға дайын ба және демократия қоғам мен жеке адамдарға не бере алады, мемлекеттіліктің бұзылуын, бейберекетсіздікті, анархияны ма, әлде еркіндікті тәртіпті, гүлденуді ме? Бұл сұрақтарға жауап беру қоғамның демократиялануы жолына түскен көптеген постсоциалистік елдер үшін маңызды.

Көптеген он жылдықтар бойы либералдық демократия коммунистік идеология мен «әкімшілік социализм» елдерімен күресте Батыстың басты символдарының бірі болып келді. Бұл демократия туралы түсініктерде өз ізін қалдырып, демократияның идеалдандырылуына, оның мүмкіндіктеріне көтермеленген баға беруге әкеліп, демократияны барлық елдермен халықтар үшін саяси құрылыстың әмбебап және ең таңдаулы нысаны ретінде негіздеуге ұмтылуға әкелді.

Әлемдік саяси ойларда демократияның *құндылықтық және ақылға сыйымды тәжірибелік* (рационалды-утилитарлық) негіздемесі бар. Алғашқысы демократияның өзін мемлекеттік құрылыста маңызды жалпы адамзаттық құндылықтар: еркіндік, теңдік, әлеуметтік әділеттіліктің және т.б. нақты жүзеге асырылуы көрініс беретін құндылық деп қарастырады.

Маңызды демократиялық *құндылықтардың* бірі - *еркіндік*. Мыңдаған жылдар бойы еркіндіктің көптеген көріністері игілік деп есептелеген жоқ.

Қазіргі заманғы дүниеде еркіндікке ұмтылу күшейсе де, көптеген адамдар

оны, әсіресе саяси еркіндікті материалдық игілікке, қауіпсіздікке және тәртіпке оңай алмастырады.

Демократия үшін саяси еркіндік оның ажырамас бөлігі болып есептеледі. Дүниеге дарашыл көзқарас пен жеке адамның санасының дамуымен адамдардың мемлекеттік істерге қатысуға деген ұмтылысы күшейіп, саяси еркіндік қоғамдық құндылықтардың біріне айналды. Алайда саясат қазіргі заманғы адам өміріне үлкен ықпал еткенімен, билікке тең құқықты ықпал етуді көптеген адамдар маңызды құқық деп есептемейді. Бұл азаматтардың өмірлік маңызды мүдделерінің саяси саладан тыс болуынан және олардың іске асырылуын тікелей демократиямен байланысты еместігі арқылы түсіндіріледі. Саяси еркіндік, тіпті олардың жүзеге асырылуына кедергі болуы мүмкін.

Қазіргі заманғы әлемде азаматтардың көпшілігі демократияның келесі бір *құндылығы – теңдікті* әр адам үшін өмір мүмкіншіліктері, өзін-өзі іске асыру мүмкіндіктері, дамуы, істеген ісіне қарай тиісінше бағалануы ретінде түсінеді. Демократия мүмкіндіктер теңдігімен әлсіз байланысты, ол азаматтардың формальды түрдегі теңдігін, яғни заңды тұлға ретіндегі тең құқықтылығын білдіреді. Саяси теңдік терең әлеуметтік теңсіздікті жасыруы мүмкін.

Егер демократия жалпы мойындалған құндылық болмаса, мүмкін оның құрал, әдіс ретінде құндылығы бар шығар, яғни басқарудың басқа нысандарына қарағанда қоғам мен адамдарға барынша пайда келтіруге қабілетті шығар?

Демократияның пайдасына оның *ақылға сыйымды - тәжірибелік негіздемесі* оны азаматтар үшін пайдалы басқару нысаны ретінде қарастырады. Демократиялық басқару барлық қоғамдық топтарға өз мүдделерін үйлесімді сәйкестендіруге мүмкіндік береді. Демократия әлеуметтік баламаны табу және іріктеу механизмі болып табылады.

Демократия әмбебап, барлық кезеңдегі, барлық халықтар үшін ең таңдаулы басқару нысаны бола алмайды.

Тарих көрсеткендей, демократия халықтың саяси мәдениеті мен менталитетіне сәйкес келіп, қажетті экономикалық және әлеуметтік алғы шарттары болса ғана, игілік бола алады. Әйтпесе, ол құлдырап, демагогтар бағыттаған тобыр билігі - охлократияға құлдырап, бейберекетсіздік пен анархияға, ақырында диктаторлық режимге әкеледі.

Қазіргі заманғы дүниеде басқарудың демократиялық формаларына деген тұрғындардың ұмтылысы өсіп келеді. Белгілі бір алғы шарттар болса, демократия басқа басқару нысандарына қарағанда біраз артықшылықтарға ие. Демократиялық емес барлық саяси жүйелердің кемшілігі сол, оларды халық бақылай алмайды, яғни олардың азаматтармен қатынасы билеушілердің еркіне тәуелді. Биліктің жүгенсіздігінен, азаматтарды мемлекеттік бассыздықтан қорғаудың кепілдігін басқарудың демократиялық нысаны бере алады. Демократия жеке адамдарға ғана емес, саяси жүйенің өзіне де қажет. Билік демократиялық процедуралар арқылы халықтың өзін мойындауын қажет етеді.

Жеке еркіндік пен жауапкершілікке, өз эгоизмін шектеуге, заң мен адам құқығын құрметтеуге дайын тұрған халықтарға демократия, шын мәнінде жеке және қоғамдық даму үшін, гуманистік құндылықтар: еркіндік, тең құқықтық, әділеттік, әлеуметтік шығармашылық үшін барынша мүмкіндіктер туғызады.

Демократияның алғы шарттары. Демократия идеялары қазіргі заманда кең таралып, мойындалғанымен, басқарудың бұл нысаны жағдайында адамзаттың аз бөлігі өмір сүреді. Көбіне демократиялық басқару нысандары өмірге қабілетті

болмай, күйреп жатады. Демократияға өтуге қандай факторлар мүмкіндік береді және оның тұрақтылығы неге байланысты? Бұл сұрақтарға жауап беру үшін екінші дүниежүзілік соғыстан кейін көптеген ғылыми зерттеулер жүргізілді. Олардың негізінде демократияның экономикалық, әлеуметтік, мәдени, діни, сыртқы саяси алғы шарттары анықталды.

Демократияның *экономикалық алғы шарттарына*: индустриялық және экономикалық дамудың жоғарғы дәрежесі; урбандалудың жоғарғы дәрежесі; бұқаралық байланыс құралдарының дамығандығы; рыноктық, бәсекелі экономика жатады.

Демократияның *әлеуметтік алғы шарттары*: азаматтардың салыстырмалы түрдегі тұрмыс хәлінің жоғарғы дәрежесі; қоғамдық байлық әлеуметтік теңсіздікті бәсеңдетсе ғана, қоғамның демократиялануына игі ықпал етеді; әлеуметтік игіліктердің дұрыс бөлінуі; әлеуметтік плюрализмнің болуы; саны көп және ықпалды орта таптың болуы; кәсіпкерлердің - рынокпен байланысты бәсекелі буржуазияның болуы; тұрғындардың сауаттылығы, жалпы білім дәрежесінің жоғары болуы;

Экономикалық және әлеуметтік факторлардың мемлекеттік құрылысқа ықпал етуі көбінесе қоғамдағы *саяси мәдениетпен* байланысты. Демократияға саяси мәдениеттің америкалық саясаттанушылар Г.Алмонд пен С.Верба анықтаған азаматтық (белсенді) мәдениет деген типі сәйкес келеді.

Саяси мәдениетке жеке азаматтардың мінез-құлқына *дін* де үлкен ықпал етеді. Дін демократияға өтуге кедергі келтіруі де және оны ынталандыруы да мүмкін.

Демократияның ішкі алғы шарттарын сипаттайтын экономикалық, әлеуметтік, мәдени және діни факторлармен бірге *сыртқы ықпал* да маңызды. Ол екі жақты: тікелей әскери, саяси, экономикалық, мәдени-информациялық т.б. арқылы етеді және демократиялық мемлекеттер үлгісінің ықпалы арқылы да әсер етеді.

Тарих көрсеткендей, демократия ішкі даму нәтижесі ғана емес, сонымен бірге сыртқы ықпал, оның ішінде күш арқылы да орнауы мүмкін. Алайда сырттан енгізілген демократия ішкі алғы шарттар болмаса жүзеге аспайды.

Демократияланудың жалпы үлгілері. Түрлі елдердің демократияға өту тәжірибесінен талдау нәтижесінде бұл процестің үлгілерін анықтауға мүмкін болды. Демократияланудың классикалық үлгісі болып оның британдық нұсқасы есептеледі. Оның мәні монархиялық билікті бірте-бірте шектеуде, азаматтар мен парламенттің құқықтарын кеңейтуде болды. Бірте-бірте сайлау ценздері де шектеліп, кейін жойылады. Парламент жоғарғы заң шығарушы орган болып, үкіметті бақылайды. Демократияландырудың бұл үлгісін *сызықтық* деп атайды, себебі ол бірте-бірте жүргізіліп, демократияның бір бағытта кеңеюін көздеді.

Сызықтық үлгіден демократияландырудың *цикльдік* үлгісінің біраз айырмашылығы бар. Ол басқарудың демократиялық және авторитарлық нысандарын алмастырып отыруды ұсынады. Бұл жағдайда халық сайланған үкіметтерді әскерилер төңкеріс жасап, билікті басып алады, өздерінің танымал еместігінен олар оппозицияның күшті қарсылығына кездеседі.

Цикльдік үлгіде авторитарлық және демократиялық институттар бір-бірімен қатар болуы мүмкін. Мысалы, парламентпен қатар мемлекетте әскерилер ролді болды. Бұл үлгі Латын Америкасында, Африкада, Азияда кең таралған. Демократиялануға өтудің мұндай түрі созылыңқы болып қиынға соғады. Ол

демократияның ішкі алғы шарттарының толық жетілмендігін демократиялық саяси мәдениеттің жетілмендігін көрсетеді.

Цикльдік үлгіге қарағанда демократияланудың *диалектикалық* үлгісінің болашағы көп. Ол цикльдік үлгі сияқты өтпелі саяси режимдердің тұрақсыздығымен сипатталады. Алайда оның ерекшелігі демократиялануға өту дамыған ішкі алғы шарттар арқылы жүзеге асады. Бұл және басқа да факторлардың өсуі авторитарлық режимдердің тез және аяқ астынан күйреуіне әкеледі. Одан кейін демократиялық үкіметтер, қайтадан авторитарлық режимдер, ақыры бірте-бірте тұрақты, өмір сүруге қабілетті демократия орнайды. Көптеген елдер: Италия, Греция, Испания, Австрия, Чили т.б. осындай даму жолын басынан өткізді. Бұрынғы КСРО елдері, Ресей осындай оқиғаларды бастан кешіруде.

Демократияланудың заңдылықтары. Демократиялану процесінің жалпы үрдістері немесе заңдылықтары бар. Демократияланудың тұрақтылығы мыналарға байланысты: 1) оған бірте-бірте көшуге және ол үшін күшті ең аз мөлшерде қолдану; 2) қайта құруларды жоғарыдан, элиталардың келісімі арқылы жасау; 3) саяси тұрақтылық қажет;

Демократиялануға өту жолдары. XX ғасырдың 80-90 жылдары әкімшілік социализм елдерінің көпшілігінде авторитарлық және тоталитарлық режимдер күйреді. Бұл елдер демократиялану жолына түсе бастады. Қоғамды демократияландыру мен қайта құру жолына түскен елдерде қоғамдық және саяси қайта құрулардың екі негізгі жолы көрінеді:

1) либералдандыру жолы. Ол батыс үлгісіндегі тез саяси және экономикалық либералдануды («шоковая терапия») ұсынады. Шығыс Европа елдерінің көбі, КСРО осы жолды таңдады. Олардың ішінде, саяси мәдениеті, экономикалық уклады Батысқа жақын елдерде өндірістің құлдырауы т.б. жағымсыз құбылыстар болса да, қоғамның демократиялануы мен өзгеруі табысты болды. Батыс елдеріне тән көп жылдарлық дәстүрлі рыноктық экономикасы мен дарашылдық мәдениеті жоқ елдерде демократияланудың либералдық үлгісін жүзеге асыру ауыр, қиратушы салдарға әкелді: әлсіреуге, қылмыстың өсуіне, мемлекеттің ыдырауына, саяси және экономикалық анархияға, кейде соғыстарға, өндірістің бірден құлдырауына, тұрғындардың көпшілігінің жағдайының нашарлауына. Демократияланудың бұл үлгісін қабылдау, әсіресе КСРО үшін ауыр салдарға әкелді.

2) реформалаудың қытайлық үлгісі. «Демократияланудың» кеңестік тәжірибесінен кейін ресми идеология ретінде коммунистік идеологияны сақтаған елдер, ең алдымен Қытай тоталитарлық саяси құрылымдарды модернизациялау, мен реформалаудың өзіндік үлгісін жасады, ол «жаңа авторитаризм» деп аталды. Бұл үлгінің мәні - орталықтың күшті билігін сақтау және оны саяси тұрақтылықты сақтау мен сыртқы әлем үшін ашық рыноктық экономиканы дамытуды көздейтін радикалды экономикалық реформалар жүргізу үшін пайдалану. Қытай үлгісі өзінің экономикалық және әлеуметтік нәтижелілігін көрсетті. Қытайлық үлгі батыстық үлгідегі саяси институттарды тікілей енгізбегенімен, іс жүзінде демократияланудың алғы шарттарын жасап, азаматтардың жеке құқықтарын кеңейтіп, оларды толық бақылаудан босатты.

Қазақстандық саясаттанушылар, қоғамтанушылар еліміздің батыстың либералдық үлгілеріне де көзсіз бағдар алмағанын және авторитарлық модернизация тәжірибесін сол күйінде қайталамағанын дұрыс көреді. Саяси және шаруашылық реформалаудың тиімді үлгісі өз ерекшеліктерін, дүниежүзілік

тәжірибені әбден сараптап, барынша дамыған және гуманистік қоғам құру үшін белсенді және нақты мемлекеттік саясат жүргізу нәтижесінде табылады.

Бақылау сұрақтары:

1. «Демократия» ұғымының қандай түсініктері бар?
2. Демократияның ерекше белгілерін атаңыз.
3. Халықтың құрамын түсінуге байланысты демократияның қандай түрлері бар?
4. Тура, плебисцитарлық және өкілділік демократияларының айырмалары қандай?
5. Саяси және әлеуметтік демократия деген не?
6. Демократияның қандай негізгі теорияларын білесіз?
7. Басқарудың басқа нысандарына қарағанда демократияның артықшылығы неде?
8. Демократияға өтудің қандай ішкі, сыртқы алғы шарттары бар?
9. Демократияланудың жалпы үлгілері және олардың мазмұны қандай?
10. Демократияланудың қандай жолдары бар?

2.3 Қазіргі заманғы саяси жүйелер.

Саяси ғылым – саяси жүйелердің қызметі мен өмір сүруі туралы ғылым.

Д.Истон

1. Саяси жүйелердің теориялық модельдері.
2. Саяси жүйелер типологиясы.
3. Қазіргі заманғы негізгі саяси жүйелер.

1.Саяси жүйелердің теориялық модельдері. Саяси жүйе түсінігі саясаттанудағы негізгі категориялардың бірі, ол қоғамның саяси өмірін, саяси процестерді түсінуге мүмкіндік береді. Саяси жүйе қоғамның саяси тыныс-тіршілігінің институттық-биліктік негізі және қоғамды ұйымдастырушы, бағыттаушы бастама болып табылады. Саяси жүйе – саяси билік арқылы орталықтан басқарылатын қоғамның тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін, біртұтас организм ретіндегі күрделі құрылым.

Қоғамның саяси жүйесі деп билік жүргізіп, қоғамда тұрақтылық пен тәртіпті қамтамасыз ететін саяси субъектілер арасындағы өзара қатынастардың, мемлекеттік және мемлекеттік емес қоғамдық институттардың, құқықтық және саяси нормалардың тұтас жиынтығын айтады. «Саяси жүйе» ұғымына қарағанда «*саяси өмір*» ұғымының мағынасы кең, ол қоғамдағы барлық дәрежедегі саяси байланыстарды, құбылыстарды, процестерді қамтиды. Саяси жүйе – саяси өмірдің бір бөлігі ғана.

«Жүйе» ұғымы қоғамдық ғылымдарға биология мен кибернетикадан енді. ХХ ғ. 20-жылдарында неміс биологы Л.фон Борталанфи бұл терминді клетканың сыртқы ортамен алмасу процесін көрсету үшін пайдаланды. Ғалым *жүйеге өзара байланыста болатын элементтердің біртұтас жиынтығы* ретінде қарады. Жүйенің бір элементі өзгеріске ұшыраса, барлық тұтастық өзгереді. Жүйе сыртқы дабылдарға және өзінің ішкі элементтерінің талаптарына жауап қайтару арқасында дамиды.

Кейін жүйелілік тәсіл қоғамдық ғылымдарда пайдаланыла бастады. Әлеуметтануда қоғамды жүйелілік тұрғыдан талдап, бұл ұғымды әлеуметтану мен саясаттануға алғаш рет америкалық зерттеуші *Т.Парсонс* енгізді. Ал алғаш рет саяси жүйе теориясын келесі бір америкалық саясаттанушы Д.Истон жасады.

Т.Парсонс теорияларында қоғам әрқайсысы белгілі бір функция (қызмет) атқаратын төрт жүйешелерден тұратын күрделі, ашық жүйе деп қаралады.

Әр жүйешенің өз функциясын орындауы қоғамның тұрақтылығы мен тұтастығын қамтамасыз етеді:

- *экономикалық жүйеше* қоғам мен табиғат арасындағы жалғастырушы ролін атқарады (бейімделу функциясы);
- *саяси жүйеше* шешім қабылдаудың барлық формаларын өзіне қамтиды, ұжымдық мақсаттарды анықтайды, оларға жету үшін ресурстарды жұмылдыруды қамтамасыз етеді (мақсат қою функциясы);
- *қауымдастық жүйеше (әлеуметтік)* қалыптасқан өмір сүру образын қолдайды және әлеуметтік бақылаудың барлық институттарын өзіне қамтиды (шоғырландыру функциясы);
- *әлеуметтену жүйешесі (мәдени)* адамдарды өмір сүріп тұрған мәдени жүйеге енгізуге мүмкіндік береді, өзіне мәдениетті, дінді, мектепті қамтиды (тұрақтылық және өзін-өзі сақтау функциясы).

Парсонс теориясының саясаттану үшін маңызы, ол саяси жүйені жүйелілік және құрылымдық-функционалдық тұрғыдан қарастырудың негізін салды.

Саясаттануда саяси жүйенің қызметінің бірнеше теориялық модельдері жасалынды:

- *жүйелілік;*
- *құрылымдық-функционалдық;*
- *ақпараттық-кибернетикалық.*

Жүйелік модельді алғаш рет *Д.Истон* жасады (3-схема). Ғалымның айтуы бойынша, саяси жүйенің мәні оның функциясында – қоғамдағы құндылықтарды авторитарлы бөлуден көрінеді. Жүйенің қызмет ету процесі сыртқы ортамен алмасу қатынастары арқылы көрсетіледі. Саяси жүйені сыртқы ортадан түсіп отыратын импульстарға (әсерлерге) белсенді жауап қайтаратын өзін-өзі реттейтін, өзін-өзі дамытатын организм ретінде қарайды.

Саяси жүйе сыртқы ортамен «кіріс» және «шығыс» принциптері арқылы байланысады. Кірістің екі түрі бар: *қоғамдастықтың талаптары* (бұл қоғамдағы қазына мен қаржының дұрыс немесе бұрыс бөлінуі туралы билік органдарына үндеуі деуге болады, мысалы, жалақыны көбейту, әлеуметтік бағдарламаларды кеңейту, азаматардың құқығы мен бостандығы, әскерді милитандыруға қаржыны азайту т.б.). Мұндай талаптар көбейіп оған билік басындағылар назар аудармаса, саяси жүйе әлсірейді.

Кірістің келесі түрі: *қолдау*. Ол үстемдік етіп тұрған жүйені күшейтеді. Қолдау материалдық формада (салықты уақытында төлеу, әскери қызмет т.б.) және заңдарды сақтау, билік органдарын құрметтеу, мемлекеттік символдарды құрметтеу, саяси өмірге белсене қатысу т.б. түрінде болуы мүмкін. «Кіріс» нәтижесінде сыртқы орта саяси жүйеге ықпал жасайды. Жүйе түскен талаптарды қарастырады, реттейді. Мұның салдары ретінде саяси жүйе түскен талаптарға немесе көрсетілген қолдауға жауап береді, яғни «шығыс» жасайды.

Егер билік басындағылар қоғам мүшелерінің талаптарын тыңдамаса, оның шешімдері қолдау таппайды. Егер талаптар шамадан тыс көп болмаса және «кіріс» пен «шығыс» әрекеттері дер кезінде үйлестіріліп отырса, саяси жүйе тұрақты қызмет атқарады. Жүйенің шешімдері мен іс-әрекеттерін халықтың қолдауы оның легитимдігінің шарты болып табылады.

Ал керісінше, саяси жүйені қолдаудың болмауы оны дағдарысқа әкелуі

мүмкін. Биліктің қате шешімдері тұрақсыздандырғыш фактор ретінде болуы мүмкін.

Саяси жүйенің *құрылымдық-функционалдық моделін Г.Алмонд* жасады. Ол Истонның идеяларын одан әрі дамытты. Бұл теорияда саяси жүйенің негізгі функцияларының мәнін ашуға көңіл бөлініп, саяси жүйенің элементтері мен жүйелерінің өзара әрекетіне талдау жасалды. Жүйеге талдау жасау мынадай екі деңгейде жүргізілуі тиіс санады:

- институционалдық деңгейде (саяси институттарды зерттеу);
- бағдарлық (саяси мәдениетті зерттеу).

Алмонд бойынша, саяси жүйе – қоғамдағы реттелікті, тәртіпті қамтамасыз ететін жасампаздық қызмет атқаратын заңды түрде мойындалған (легитимдігі) күштердің жиынтығы. Истон өз теориясында қоғамдағы болып жатқан процестерді талдауға басты назар аударды, ал Алмонд саяси өмірдегі тұрақты құрылымның маңызын анықтауға баса көңіл бөлді. Құрылымдық тұрғыдан алғанда жүйе өзіне формальды (үкіметтік органдар) және формальды емес институттарды (топтық бірлестіктер), бұл институттардың мінез-құлықтық аспектілерін, жекелеген азаматтардың белсенділігін қамтиды.

Саяси жүйе дегеніміз – қоғамдағы көпшілік билігін жүргізетін және азаматтардың мемлекеттегі байланысын ұйымдастыратын әлеуметтік-саяси институттар мен құндылықтар жиынтығы. Ол қоғамның саяси өмірінің негізгі мазмұнын көрсететін және оның даму деңгейін, сапалық деңгейін, жүйелілігін, дәрменділігін және тұрақтылығын көрсететін бірыңғай құбылыс. Саяси жүйе арқылы әртүрлі ұйымдар, қозғалыстар, партиялар саяси билікке өз ықпалдарын жүргізіп отырады. Сондықтан қоғамның саяси жүйесі бүкіл қоғамның әлеуметтік-экономикалық, саяси және рухани өмірінің қозғалу механизмін көрсетеді.

Саяси жүйенің өз *құрылымы* бар, ол мынандай *элементтерден* (немесе жүйешелерден) тұрады:

- *институционалдық жүйеше*, яғни саяси институттар (ұйымдар мен мекемелер) ол түрлі мемлекеттік және қоғамдық-саяси институттардан және саяси емес ұйымдардан, бұқаралық ақпарат құралдарынан тұрады. *Саяси институттар* дегеніміз – қоғамның саяси өмірін ұйымдастыру әдісі. Саяси институттар – ерекше өкілдік құқық берліген және арнайы саяси қызметі белгілі адамдардың тобы. *Саяси ұйымдар* дегеніміз – саяси мақсаттарына байланысты біріккен адамдар тобы. Саясаттанушылар саяси ұйымдарды үшке бөледі: 1) *толық саяси ұйымдар*, оған мемлекет және партиялар жатады. Олардың қызметінің негізгі түрі билік жүргізу және билік үшін күрес болып табылады. Саяси ұйымдардың ішіндегі ең негізгісі – мемлекет, ол саяси жүйенің негізгі элементі; 2) *жартылай саяси ұйымдар* – кәсіподақтар, жастар, ардагерлер, кәсіпкерлер одақтары, экологиялық қоғалыстар, БАҚ т.б. Саясат олардың негізгі мақсаты болмағанымен, олар мемлекеттік билікке қысымшы топтар ретінде ықпал етіп, сайлау науқанына белгілі бір дәрежеде әсер етеді; 3) *саяси сипат алмайтын ұйымдар* – творчестволық (мәдени), ғылыми-техникалық қоғамдар, спорттық одақтар. Қызметі саясатпен байланысты болмаса да, белгілі бір жағдайларда саяси жүйеге жанама түрде әсер етеді;
- *коммуникативті жүйеше (саяси қатынастар)* саяси жүйенің, оның жүйешелерінің арасындағы қатынастар мен өзара әрекеттер принциптерінің жиынтығын құрайды. Қатынастар еріксіз көндіру, қайшылық, бейтараптану,

оқшаулану немесе ынтымақтастық түрінде көрінуі мүмкін. Саяси қатынастар саяси жүйенің барлық құрылымдық элементтерін байланыстырады. Саяси қатынастардың ерекшелігі, жалпы билік қатынастарын, яғни адамдардың үлкен топтарының арасындағы саяси және мемлекеттік билікке қатынастарын көрсетеді;

- *нормативті жүйеше (саяси ережелер мен нормалар)*, саяси жүйенің құрамына кіретін ұйымдардың іс-әрекеті және өзара әсері әлеуметтік-саяси және құқықтық нормалармен реттеледі. Оларға конституция, заңдар, нормативтік актілер, тарихи және ұлттық дәстүрлер, мораль, саяси өмір этикасы, әдет-ғұрыптар жатады;
- *мәдени-идеологиялық жүйеше (саяси сана мен саяси мәдениет)* саяси көзқарастардың, теориялардың, концепциялардың, саяси және құқықтық мәдениеттің жиынтығы жатады. Саяси мәдениет саяси жүйенің қызметіне үлкен әсер етеді. Саяси сана мен саяси мәдениет қоғамның саяси өмірінің сапалық жағын көрсетеді.

Кез келген саяси жүйе жан-жақты қызмет (функция) атқарады. Оның негізгі қызметтеріне мыналар жатады (4-схема):

- *қоғамға саяси басшылық жасау*, оның ішінде қоғамдық дамудың стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін анықтау;
- *құндылықтар, идеалдар, рәміздер негізінде қоғамдық-саяси құрылысты біріктіруі*;
- *реттеу функциясы* – саясат субъектісі сақтауға міндетті белгілі бір мінез-құлық ережелерін жасау;
- *ресурстарды жұмылдыру*. Алға қойған мақсаттарды жүзеге асыру үшін қоғам ресурстарын барынша пайдалануды қамтамасыз ету;
- *материалдық және рухани құндылықтарды т.б. бөлу функциясы*.

2. Саяси жүйелер типологиясы. Саясаттануда саяси жүйені жіктеуде әртүрлі өлшемдер қолданылады. Саяси жүйелердің типологиясын жасауда қоғамда жүзеге асырылатын саяси биліктің мәні негізгі өлшем болып алынады. Сонымен бірге саяси жүйелерді жіктеуде қоғамның экономикалық даму дәрежесі, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының жүзеге асырылу мүмкіндіктері, көлемі, әдістері және плюрализм, азаматтық қоғамның болуы, саяси мәдениет дәрежесі т.б. факторларды есепке алу маңызды болып табылады.

XX ғасыр басында неміс ғалымы *М.Вебер* саяси жүйені жіктеу өлшемі туралы марксистік концепцияға қарсы *әлеуметтік-мәдени детерминатын* (негіздеуді, анықтауды) ұсынды. Саяси жүйені *марксистік* тұрғыдан талдаудың мәні саяси жүйенің дамуы мен қызмет етуінде *таптық факторды* абсолюттендіруі болды. Жүйелер ең алдымен олар қай таптың саяси мүдделерін білдіреді және әлеуметтік-экономикалық құрылымдарының сипатына, формацияларының типіне байланысты жіктелді. Осы өлшемдерге байланысты саяси жүйелерді құлиеленушілік, феодалдық, буржуазиялық және социалистік деп бөлді.

М.Вебер саяси жүйені жіктеуде оның *қызметінің формасы мен әдісін* негізге алды. Оның ойынша билік жүргізудің негізгі әдісі дәуірдің әлеуметтік сипатымен, азаматтық қоғамның даму дәрежесімен, бұқараның талаптарымен, билікті негіздеудің әдістерімен, элиталардың қабілеттіліктерімен анықталады. Үстемдіктің және саяси жүйелердің легитимдігінің типтеріне бағытталу тәуелділігіне байланысты оларды *дәстүрлі, харизматикалық, рационалдық* деп

бөлді. Вебер бойынша қоғамның саяси даму процесі дәстүрлі, харизматикалық жүйелерден жария, рационалды жүйелерге өту ретінде көрінеді.

Вебердің бұл зерттеулері саяси жүйелер типологиясын жасаудың қазіргі заманғы дамуына үлкен ықпал етті. Француз әлеуметтанушысы Ж.Блондельдің саяси жүйелерді басқарудың мазмұны мен формаларына байланысты мынандай типтерге бөлді:

- 1 *либералдық*;
- 2 *радикал-авторитарлық немесе коммунативтік (әлеуметтік) игіліктердің теңдігі және оған ие болудың либералдық әдістерін елемеумен сипатталады*;
- 3 *дәстүрлі* (материалдық және әлеуметтік игіліктерді біркелкі бөлу, олигархияның басқаруы, басқаруда консервативтік әдістер қолдану тән);
- 4 *популистік* (басқаруда авторитарлық әдістер мен құралдарға ұмтылу);
- 5 *авторитарлы-консервативті* («қатал» құралдар арқылы қалыптасқан теңсіздікті сақтау).

Г.Алмондтың саяси жүйені жіктеу принципі қазіргі саяси ғылым мен саяси тәжірбиенің талабына толығырақ жауап беретіндігін айтуға болады. Ол басты назарды қоғамды ұйымдастыру және басқару формасы мен оның (қоғамның) басты мұраты (идеалы) әрі ондағы құндылықтардың қаншалықты сәйкестіндіріліп, үйлестірілуіне аударды. Алмонд саяси жүйелерді мынандай төрт түрге бөлді:

- *ағылшын-американдық*;
- *құрылықтық-европалық*;
- *индустрияланбаған немесе жартылай индустрияланған*;
- *тоталитарлық*.

Саяси жүйенің *ағылшын-американдық* түрінің негізінде жатқан ортақ мақсат – ол адам бостандығы, халықтың тұрмыс-жағдайын жақсарту және мемлекет қауіпсіздігін сақтау идеясы. Бұл елдерде мемлекеттің алдына қойған саяси мақсат-мұратын және оған жетудің жолдары мен әдіс-тәсілдерін халықтың бәрі қолдайды, саяси мәдениет бірыңғайлығымен, біртектілігімен сипатталады. Билік тармақталған, ол толығымен жүзеге асады. Мұндай жүйе тұрақты және тиімді қызмет атқарады. Бұл саяси жүйе түріне ортақ нәрсе – ол биліктің бөлінуі, саяси плюрализм, шебер ұйымдастыру және бюрократия, жоғары тұрақтылық. Мұндай елдерге Алмонд АҚШ-ты, Англияны, Канаданы, Австрияны жатқызды.

Құрылықтық (континенталдық)-европалық саяси жүйенің саяси мәдениеті, ұстанатын құндылықтары әр түрлі келеді. Оларда ескі жүйенің де, жаңаның да элементтері араласып келіп отырады. Бұл елдердің саяси жүйесінде әр түрлі идеологияны ұстанатын партиялар көп және олар билікті жүргізуде ескі дәстүрлерді де сақтап отырады. Алайда ескі мәдениеттің де, жаңаның да либералдық құндылықтарға, заңдылыққа сүйенген ортақ негізі бар. Сондықтан олар келісім тауып жатады. Мұндай елдерге Францияны, Германияны, Италияны, Швецияны, Данияны т.б. жатқызуға болады.

Индустрияланбаған немесе жартылай индустрияланған саяси жүйеге аралас мәдениет тән. Онда батыстың құндылықтары, этникалық салт-дәстүрлер, діни әдет-ғұрыптар шоғырланған. Құрылықтық-европалық саяси жүйемен салыстырғанда онда ортақ негіз жоқ. Заң шығарушы, атқарушы, сот биліктері жете тармақталмаған. Бұл елдерде авторитарлық тәртіп, күшке сүйену бой алған. Бұған Азия, Африка және Латын Америкасының көптеген елдерінің саяси жүйесін жатқызуға болады.

Тоталитарлық саяси жүйе түріне Алмондтың типологиясы бойынша фашистік Италия, фашистік Германия, бұрынғы социалистік жүйеге жататын елдерді жатқызуға болады. Мұндай саяси жүйенің басты ерекшелігі – тәуелсіз орталықтандырылған билік және орталықтың билігіне қоғамның бүкіл саласы бағындырылады.

Одан әрі, саяси жүйенің ортамен өзара әрекетінің сипатына байланысты саяси жүйелерді *ашық және жабық* деп бөлуге болады. (Толық жабық жүйелер болмайды). Сонымен бірге саяси жүйелерді жалпы алғанда саяси дамуына байланысты *дәстүрлі және жаңарған (модернизацияланған)* деп жіктеу кеңінен таралған. Дәстүрлі жүйенің негізіне әлсіз дамыған азаматтық қоғам, саяси рольдердің әлсіз бөлінуі, билікті негіздеудің харизматикалық әдісі алынған. Модернизацияланған жүйелерде керісінше, дамыған азаматтық қоғам, билікті негіздеудің рационалды әдістері қалыптасқан.

Саясаттануда саяси билікті жүзеге асырудың әдісіне, тәсіліне, құрылыстарына, қоғамдағы саяси бостандықтың дәрежесіне, жеке адамның құқықтық жағдайына талдау негізінде саяси жүйелерді жіктеу ерекше танымал. Осы өлшемдерге байланысты *тоталитарлық, авторитарлық және демократиялық саяси жүйелер* деп жіктеледі.

3. Қазіргі заманғы саяси жүйелер. *Тоталитарлық саяси жүйе.* Тоталитаризм саяси жүйе түрі ретінде ХХ ғасырда пайда болды. «Тоталитаризм» термині латынның *«totalitas» (толық, біртұтас)* және *«totalis» (түгел, толық, тұтас)* сөздерінен шыққан. Оны саяси айналымға өз қозғалысын сипаттау үшін алғаш рет 1925 жылы *Муссолини* енгізген. ХХ ғасырдың 20 - жылдарының соңында ағылшындық «Таймс» газеті тоталитаризмді жағымсыз құбылыс ретінде жазған, онда Италиядағы фашизм ғана емес, сонымен бірге КСРО-дағы саяси құрылыс та сипатталған.

Тоталитаризм теориясы ХХ ғасырдың 40-50 жылдарынан бастап қалыптасып, дамыды. Тоталитаризм мәселелері бойынша алғаш классикалық теориялық зерттеулер – Ф. Хайектің «Құлдыққа апаратын жол» (1944) және Х.Арендтің «Тоталитаризмнің шығу көздері» (1951), К.Фридрих пен З.Бжезинскийдің «Тоталитарлық диктатура және автократия» (1956) еңбектері болды.

Тоталитаризмнің жалпы ерекшеліктері: қоғамды жаппай ұйымдастыруға ұмтылу, билік тарапынан жеке адамға толық бақылаудың болуы, әлеуметтік утопия сипатындағы революциялық тұрғыдан бүкіл қоғамдық жүйені радикалды (түбірлі) түрде қайта құру, жеке дара еркіндік пен әлеуметтік қайшылықтардың болмауы.

Тоталитаризм ХХ ғасырда іс жүзіне асты, алайда оның идеялық негіздері ежелгі заманнан басталады. Мемлекеттің тоталитарлық модельдерін деталды негіздеу – Платон, Т.Мор, Т.Кампанелла, Ф.Бабеф, Сен-Симон, Ж.Ж.Руссо, кейін Фихте, Гегель, Маркс, Ницше, Ленин, Сорель, Зомбарт т.б. ойшылдар еңбектерінде дамытылды.

Тоталитаризмнің белгілері. Тоталитарлық қоғамның маңызды белгісі – *бүкіл қоғамдық өмірдің идеологияландырылуы* (идеологияның үстем болуы). Тоталитаризмге ақпараттарға биліктің монополиясы, БАҚ-на толық бақылау, басқаша ойлаушылыққа жол бермеу, идеялық қарсыластарына саяси қарсылас ретінде қарау тән. Бұл құрылыста қоғамдық пікір ескерілмейді. Дарашылдық басып жанышталады. Ұжымдық сезімдер, теңгермешілдік,

көпшіліктен бөлінбеу уағыздалады.

Тоталитаризм азаматтық қоғамды, билікке тәуелсіз жеке өмірді толық жоюға тырысады. Қоғамның саяси жүйесі, яғни партиялық – мемлекеттік құрылым бүкіл әлеуметтік-экономикалық ұйымдасудың фундаменті болып, қатал иерархиялық құрылымымен ерекшеленеді. Тоталитарлық жүйенің өзегі жаңа, тоталитарлық типтегі партия басшылығымен жаңа тәртіп үшін күресетін орталықтандырылған саяси қозғалыс болып табылады. Бұл партия мемлекетпен бірігіп, қоғамдағы нақты билікті өз қолына шоғырландырады, саяси оппозицияға тыйым салады. Сонымен бірге тоталитарлық қоғамның саяси белгілеріне күшті әлеуметтік бақылау және еріксіз көндіру аппаратының болуы, жаппай террор, тұрғындарды қорқыту-үркітуді жатқызуға болады. *Соқыр сенім мен қорқыныш* – тоталитарлық басқарудың негізгі ресурстары болып табылады. Жоғарғы билік пен оны иеленушілерге, көсемге табынушылық жүзеге асырылады.

Идеология мен саясаттың үстемдігі әлеуметтік салада ғана емес, сонымен бірге экономикада да көрінеді. Тоталитаризмнің әлеуметтік-экономикалық белгілеріне: шаруашылық өмірдің этатизациялануы (мемлекеттендірілуі), әлеуметтік шектеу, рыноктық қатынастар мен бәсекені жою, жоспарлау, басқарудың әкімшілік-әміршілдік әдістері т.б. жатады.

Тоталитаризмнің *түрлерін коммунизм* (КСРО-дағы социализм), *фашизм* (Италияда) және *ұлттық-социализм* (Германияда) деп бөледі.

Авторитарлық саяси жүйе. Тарихта саяси жүйенің кең таралған түрінің бірі – *авторитаризм* (термин латынның «auctoritas» - билік, ықпал деген сөздерінен құралған, саясаттануда бір адамның, топтың, партияның, институттың билікке монополиясын сипаттайды). Ол тоталитаризм мен демократияның арасындағы жағдайға ие. Тоталитаризммен оны биліктің авторитарлық, заңдармен шектелмеген сипаты жақындастырады, ал демократиямен автономиялы, мемлекет арқылы реттелмейтін қоғамдық салалардың болуы, әсіресе экономика мен адамдардың жеке өмірінде азаматтық қоғам элементтерінің сақталуы жақындастырады. Жалпы алғанда авторитарлық саяси жүйеге мына *белгілер* тән:

- автократизм (бір адамның билігі) немесе аз ғана топтың билігі. Билікте бір адам (монарх, тиран) немесе топ (әскери хунта, олигархиялық топ т.б.) болуы мүмкін;
- биліктің шексіз болуы, оны азаматтардың бақылауға мүмкіндігінің жоқтығы. Билік заңдарға сүйеніп жүргізіледі, бірақ билік басындағылар заңдарды өз ықпалына қарай шығарады;
- күшке сүйенеді. Авторитарлық режимде жаппай репрессиялар жүргізілмеуі мүмкін. Алайда қажет болған жағдайда күш қолданып, азаматтарды бағындыруға мүмкіндігі бар;
- билік пен саясаттың монополиясы; саяси оппозиция мен бәсекеге жол берілмейді. Авторитаризмде белгілі бір дәрежеде партиялар, кәсіподақтар т.б. ұйымдардың өмір сүруі мүмкін, бірақ олар биліктің бақылауында болады;
- қоғамға тұтас бақылаудан бас тарту, саяси емес салаларға, ең алдымен экономикаға араласпау немесе араласуды шектеу;
- саяси элитаның алмасуы еркін бәсекелі күрес арқылы емес, толықтыру жолымен жоғарыдан тағайындау арқылы жүреді.

Осы белгілерді есепке ала отырып, *авторитаризмді* саяси оппозицияға жол берілмейтін, бірақ жеке адам мен қоғамның саяси емес салаларда автономиясы

сақталынатын бір адам немесе топтың шексіз билігі ретінде анықтауға болады. Авторитарлық саяси жүйеде негізінен іс-әрекеттің саяси формаларына тыйым салынады, ал басқа нәрселерде азаматтар ерікті.

Кейде авторитаризмді *шектеулі плюралистік басқару әдісі* деп анықтайды. Ол экономикалық, әлеуметтік, мәдени, діни плюрализммен үйлесім тапты. Оның қоғамдық дамуға ықпалының әлсіз және күшті жақтары бар. *Әлсіз жағы* саясаттың мемлекет басшысының немесе жоғарғы басқарушылар тобына тәуелділігі, азаматтарда саяси авантюраны, бассыздықты болдыртпау мүмкіндігінің жоқтығы.

Авторитарлық саяси жүйенің *жағымды жақтары* да бар, ол экстремалды жағдайларда көрінеді. Авторитарлық биліктің саяси тұрақтылық пен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге, қоғамдық ресурстарды белгілі бір міндеттерді шешуде жұмылдыруға, саяси қарсыластарының қарсылығын басуға үлкен мүмкіндіктері бар. Мұның бәрі оны радикалды қоғамдық реформалар жүргізудің нәтижелі құралы етеді.

Демократиялық саяси жүйе. Демократия құбылысын саясаттанушылар түрліше түсіндіреді, бұл демократияның мазмұнына нақты тарихи кезеңнің өз ізін қалдыруымен, сонымен бірге демократияның түрлі философиялық, қоғамдық-саяси концепцияларының жасалауымен байланысты. Демократия құбылыс және концепция ретінде әрдайым дамып отырады. Көптеген теориялар мен анықтамалар негізінде демократиялық саяси жүйенің мынандай элементтерін (белгілерін) көрсетуге болады:

- *саяси бәсеке*, яғни билік үшін күресте бәсекеге түсетін екі немесе бірнеше саяси партиялардың болуы, үкіметтік қызмет үшін саяси партиялар мен коалициялардың іріктелуі. Саяси партиялардың негізгі мақсаты – сайлау арқылы билікке жету және үкіметтік аппаратқа бақылау жасау. Демократиялық елдегі сайлаудың негізгі мақсаты – көпшілік қолдауына сүйенген партиядан немесе саяси партиялар коалициясынан тұратын үкімет құру. Демократиялық саяси жүйеде кез келген саяси органның бәсекеге түсуіне және саяси қоғамдастықтың кез келген мүшесіне өз қалауын білдіруге мүмкіндік жасалады;
- *халық өкілдігі жүйесі.* Қандай қоғам болмасын барлық адам түгелімен саяси шешім қабылдай алмайды, оған білімі, тәжірибесі, уақыты жетпейді, сондықтан олар өз өкілдерін сайлайды. Қазіргі заманғы демократиялық басқарудың шешуші белгісі – үкіметті халықтың қолдауы болып табылады, бұдан режимнің, оның жетекшілерінің легитимдігі көрінеді. Бұл сайлауда көп дауыс алудан немесе түрлі үкіметтік бағдарламаларды қолдаудан көрінеді. Қайта сайлау – тұрғындардың өз қолдауын білдіруінің және саясаттың негізгі бағыттарын бақылаудың басты құралы.
- *жалпыға бірдей сайлау құқығы.* Әрбір азаматтың сайлауға қатысуға құқығы бар, бұл демократия талабы. Сайлау құқығының кеңею процесі тарихта ұзаққа созылып, жанжалды процесс болды.
- *бір адам – бір дауыс принципін* сақтай отырып *сайлаудың әрдайым, тұрақты түрде жүргізілуі.* Демократиялық саяси жүйеде сайлау белгілі бір уақыт өткеннен кейін жүргізіліп отыруы тиіс. Сайлаушы жасына жеткен адамдар тұрақты резидент (азамат) бола отырып сайлауға қатысуға құқығы бар. Барлық саяси органдар тікелей немесе жанама түрде азаматтардың қалауына тәуелді болуы тиіс.

- мүмкіндіктер теңдігін қамтамасыз ету үшін *адамның құқықтары мен бостандықтарына кепілдіктің берілуі*. Үміткерлер мен саяси партиялар арасындағы саяси бәсеке, азаматтардың саяси таңдауы конституция немесе басқа да заңдар бойынша адамның негізгі құқықтары мен бостандықтары негізінде қамтамасыз етілуі тиіс.
- *дамыған азаматтық қоғамның болуы*. Қазіргі заманғы даму үрдісі бойынша шынайы демократиялық қоғамда мемлекет барған сайын егеменнен гөрі делдал, арбитр (әділ төреші) ретінде көрінуде. Саясат мемлекетке қызмет етпей, қоғам үшін қызмет етуі тиіс.
- *көпшіліктің басқаруы және азшылықтың құқықтарының қорғалуы*. Демократиялық басқару тұрғындар еркінің құралы болуы тиіс. Алайда билік жүргізіп отырған саясатымен түрлі азаматтардың, топтардың, саясатшылардың келіспеуіне кезігуі мүмкін. Демократиялық саяси жүйеде мәселелерді шешуде көпшілік басқарады, ал азшылықтың мүдделері ескеріледі. Көпшіліктің басқаруы мен азшылықтың құқықтары сайлау кезінде ғана емес, сонымен бірге заң шығарушы, атқарушы, сот билігі саясатында да, саяси шешімдер қабылдауда да құрметтелуі тиіс. (Толығырақ демократия құбылысы туралы тақырыпты қараңыз).

Бақылау сұрақтары:

1. Қоғамның саяси жүйесі дегеніміз не?
2. Саяси жүйенің қандай теориялық модельдері бар?
3. Д.Истон мен Г.Алмондтың саяси жүйе теорияларындағы айырмашылықтар қандай?
4. Саяси жүйенің құрылымы қандай элементтерден тұрады?
5. Саяси жүйе қандай қызметтерді атқарады?
6. Алмонд саяси жүйелерді қандай түрлерге бөлді?
7. Қазіргі заманғы саяси жүйелерді атаңыз.
8. Тоталитаризмнің белгілерін атаңыз.
9. Тоталитарлық және авторитарлық саяси жүйелердің айырмашылығы неде?
10. Тоталитаризмнің және авторитаризмнің түрлерін атаңыз.
11. Демократиялық саяси жүйенің элементтерін атаңыз.
12. Тоталитаризм, авторитаризм, демократия терминдерінің мағынасы қандай?

III. САЯСИ ИНСТИТУТТАР.

3.1 Мемлекет және азаматтық қоғам.

1. Мемлекеттің пайда болуының негізгі концепциялары. Мемлекеттің белгілері мен мәні.
2. Мемлекеттің функциясының классификациясы. Мемлекеттің түрлері.
3. Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам.

1.Мемлекеттің пайда болуының негізгі концепциялары. Мемлекеттің белгілері мен мәні. Саяси жүйенің негізгі элементі мемлекет болып табылады. Ғылыми әдебиетте бұл термин екі мағынада қолданылады: 1) мемлекеттік мекемелердің жиынтығы, яғни қоғамды басқару аппараты; 2) қоғамды

ұйымдастырудың саяси-құқықтық ерекше түрі. Саясаттануда осы екінші анықтама кең таралған. «Мемлекет» ұғымы саяси-құқықтық айналымға салыстырмалы түрде алғанда кейінірек енгізілді. Қайта өрлеу дәуіріне дейін мемлекетті бейнелеу үшін мынандай нақты ұғымдар: князьдық, корольдық, тирания, империя, республика, деспотия т.б. қолданылған. Платонның белгілі «Мемлекет» деген еңбегінде бұл ұғымды аударғанда «конституция» немесе «қала-мемлекет» деген мағынаға сәйкес келеді. Арнайы жалпылама «мемлекет» терминін (италья тіліндегі «stato») ғылымға *Н.Макиавелли* енгізді.

XVII ғасырға дейін саяси ойлар тарихында қоғам мен мемлекет ажыратылмады. Кейін Руссо және т.б. ойшылдар қоғам шеңберінде «азаматтық қоғамды» ажырата бастады, ал Гегель қоғам, азаматтық қоғам, мемлекет ұғымдарын түпкілікті бөлді.

Мемлекет саяси жүйенің негізгі ұйымы. Ол керек кезінде арнаулы күштеу органдарын пайдалана отырып, өз аумағында тұратын адамдардың мүддесін қорғауға тиіс және соған орай олардың арасындағы қатынастарды құқықтық ережелер арқылы реттейтін қоғамдық механизм.

Мемлекет деп белгілі бір аумақтағы және ондағы тұрғындарға жүргізілетін саяси биліктің ұйымдастырылуы, оның арнаулы басқару аппараты болып, барлығына тиісті заңдарды қабылдап, ішкі, сыртқы мәселелерді шешуде дербестігі бар саяси жүйенің негізгі элементін айтады.

Мемлекет алғашқы қауымдық құрылыста болған жоқ. Ол рулық-тайпалық құрылыстың ыдырауы нәтижесінде, құл иеленушілік қоғамда пайда болды. Мемлекеттің пайда болуы мен мәні туралы саясаттануда бірнеше *теориялар, концепциялар* бар.

Теологиялық концепция (өкілдері: А.Августин, Ф.Аквинский) мемлекеттің пайда болуын құдайдың құдіретімен түсіндіреді. Барлық билік – құдайдан дегенге негізделеді. Билеушіге құдай ілімін тарату, зұлымдық жасаушы жауларды жазалау және адамдардың діни жолмен өмір сүруі үшін жағдайлар жасау міндеттері жүктелген.

Патриархалдық концепция (Аристотель, Филмер, Михайловский) мемлекетті үлкейген отбасының негізінде қалыптасты деп қарастырады, онда билеушінің билігі отбасындағы әкенің билігі ретінде, ал билеушілер мен бағынушылар арасындағы қатынастар – отбасындағы қатынастар сияқты қаралады.

Қоғамдық келісім концепциясы (Дж.Локк, Т.Гоббс, Ж.Ж.Руссо т.б.) мемлекеттің пайда болуын – адамның ақыл-ойының жемісі деп қарайды. Адамдар өздерінің белгілі бір даму сатысында бірлесіп, сол қоғамдық келісім шарттарын орындауды бақылаушы арнайы орган – мемлекетті құрады.

«Күш көрсету» теориясында (Е.Дюринг, Л.Гумплович, К.Каутский) мемлекеттің пайда болуында сыртқы факторға көңіл аударылады. Мұнда әлсіз елді күшті елдің басып алуының нәтижесінде арадағы қатынастарды реттеу үшін мемлекет пайда болды деп түсіндіріледі.

Марксистік (таптық) концепция (Маркс, Энгельс, Ленин) мемлекеттің шығуын жеке меншіктің, таптардың шығуымен, олардың арасындағы қайшылықтардың шиеленісуімен байланыстырады. Мемлекет – бір таптың екінші тапқа үстемдігін, қанауын жүргізетін орган.

Психологиялық теория (Петражицкий) бойынша адамдарға бағыну мен құлшылық ету қажеттігі мәңгі бақи тән болған. Мемлекеттің пайда болуы – адам психикасының көрінісі, индивидтің ұйымдасқан қоғамдастық шеңберінде өмір

сүру қажеттігінің нәтижесі деп түсіндіреді.

Географиялық теория (А.Ратцель, В.Соловьев, Б.Чичерин) мемлекеттің пайда болуы географиялық ортаның (ауа-райы, жер бедері т.б.) өзгешеліктерінен деп түсіндіреді.

Органикалық теория (Г.Спенсер) мемлекет құрылымы және функциясы жағынан тірі организм ретінде қарастырылады. Мемлекеттің барлық элементтері бір-бірімен өзара байланысты және бір-бірін толықтырып отырады. Бұл үйлесімділіктің бұзылуы бүкіл организмнің ауруына, тіпті күйреуіне (өліміне) әкеледі.

Мемлекеттің пайда болуына әсер еткен факторлар:

- жеке меншіктің, әлеуметтік теңсіздіктің, қарама-қарсы таптардың пайда болуы;
- халықтың саны мен тығыздығының өсуі, халықтардың көшпеліліктен отырықшылыққа көшуі;
- бір халықты басқа халықтардың жаулап алуы;
- сыртқы жаулардан қорғанудың қажеттілігі;
- еңбектің қоғамдық бөлінісі және басқару еңбегін әдейі салаға бөлу;
- ирригациялық жұмыстарды ұйымдастырудың қажеттігі (Ежелгі Шығыс мемлекеттерінде).

Сонымен, *мемлекет дегеніміз* – егемендігі бар, күштеуді қолданудың заңды монополиясы бар, арнайы механизм (аппарат) арқылы қоғамды басқаруды қамтамасыз ететін саяси билікті жүзеге асырудың ерекше формасы.

Мемлекеттің белгілері мен мәні. Мемлекетті оны адамдардың басқа да бірлестіктерінен (ру, семья), институттары мен ұйымдарынан (партиялар, қозғалыстардан т.б.) айыратын өзіне тән *белгілері* бар. Оларға мыналар жатады (5-схема):

1. *Жария биліктің қоғамнан бөлінуі*, маманданған басқарушылар тобының пайда болуы. Бұл мемлекеттің өзін-өзі басқаруға негізделген рулық-тайпалық ұйымнан айырмашылығын көрсетеді. Жария билікті жүзеге асыру белгілі бір ұйым – арнаулы аппаратты (шенеуліктер, сот, армия т.б.) қажет етеді. Қазіргі заманғы мемлекет кәсіби басқару аппаратын және сайлау арқылы қалыптасатын өкілділік жүйесін қамтиды.
2. *Тұрғындардың аумақтық бөлінуі.* Мемлекеттің заңдары және оның органдарының өкілеттілігі сол мемлекет аумағында өмір сүретін адамдарға қатысты болып табылады. Мемлекет қандас-туыстық немесе діни принциптер негізінде емес, аумақтық негізде құрылады. Мемлекет өз аумағындағы, өз қол астындағы халықты қай ру, тайпа, діни наным-сенімдеріне т.б. қарамастан біріктіреді. Алайда тарихта шекарасы дәл анықталмаған мемлекеттер де болған.
3. *Егемендік.* Бұл мемлекеттік биліктің қасиеті, ол ішкі, сыртқы саясаттағы тәуелсіздікті білдіреді. Ішкі егемендік, бұл биліктің тұрғындардың барлығына міндетті заңдар шығаруға, өзгертуге құқығы және сыртқы егемендік, бұл халықаралық қатынастардағы тәуелсіздік.
4. *Ашық күш қолдану, зорлықпен еріксіз көндіру монополиясының болуы.* Азаматтарды жоғарғы құндылықтарынан - өмір сүру, бостандығы сияқтылардан айыру, шектеу мүмкіндігі бар. Еріксіз көндіру функциясын орындауға арналған арнайы құралдары (қару, түрме т.б.) және органдары

(армия, полиция, барлау қызметі, сот, прокуратура) бар.

5. *Салық салуға және жинауға монополиялық құқығы.* Мемлекеттік саясатты материалдық жағынан қамтамасыз ету және басқару аппаратын ұстау үшін салықтар салынады.
6. *Қоғамдық өмірді құқықтық негізде ұйымдастыру.* Құқықсыз, заңсыз мемлекет қоғамды нәтижелі басқара армайды, қабылдаған шешімдерін жүзеге асыруды қамтамасыз ете алмайды. Кез келген қазіргі заманғы қоғамда биліктің бірнеше субъектілері (отбасы, шіркеу, партиялар т.б.) бар, алайда барлық азаматтар, ұйымдар, мекемелер үшін шешімі міндетті болатын жоғарғы билік – мемлекет болып табылады. Тек қана мемлекет барлығына міндетті заңдар мен нормалар шығаруға құқығы бар.
7. *Жалпы игіліктер мен жалпы мүдделерді қорғау.* Бірде-бір ұйым жеткілікті құрылымдары болмағандықтан, барлық азаматтарды және олардың мүдделерін қорғай алмайды.

Мемлекеттің *мәні* – оның өмір сүруінің объективті қажеттілігін не анықтайды және мемлекет кімнің мүддесіне қызмет ететіндігінде. Зерттеушілер екі негізгі себептерге көңіл аударады – таптық және жалпы әлеуметтік. Шынында да, мемлекеттің тарихи құбылыс ретінде екі жақты табиғаты бар. Бір жағынан, мемлекет экономикалық үстем таптың саяси билігінің ұйымы бола отырып (бұл таптық мәні), екінші жағынан, «жалпы істердің» ұйымдастырушысы болып табылады, яғни адамдардың өмір сүруінің қауіпсіздігін, экономикалық, саяси, мәдени жағдайларын қамтамасыз етеді (бұл оның жалпы әлеуметтік мәні). Қазіргі заманғы демократия тәжірибесі көрсеткендей, мемлекеттің жалпы әлеуметтік қызметі кеңейе түсті. Мемлекет таптан тыс төреші ролінде көрініп, өз саясатында түрлі, тіпті қарама-қарсы мүдделерді есепке ала отырып, елдің ішіндегі және сыртқы жанжалдарды реттеуге баса назар аударады. Таптық үстемдік функциясының кеміп, әлеуметтік топтар арасындағы қатынастарды реттеу функциясының кеңеюі, топтардың өз мүдделерін демократиялық механизмдер арқылы білдіруі құқықтық және әлеуметтік мемлекеттің қалыптасу тенденциялары туралы айтуға мүмкіндік береді.

2. Мемлекет функциясының классификациясы. Мемлекеттің түрлері.

Саяси жүйедегі мемлекеттің орны мен ролі оның *функцияларынан* (б-схема) көрінеді. Оларды ішкі және сыртқы деп бөледі.

Ішкі функцияларына (қызметтеріне) мыналар жатады:

- экономикалық функциясы* - өмір сүріп тұрған өндіріс әдісін қорғау, рынок субъектілері арасындағы өзара қатынастарды құқықтық механизмдер арқылы реттеу, экономиканы тұрақтандыру және экономикалық өсуді ынталандыру, «табиғи монополияларды» (байланыс, энергетика) реттеу. Экономикалық салаға мемлекеттің араласуы туралы мәселе қазіргі заманғы теория мен тәжірибенің күрделі мәселелерінің бірі. Бір жағынан, мемлекеттің экономикаға тікелей директивалық (нұсқау беру) араласуының негізсіздігін өмір тәжірибесі көрсетті (КСРО тәжірибесі). Екінші жағынан – еркін рыноктың стихиялығы мен алдын ала болжауға мүмкін еместігі қоғам үшін қауіпті. Қазіргі заманғы мемлекет экономикалық тетіктерді (салықтар, жеңілдіктер, несиелер) пайдалануы қажет;
- әлеуметтік функциясы* – адамдардың еңбекке, тұрғын үйге деген қажеттілігін қамтамасыз етеді, денсаулық сақтау ісін жақсарту, әлеуметтік жағынан қорғалмаған топтарға (жастар, пенсионерлер, жұмыссыздар, жетімдер,

мүгедектер, көп балалы отбасылар т.б.) әлеуметтік кепілдіктер беруді ұйымдастырады. Мемлекет осы функциясы арқылы рыноктың бәсекенің жағымсыз салдарларын, кірістердегі теңсіздікті реттейді;

- құқықтық* – заң мен құқықты қамтамасыз етеді;
- саяси* – саяси тұрақтылықты қамтамасыз етеді, саяси бағытты белгілейді;
- білім беру және мәдени-тәрбиелік* халыққа білім беу және оқу-ағарту ісін, ғылымды дамыту, тұрғындардың мәдени қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жағдайлар жасайды;
- экологиялық* – қоршаған ортаны қорғау.

Сыртқы функцияларына мыналар жатады:

- халықаралық аренада мемлекеттің мүдделерін қорғау;
- елдің қорғанысын қамтамасыз ету;
- басқа елдермен ынтымақтастық пен шоғырландыруды дамыту.

Мемлекеттің ең басты міндеті – қоғамның тұрақтылығын орнатып, қалыпты тіршілігіне жағдай жасау. Ол үшін түрлі топтарға, таптарға, жіктерге бөлінген қоғамның бірлігін қамтамасыз етуі тиіс.

Бұл аталған функцияларды жүзеге асыру үшін мемлекет белгілі бір құралдарды (мемлекеттік билік құралдарын) қолданады және мемлекеттің құрылымына кіретін арнаулы органдар комплексіне сүйенеді.

Мемлекеттің құрылымы. Саяси құрылым ретінде мемлекеттің органдар мен мекемелердің жүйесін қамтитын мемлекет механизмі деп аталған күрделі құрылысы бар.

Мемлекеттің құрылымында мемлекеттік биліктің үш тармағын және соған сәйкес билік органдарының үш түрін бөліп көрсетуге болады:

1. *Заң шығарушы билік*, елдің өмірін анықтайтын заңдар және басқа да маңызды құжаттар қабылдайды (түрлі елдерде заң шығарушы билік түрліше аталады, мысалы, АҚШ-та – Конгресс, Финляндияда – Сейм, Ресейде – Федералдық жиналыс, Қазақстанда – Мәжіліс);
2. *Атқарушы билік*, заңдардың орындалуын және күнделікті өмірде елді басқаруды қамтамасыз етеді. Оған үкімет, әкімшілік жатады;
3. *Сот билігі*, адамдардың құқығын қорғайды, заңды бұрмалаушылықтан сақтайды.

Сонымен бірге басқару жүйесінде мемлекет басшысы институтын (президент институтын немесе монархия институтын), құқықтық нормалардың орындалуына бақылау жасап, кінәлілерді жауапқа тартатын бақылау – қадағалау органдары (прокуратура, арнаулы бақылау органдары, мемлекеттік қауіпсіздік органдары, қарулы күш, жергілікті билік органдарын) бөліп көрсетуге болады.

Мемлекетті одан әрі талдау оның формаларын анықтаумен байланысты. Мемлекеттің *түрлері*:

- мемлекеттік *басқару формасына* байланысты: монархия, республика.
- мемлекеттік *аумақтық құрылысының формасына* байланысты: унитарлық, федеративтік, конфедеративтік.
- *саяси режиміне* байланысты формалары: тоталитарлық, авторитарлық, демократиялық.

Мемлекеттің формалары туралы толығырақ билікке байланысты тақырыпта қарастырылды (7-схема).

3. Құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам. Құқықтық мемлекет

идеясының ұзақ тарихы бар және саяси ойлардың даму тарихында маңызды орын алады. Халықтың, қоғамның, мемлекеттің өміріндегі заңның үстемдігі туралы ой билеушінің жеке билігіне, бассыздық әрекеттеріне қарсылық түрінде пайда болған. Адамзат ежелгі заманнан бері жеке адам, мемлекеттің ара қатынасы, олардың мүдделерінің үйлесуінің тиімді формаларын іздеген. Мемлекеттің идеалды (мінсіз) нұсқасы бойынша жеке адам мүддесі бірінші орында болуы тиіс, ал халық мүддесін мемлекеттің жоғары заңы білдіруі тиіс.

Алайда іс жүзінде бұл жоғары идеалдарға жету барлық уақытта мүмкін болмады, көбінесе мемлекетте белгілі бір топ, жария билік басындағылар мүддесі көзделіп кетеді. Аристотель биліктің екі түрін көрсеткен, біреуі билеушінің мүддесін көздейтін, екіншісі бағынушылар, қоғам мүддесін көздейтін.

Мемлекетті кез келген әлеуметтік институт сияқты түрлі мақсатта пайдалануға болады. Ол кейбір саяси топ, элита, партия, тапқа қызмет етуі мүмкін, сонымен бірге ол қоғам мүддесіне қызмет етуі мүмкін. Бірінші жағдайда ол «қожайын» ретінде, ал екіншісінде «қызметші» ретінде көрінеді. Бұл институт өзі үшін (мемлекет мемлекет үшін) емес қоғам үшін, жеке адамның дамуына жағдай жасау үшін қызмет етуі тиіс. Қоғам (яғни салық төлеушілер) оның саяси бөлігі болып, оны ұйымдастыруға міндетті болып табылатын мемлекетті материалдық жағынан қамтамасыз етеді.

Кез келген құбылыс сияқты мемлекеттің қызметі де жағымды нәтижелер (тәртіп, адам мен азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілдігі, қауіпсіздігі) және жағымсыз нәтижелер (бюрократизм, бассыздық, билікті шексіз пайдалану, ұйымдасқан қылмыс, террор т.б.) беруге қабілетті.

Мемлекеттің пайда болуымен адамдардың көпшілігінде бұл әлеуметтік институттың барлық уақытта қоғамдық мүдде тұрғысынан емес, яғни оның күші, билігі жалпы мүдде үшін емес, азғана адамдар тобының таптардың мүдделері тұрғысынан қолданылуына қанағаттанбаушылық пайда болды. Бұндай жағдайда мемлекет қоғамның «қызметшісінен», көпшілікке еркін таңған, оны басып отырған, бассыздыққа жол берген «қожайынға» айналды.

Кез келген билік, оның ішінде мемлекеттік билікте өз шекарасын білмей, билік кеңестігін шексіз етуге ұмтылады, ал бұл жеке адамның мүддесіне қысым жасауға әкеледі.

Сондықтан мемлекеттік билікті ненің көмегімен шектеуге болады деген мәселе туындап, ол туралы түрлі пікірлер бар. Бір ойшылдар бұған қарсы тұру мүмкін емес десе, екіншілері мемлекеттік билікті шектеудің қажеті жоқ дейді (бұндай көзқарас этатистерге тән). Үшіншілері мемлекеттік билікті барынша шектеп, ал кейін оны жоюды ұсынады, олар мемлекеттік биліктен жеке адамның еркіндігіне қауіп төнеді деп санайды, мұндай көзқарасты жақтаушыларды анархистер деп атайды («анархизм» - гректің «өкіметсіздік» деген сөзінен). Төртінші көзқарас – мемлекеттік билікті жоюға қарсы, себебі онсыз мүмкін емес, ал екінші жағынан мемлекеттік билікті абсолюттендіріп, оған әлеуметтік бақылаудың жойылуын жақтаушыларға да қарсы. Бұлардың айтуынша мемлекеттік билікті ұйымдастыратын, шектейтін құрал ретінде – құқықты ұсынады. Осы құқық (оның формасы - заң) арқылы қоғамдық мүдделерді білдіріп, жүзеге асыруға болады.

Кезінде Платон жазғандай: «Заңның күші жоқ, заң – біреудің билігінде болған мемлекет күйрейді. Заң – билеушілерден жоғары болса, билеушілер – заңның құлы болса, онда бұл мемлекет өмір сүреді». Аристотель де осындай

көзқараста болған: «Заңның билігі жоқ жерде мемлекеттік құрылыстың қай түріне де жол жоқ. Заң – бәрін биледі, бәрінен жоғары тұруы тиіс».

Құқықтық мемлекет концепциясының пайда болуы XVIII ғасырдың аяғы – XIX ғасырдың басына, буржуазиялық қоғамның қалыптасу кезеңіне жатады. Құқықтық мемлекет идеясының алғашқы элементтері – Г.Гроций, Б.Спиноза еңбектерінде, кейін Дж.Локк, Ш.Монтескье, Т.Джефферсон, И.Кант т.б. еңбектерінде дамытылды. Термин алғаш рет XIX ғасырдың бірінші жартысында неміс ғалымдары Р.Моль, В.Велькер, Р.Гнейст өз еңбектерінде қолданылып, кеңінен тарала бастады.

Құқықтық мемлекет деп демократиялық жолмен қабылданған заң үстемдік ететін, оның алдында бәрі тең саналатын, жеке адамның құқығы мен бостандықтары қамтамасыз етілетін мемлекеттік құрылысты айтады. Жалпы алғанда *құқықтық мемлекет* деп құқық, заң заң үстемдік ететін мемлекетті айтуға болады.

Құқықтық мемлекеттің мәні мен негізгі принциптері туралы мәселе маңызды болып табылады.

Құқықтық мемлекеттің негізгі принциптері:

- заңның жоғарлылығы, қоғамдық өмірдің барлық саласында заңның үстемдігі;
- заңдардың құқықтық сипаты, яғни олардың халықаралық құқықтық стандартқа (нормаларға) сәйкес келуі;
- азаматтардың құқығы мен бостандықтарының шын мәнінде жүзеге асырылуы және адамның еркін дамуы;
- мемлекет және жеке адамның өзара жауаптылығы;
- биліктің заң шығарушы, атқарушы, сот тармақтарына бөлінуі, бұл қайсы бір органның билікке монополиясына жол бермейді;
- заңның орындалуын қадағалайтын бақылау мен қадағалаудың нәтижелі формаларының болуы.

Азаматтық қоғам. Құқықтық мемлекеттің қалыптасуы дамыған азаматтық қоғам негізінде ғана мүмкін болады. «Азаматтық қоғам» деген түсінікте мемлекетке қарағанда әлеуметтік өмірдің бір саласы – азаматтардың жеке өмір саласы бейнеленеді. Азаматтық қоғам – бұл, адамдардың бір-бірімен дербес әрекет жасайтын, адамдардың мемлекетпен қатынасы автономиялы болатын әлеуметтік өмірдің бір саласы. Мемлекетте вертикаль қатынастар мен сатылы байланыстар үстем болса, ал азаматтық қоғамда горизонталь байланыстар – заңдық жағынан еркін, тең әріптестердің бәсекелік және ынтымақтастық қатынастары үстем болады.

Кез келген қоғам азаматтардан тұрады. Алайда мемлекетке дейінгі, өркениетті емес (рулық) қоғамды азаматтық деуге болмайды, себебі ол қоғам тұрпайы, дамымаған еді және онда «азамат», «азаматтық» деген ұғымдар болмады. Құлиеленушілік және феодалдық қоғамдар да азаматтық қоғам емес еді, ол қоғамдарда барлық азаматтар еркін және тең құқықты болған жоқ.

Азаматтық институты буржуазиялық дәуірде пайда болып, саяси-құқықтық жағынан мойындалды. Алайда бұл мәселенің сыртқы, формальды жағы ғана.

«Азаматтық қоғам» әдебиеттерде ерекше мазмұнға ие болды, қазіргі заманғы түсінік бойынша, бұл – қоғамның белгілі бір типі, жағдайы, сонымен бірге оның әлеуметтік-экономикалық, саяси және құқықтық табиғатын, даму дәрежесін, жетілгендігін білдіреді. Бұл – әлеуметтік қоғамдастықтың жоғарғы сатысы, оның жетілуінің, ақыл-ойға сүйенетіндігінің, әділеттілігінің өлшемі.

Азаматтары бар барлық қоғам, азаматтық қоғам емес. Құқығы бар кез келген мемлекет – құқықтық мемлекет емес. Мысалы, кеңес қоғамы ешқашан да құқықтық немесе азаматтық болған емес.

Азаматтық қоғам мен құқықтық мемлекет бір-бірін логикалық жағынан толықтырып отырады, бір-бірінсіз өмір сүре алмайды.

Азаматтық қоғам идеясының генезисі ұзақ даму жолынан өтті. Бұл идея Аристотельдің «Саясат», Платонның «Мемлекет» т.б. грек ойшылдарының еңбектерінен бастау алады. Ол Қайта өрлеу дәуірінде Г.Гроций, Т.Гоббс, Дж.Локк, Ш.Монтескье, Ж.Ж.Руссо еңбектерінде дамытылып, «азаматтық қоғам» термині XVIII ғасырдан бастап тұрақты қолданыла бастады. Бұған дейін ғылыми ойда мемлекет пен қоғам бірыңғай тұтас нәрсе ретінде бірге қарастырылды.

Азаматтық қоғам деп қатынастардың ерекше саласын ең алдымен, мүліктік, рыноктық, семьялық, өнегелілік қатынастар саласы түсініле бастады, олар мемлекетке тәуелсіз болуы тиіс. Азаматтық қоғамға ресми, мемлекеттік институттардан басқа олардың бақылауына ұшырамайтын азаматардың өмір сүруі әдісі жатқызылады.

Мәселе мемлекеттік биліктің «азаматтық істерге», адамдардың жеке өміріне араласпауы туралы болып отыр. Мемлекет «түнгі сақшы» қызметін ғана атқаруы тиіс. Азаматтық қоғам деп ресми билікпен теңестірілмеген рыноктық қатынастар, іс-әрекеттердің басқа да формалары түсініледі.

Азаматтық қоғам деп мемлекеттік құрылымнан тыс қалыптасатын әлеуметтік-экономикалық және мәдени-рухани қоғамдық қатынастар жиынтығын айтады. Ол жеке тұлғаның емін-еркін дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік жасайды.

Азаматтық қоғамның жалпы идеялары, принциптері:

- экономикалық еркіндік, меншіктің түрлі формалары, рыноктық қатынастар;
- адам және азаматтардың табиғи құқықтарын сөзсіз мойындау және қорғау;
- биліктің легитимдігі және демократиялық сипаты;
- азаматтардың барлығының заң алдында және құқығы жағынан теңдігі;
- биліктің бөлінуіне негізделген құқықтық мемлекеттің болуы;
- саяси және идеологиялық плюрализм, жария оппозицияның болуы;
- сөз, баспасөз бостандығы, БАҚ-ның тәуелсіздігі;
- мемлекеттің жеке адамдардың өміріне араласпауы;
- таптық келісім, әріптестік, ұлттық келісім;
- нәтижелі әлеуметтік саясат, ол адамдарға дұрыс өмір сүруге жағдай жасайды.

Азаматтық қоғам мемлекеттік-саяси емес, негізінен адамдардың әлеуметтік-экономикалық, жеке өмір сүру әрекеттері, олардың арасындағы қатынастар. Бұл еркін демократиялық құқықтық өркениетті қоғам, онда жеке билік режиміне, басқарудың волюнтаристік әдістеріне, таптық жек- көрушілікке, тоталитаризмге, адамдарға зорлық-зомбылыққа жол жоқ, заң мен мораль, гуманизм мен әділеттілік принциптері құрметтелетін қоғам.

Мемлекеттің реттеушілік ролінің мөлшері өте аз: құқықтық тәртіпті қорғау, қылмыспен күрес, жеке адамның жан-жақты кедергісіз дамуына, іс-әрекетіне жағдай жасау, яғни мемлекет «жалпы істерді жүргізу» функциясын жүзеге асыруы тиіс.

Азаматтық қоғамда азаматтардың мемлекет алдындағы міндеттері заңға бағыну және салық төлеу болып табылады. Сонымен бірге кейбір жағдайларда азаматтардың басқа да міндеттері пайда болуы мүмкін, бірақ оларда вертикаль

емес, горизанталь байланыстар үстем болуы тиіс.

Азаматтық қоғам азамат және оның бостандығынан басталады. Азаматтық қоғам – ашық, демократиялы, антитоталитарлық, өздігінен дамитын қоғам, онда басты мәселе – адам, азамат, тұлға болып табылады. Азаматтық қоғамның *фундаменттік құндылықтарына* – отбасы, жеке меншік, жеке адам, бостандық, құқық, руханилық, тәртіп, мемлекеттік жатады. Жеке меншік – жеке адамның және бүкіл қоғамның бостандығының алғы шарты болып табылады. Азаматтық қоғамның *ерекше белгісі: онда орта таптың болуы*. Азаматтық қоғам мемлекеттен тыс әлеуметтік сала болып табылады. Азаматтық қоғамның құрылымына:

- отбасылық – туыстық, этникалық, діни және моральдық қатынастар, сонымен бірге мемлекеттің қатысуынсыз партиялар мен қоғамдық қозғалыстар арасындағы қатынастар жатады;
- әлеуметтік институттар: отбасы, шіркеу, мемлекеттік емес БАҚ-ы, мәдени, діни, спорттық ассоциациялар, партиялар, жергілікті қоғамдық өзін-өзі басқару органдары, кәсіподақтар, сауда палаталары, кәсіпкерлер одақтары кіреді.

Қазақстанда азаматтық қоғамның қалыптасуы өзгеше жағдайда өтіп отыр. Кеңестік кезеңде қоғам өмірі барынша мемлекеттендірілген болатын. Ол жүйе күйрегеннен кейін азаматтық қоғамға өтуге «жоғарыдан» мемлекеттің өзі ұйтқы болып отыр. Халықтың сана-сезімі, жүріс-тұрысы әлі ондай деңгейге көтеріле қойған жоқ. Сондықтан біраз уақытқа дейін, белгілі бір сапалық деңгейге қол жеткізгенше бұл процеске мемлекеттің елеулі ықпалы болмақ.

Еліміздің 1995 жылғы Конституциясы Қазақстанда әлеуметтік бағдарды нарық экономикасы мен жеке адамның автономиясын тұрақты қалыптастыру үшін оған қажетті құқықтық жағдайлардың негізін қалады. Оған тең дәрежеде танылатын және қорғалатын мемлекеттік меншік пен жеке меншікті, адам және азамат құқықтарының кең ауқымды және біртұтас кешенін; отбасын, ана мен әке және баланы мемлекеттің қорғауын; идеологиялық және саяси әр алуандықты және тағы басқа да жаңа Конституцияда бекітілген қазақстандық азаматтық қоғамды ерікті дамытудың алғы шарттарын жатқызуға болады.

Бақылау сұрақтары:

1. Мемлекеттің пайда болуы туралы қандай теорияларды білесіз?
2. Мемлекет дегеніміз не және оның белгілерін атаңыз.
3. Мемлекет кімге қызмет етуі тиіс: өзіне өзі, адамдардың бір тобына, бүкіл қоғамға ма? Ойыңызды дәлелдеңіз.
4. Мемлекет механизмі дегеніміз не, ол неден тұрады?
5. Мемлекет қандай қызметтерді атқарады?
6. Мемлекеттің басқару формасына байланысты қандай түрлерін білесіз?
7. Федерация мен унитарлық мемлекеттің айырмашылықтары қандай?
8. Құқықтық мемлекеттің мәні мен негізгі принциптерін анықтаңыз.
9. Азаматтық қоғам дегеніміз не және оның принциптері қандай?
10. Құқықтық мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара байланыс диалектикасы неде?

3.2 Саяси партиялар, қоғамдық-саяси ұйымдар мен қозғалыстар.

1. Саяси партия түсінігі және генезисі, функциялары, құрылымы, типологиясы.

2. Партия жүйесі. Қазақстандағы саяси плюрализмге ауысу: тенденциялары мен мәселелері.
3. Қоғамдық-саяси қозғалыстар мен ұйымдар: түсінігі, түрлері, функциялары.

1.Саяси партия: түсінігі, генезисі, функциялары, құрылымы, типологиясы. Партия және партия жүйелері – қазіргі заманғы дамыған қоғамдардың көпшілігінің саяси жүйесінің негізгі элементтері болып табылады. Саяси партия – адамзат өркениетінің негізгі жетістіктерінің бірі болып есептелетін институт. Кез келген қоғамның өмірінің негізгі жақтарының бірі – саясат. Ал саясат мемлекеттік билік мәселесі бойынша түрлі қоғамдық күштердің өзара қарым-қатынас жасайтын орталығы. Ол қоғамдық күштер міндетті түрде белгілі бір топтың, таптың мүддесін қорғап отырады. Сол әлеуметтік мүдденің ортақ болуынан пайда болған қоғамдық күштер, ең алдымен өздерінің ұйымдарын құрады, ол ұйымдар көбінесе саяси партияға айналады.

Саяси партиялар мен қоғамдық-саяси қозғалыстар – қоғам мен мемлекет арасын байланыстырушы буын болып табылады. Азаматтық қоғамның элементі бола отырып, олар азаматтық қоғамның мемлекеттің саясатына нәтижелі ықпал етуіне мүмкіндік береді.

Саяси партия – белгілі бір әлеуметтік топтардың мүддесін көздейтін өз мақсаттарына жету бағытында мемлекеттік билік үшін күресетін және оны қолдауға ұмтылатын адамдардың ұйымдасқан тобы. Саясаттануда партияларды зерттейтін саланы партология деп атайды. Партияны басқа да қоғамдық-саяси ұйымдар мен қысымшы топтардан айыратын мынандай *белгілерін* көрсетуге болады:

1. *Ұйымдық жағынан құрылуы*: партия ішіндегі тұрақты қатынастар және жалпы ұлттық, аймақтық, жергілікті дәрежедегі тармақталған құрылымның болуы (сайланбалы орталық органдарының және аймақтық бөлімдер жүйелері).
2. *Билікке ашық түрде бағытталуы, ұмтылуы*. Бұл партияны қоғамдық қозғалыстардан ғана емес, қысымшы топтардан да айыратын белгісі болып табылады. Қысымшы топтардың нақты билігі болса да, оны ашық түрде емес, өз мүдделерін партия жетекшілері арқылы білдіруге тырысады.
3. *Бұқаралық тірек табуға тырысуы* – партияның белсенді мүшелері мен сайлаушыларын (қолдаушыларын) көбейтуге тырысады. Бұл партиядан өз доктриналарын үгіт-насихаттау жұмыстарын жүргізуді талап етеді.
4. *Партиялық доктриналардың идеологиялануы*. Партия өз қолдаушыларына қоғамды дамыту стратегиясына байланысты белгілі бір бағыттар жүйесін ұсынады.
5. *Бағдарламалық мақсаттың*, яғни қоғам дамуының белгілі бір жобасының болуы. Бағдарламада белгілі бір әлеуметтік топтың мүддесі көзделеді немесе қалың бұқараның мүддесін көздеуге тырысады.

Партияның мәні туралы зертеушілер арасында түрлі көзқарастар бар. Олардың ішіндегі кең тарағаны мыналар:

- *таптық*. Партиялардың қалыптасуын үлкен әлеуметтік топтардың (таптардың) шығуымен байланыстырады, яғни партиялар *белгілі бір таптың мүддесін көздейтін оның белсенді, ұйымдасқан бір бөлігі*. Бұл көзқарас К.Маркс, Ф.Энгельс, В.Ленин еңбектерінде негізделді. Бүгінгі күні бұл көзқарас сынға ұшырауда;
- *идеологиялық*. Партияның қалыптасуын әлеуметтік-экономикалық жағдайының

бірдейлігіне байланысты топтардың шығуынан гөрі, адамдардың көзқарастарының бірдейлігімен байланыстырады. Б.Констан жазғандай, *партия бір саяси доктринаны мойындайтын адамдар тобы;*

- *институционалдық.* Партия мемлекет жүйесінде әрекет ететін ұйым ретінде түсіндіріледі (М.Дюверже);
- *функционалды-прагматикалық.* Партияның қалыптасуын билікті жеңіп алу мақсатын қоюмен байланыстырады, партия өз алдына *билікті жеңіп алу мақсатын қойған адамдар тобы*. Қазіргі заманғы саясаттануда көбінесе осы көзқарас үстем болып табылады.

Саяси партияның *генезисі* ежелгі замандардан басталады. Тарихқа белгілі алғашқы партиялық құрылымдар ежелгі Грецияда пайда болған. Олар туралы Аристотель Афины мемлекеті азаматтарының арасында таулы жер, жазық және теңіз жағалауы тұрғындарының партиялары арасындағы күрес туралы жазды. Мұндай топтар ежелгі Римде де болған. Мұнда алғаш рет «партия» («partis») термині пайда болып, ол латын тілінен алғанда «үлкен қоғамдастықтың бөлігі, бөлшегі» деген мағынаны береді. Бұл кезеңнің партиялары сословиелік сипатта болып, мүшелерінің саны аз, тұрақсыз, жөнді ұйымдаспаған, бұқарамен байланысы нашар шағын топтар еді (топтар элитарлық сипатта болды). Мұндай топтар еуропалық ортағасыр дәуірінде де болған. Мысалы, XI ғасырда Флоренцияда «қаралар» партиясы (феодалдар-нобилдер) мен «ақтар» партиясының (бай қала тұрғындарының) арасында күрес жүріп отырған, Англиядағы Алқызыл және Ақ Раушангүлдер «партиялары» арасындағы соғыс белгілі. Буржуазиялық революциялар саяси клуб түріндегі көптеген партиялардың пайда болуына әсер етті. Олар аристократиялық топтардан ұйымдық құрылуымен және идеологиялық бағытталуымен ерекшеленді. 1789 жылы Француз революциясы кезінде фельяндар, жирондистер, якобиншілдердің саяси клубтары құрылды.

Партиялардың саясатқа ықпал етуі XIX ғасырдың ортасына қарай сезіле бастады. Бұл кезде алғаш бұқаралық партиялар пайда болды (1828 жылы АҚШ-та – Демократиялық партия және 1854 жылы – Республикалық партия, Ұлыбританияда 1861 жылы – Либералдық партия, 1867 жылы – Консервативтік партия). XIX ғасырдың екінші жартысында жұмысшы партиялары құрыла бастады.

Осы айтылғандарға сәйкес, М.Вебер саяси партиялардың дамуында мынандай кезеңдерді атап көрсетті:

1. Аристократиялық үйірмелер;
2. Саяси клубтар;
3. Бұқаралық партиялар.

XIX-XX ғасырлар межесінде партиялардың саяси процестегі ролінің күшеюіне бірнеше себептер әсер етті:

- қоғамдық басқару саласындағы демократизм элементерінің қалыптасуы. Идеологиялық плюрализмге (түрлі көзқарастарға) мүмкіндік берген жүйе саяси партиялардың негізі болды;
- үлкен әлеуметтік топтардың (буржуазия, пролетариат, шарулар, зиялылар, отар тұрғындары, ұлттар т.б.) өз мүдделерін сезініп, оны жүзеге асыруға ұмтылды;
- азаматтардың сайлау құқықтарының кеңейтілуі, саяси плюрализмнің қалыптасуы, сайлау науқанын және нақты үміткер үшін үгіт жұмыстарын жүргізудің қажеттілігі.

Бұл факторлар партиялардың жаңа белгілерге ие болып (басқару аппаратының, жергілікті ұйымдарының, мүшелерінің, жарғысының, бағдарламасының болуына) жанама көмекші ұйымнан саяси қатынастардың маңызды элементіне айналуына әкеледі. Партиялар сайлау науқанын ұйымдастыруда, нақты жетекшілер мен бағдарламаларды қолдауда электоратты жұмылдыруда негізгі орын алады.

XIX ғасырдан бастап партиялардың қалыптасуының *негізгі әдістері* көрінді:

- партиялар *электораттық құрылымдардан*: сайлаушыларды тіркеу ассоциацияларынан (Ұлыбританиядағы Либералдық және Консервативтік партиялар), нақты үміткерлерді қолдау комитеттерінен (АҚШ-тағы Республикалық және Демократиялық партиялар), сайлаушы блоктардан («Яблоко», СПС (оңшыл күштер Одағы), «Единство»);
- *парламенттік фракциялардан* (мысалы, Ресейдегі Мемлекеттік Думаның «Халық депутаты» фракциясы Ресей Федерациясының Халықтық партиясы болып құрылды);
- қоғамдық ұйымдар бастамаларымен: кәсіподақтар, экологиялық, жастар ұйымдары т.б. Мысалы, британ лейбористік партиясы 1899 жылы тред-юниондардың (кәсіподақтардың) Конгресі бастамасымен құрылды. Кәсіпкерлер одақтары, аграрлық бірлестіктер, діни, этникалық қауымдар да өз партияларын құруға мүдделі.

Сонымен бірге әдебиеттерде партиялардың құрылуының басқа да әдістері көрсетіледі:

- *«жоғарыдан» құру*. Партия мүшелері мемлекеттік аппарат шенеуніктерінен, саяси элита мүшелерінен, парламенттік топтардан, жіктелген партия мүшелерінен құрылады;
- *«төменнен» құру*. Мұнда белгілі бір доктрина немесе жетекшіге бағытталған бұқара маңызды роль атқарады;
- *аралас түрі*, алғашқы екі әдістің қосылуынан құрылады. Элитарлық адамдар мен қатардағы азаматтардың күш біріктіруі нәтижесінде ортақтасуы, мысалы, бір үміткерді және саяси жетекшіні қолдау жөніндегі парламенттік топтардың адамдармен бірігуі.

Партияның саяси өміріндегі маңызы оның *қызметтерінен* көрінеді:

- үлкен әлеуметтік топтарды белсенді ету және шоғырландыру;
- саяси әлеуметтену және қоғамдық пікірді қалыптастыру;
- саяси идеология мен қоғамдық пікірді қалыптастыру;
- саяси элита қатарын толықтыру және жетекшіні ұсыну. Көптеген елдерде үкімет және үкіметтік органдар туралы саяси партиялар мүшелерінен қалыптасады, президенттер, премьер-министрлер билеуші партияны басқарады;
- сайлау арқылы мемлекеттік билік үшін күресу;
- билікке келу арқылы мемлекеттік басқаруды жүзеге асыру және биліктің қызметін бақылау;
- партияның қатарын мүшелермен толықтыру.

Партияның ең басты қызметі – мемлекет билігі үшін күрес.

Құрылымы жөнінен партия күрделі организм болып табылады, ол мынандай *компоненттерден* тұрады:

- 1 *жоғарғы жетекші және штаб*, олар басшылықты жүзеге асырады, маңызды шешімдер қабылдайды, партияның қызметі туралы бүкіл ақпаратты өз қолына шоғырландырады, партиялық көпшіліктің санасы мен мінез-құлқын

- бақылайды;
- 2 *бюрократиялық аппарат*, жоғарғы және төменгі партиялық құрылымдармен байланысты жүзеге асырады; басшылықтың бұйрықтарын орындайды;
 - 3 *партияның белсенді мүшелері*, партияның бағдарламасын жүзеге асыру бағытындағы шараларға қатысады, партияның идеяларын насихаттайды, бюрократия құрамына кірмейді;
 - 4 *партияның енжар мүшелері*, партия құрамына кіре отырып, іс жүзінде ұйымның өміріне, партиялық бағдарламаны жүзеге асыруға қатыспайды;
 - 5 *партияның әлеуметтік базасы*, партия бағытын қолдайтын тұрғындар топтары, сонымен бірге олар партияны қаржы жағынан да қолдауы мүмкін. Партияның бағдарламасын қолдайтын оның әлеуметтік базасының бір бөлігі сайлауда оған әрдайым дауыс беріп отырады, оларды *партияның электораты* деп атайды.

Партияларды жіктеу. Партиялар дүниесі жан-жақты болып келеді. Саяси партияларды жіктеп, жүйелеудің көптеген белгілері мен өлшемдері бар. Саяси партиялар өздерінің сипатына, шығу тегіне, саяси жүйеде алатын орны мен роліне қарай әртүрлі болып келеді. Алғашқы көпшілік, бұқаралық партиялардың құрылуы (XIX ғ.) қарама-қарсы таптардың дамуы, олардың арасындағы тап күресінің шиеленісуіне байланысты таптық өлшем негізгі өлшем болып келеді. Бүгінде таптық өлшем аз қолданылады, себебі XIX ғ. қарағанда қазіргі заманғы қоғамның таптық-әлеуметтік құрылымы өте күрделі. Партияларды жіктеу мына өлшемдер бойынша жүзеге асырылады:

I. Әлеуметтік базасына байланысты партиялардың мынанадай түрлері бар:

- бір ортада қызмет ететін партиялар*, белгілі бір топ, тап өкілдерінен тұрады (мысалы, әйелдер, ұлтшылдық, жұмысшылар, буржуазиялық т.б. партиялар);
- аралық партиялар*, түрлі әлеуметтік топтар, таптар, топтар өкілдерін біріктіретін партиялар;
- әмбебап (универсалды) партиялар*, топтық, таптық жіктелістеріне, белгілеріне қарамастан бүкіл қоғамды біріктіруге (жалпы халықтық ортада қолдау табуға) тырысатын партиялар;
- корпоративті партиялар*, азғана топтың (бизнестің, жұмысшы табының белгілі бір бөлігінің мүддесін көздейтін партиялар).

II. Партиялардың басқа да типологиясы белгілі, олардың ішіндегі ең танымалын француз ғалымы М.Дюверже жасады, ол партияның инфрақұрылымы мен мүшелерінің сипатының ерекшеліктеріне көңіл аударды. Ғалымның партияларды салыстырмалы талдауына сүйене отырып, саясаттанушылар партиялардың мынандай типтерін көрсетеді:

- *тікелей немесе жанама партиялар*, біріншісінде (көбінесе социалистік және коммунистік партиялар) индивид партиялық көпшілікпен тікелей байланысты, жарна төлейді, жергілікті ұйымның жиналыстарына қатысады. Екіншісінде (британ лейбористері) индивид партияға басқа ұйымның (кәсіподақтың, кооперативтің) мүшесі ретінде кіреді, яғни партияның ұжымдық мүшесі болып табылады;
- *әлсіз және күшті құрылымды партиялар*, бірінші партиялардың жарғыларында төменгі партиялық ұйымдардың принциптерімен олардың шоғырлану әдістері (консерваторлық партиялардың көпшілігі) көрсетілмейді. Екіншісінде партияның базалық элементтерінің құрылымы қатаң реттеліп,

көрсетіледі. Социалистік, коммунистік, христиан-демократиялық партиялардың көпшілігі осылай құрылған.

- *орталықтандырылған және орталықтандырылмаған партиялар*, орталықтандырылған партияларда барлық шешімдерді орталық басшылық қабылдайды, төменгі ұйымдардың өкілеттілігі шектелген (британ Консервативтік партиясы). Орталықтандырылмаған партияларда, керісінше, төменгі, жергілікті ұйымдарға кең өкілеттілік берілген, тіпті өз қатарында фракциялардың болуына мүмкіндік береді. Орталықтандырудың жоғары дәрежесі АҚШ-тағы демократтарға да, республикашылдарға да тән.
- *«жұмсақ» және «қатаң» партиялар*. Бұл парламенттік партияларға қатысты, депутаттың парламенттегі партиялық фракциядан қаншалықты тәуелсіз қимылдай алатынын сипаттайды. Мысалы, Ресейдің Мемлекеттік Думасындағы СПС депутаты, АҚШ Конгресіндегі демократтар мен республикашылдар қаншалықты дәрежеде өз қалауымен дауыс бере алады. Американдық президенті өз бағдарламасын Конгрестегі оның партияластары бірауыздан қолдап дауыс беретіндігіне барлық уақытта сенімді бола алмайды. Ал Ұлыбританиядағы Консервативтік партия, Ресейдегі «Единство» және Халықтық партия, керісінше, бірауыздан дауыс беру тәртібін талап ететін «қатаң» партиялардың мысалы бола алады.

III. Партияның ұйымдық құрылымы, мүшелерінің саны мен сипатына байланысты партиялар былай бөлінеді:

- *кадрлық партиялар*, нақты саясаткерлер айналасына жиналған ықпалды адамдардың (политтехнологтар, финансистер, танымал адамдар) азғантай тобы. Мұндай партиялардың мүшелері тіркеуден өтпейді, мүшелік жарна төлемейді, құрамы тұрақты емес. Кадрлық партиялардың белсенділігі сайлау кезінде көрінеді, олар өз үміткерлерін сайлаушылардың қолдауын ұйымдастырады. Мысал ретінде АҚШ-тың Республикалық және Демократиялық партияларын келтіруге болады.
- *бұқаралық (көпшілік) партиялар*, кадрлық партияларға қарағанда мүшелері көп, оларға жоғары ұйымдасу, белгілі бір партиялық тәртіп, идеология тән. Тұрақты жұмыс істейтіндіктен тармақталған басқару аппараты және жергілікті ұйымдарының жүйесі болады. Партия жаңа мүшелер арқылы өз құрамын толықтыруға бағытталады, саяси мәселелерді шешеді. Мысал ретінде қазіргі заманғы Ресейдегі КПРФ (коммунистік партияны) айтуға болады.
- *ашық және жабық партиялар*, бұлай бөлу жаңа мүшелер арқылы өз құрамын толықтыру әдістеріне байланысты. Алғашқысында партияға қабылдау реттелмейді, екіншісінде партияға қабылдау үшін кейбір шарттар орындалуы қажет: кепілдеме, анкета, жергілікті партия бөлімшесінің түпкілікті шешімі қажет. Бұрын партияға қабылдаудың мұндай қатаң талаптары, ережелері КОКП (коммунистік партия) және т.б. коммунистік және социалистік партияларға тән болды. Алайда бүгінгі күні партиялардың әлеуметтік базасы тарыла бастағанда, көптеген партиялар ашық партияларға айналды.

IV. Индивидтің партияға қатысы дәрежесіне байланысты М.Дюверже партияларды тоталитарлық және арнаулы деп бөлді. Алғашқысында (фашистік партиялар, КОКП) партия мүшесі болу өмір сүру әдісі болып, адамның бүкіл өмірі партия қызметіне бағытталады, партия тек қана саяси өмірге ғана емес, индивидтің жеке өміріне де араласады. Тоталитарлық партиялар әрқашанда жабық сипатта болып, өз ішінде фракцияларға тыйым салады. Арнаулы партияларда индивид пен

партияның ұласуы жүзеге аспайды, оларда фракция, ағым түріндегі түрлі көзқарастарға мүмкіндік беріледі.

V. Саяси жүйедегі партияның алатын орнына қарай партияларды былай бөледі:

- *басқарушы партиялар*, заң шығарушы органға сайлау нәтижесінде үкіметті құруға, өз мақсатарына сәйкес қоғамның дамуының саяси бағдарламасын жүзеге асыруға құқығы бар партиялар. Басқарушы партиялар біреу немесе бірнеше болуы мүмкін, егер олар бірнеше болса, онда олар коалицияға (бірілесіп басқару) бірігеді;
- *оппозициялық партиялар*, сайлауда жеңіліске ұшыраған немесе үстемдік етіп тұрған режим бойынша сайлауға жіберілмеген партиялар, сондықтан өз қызметін ресми үкіметтік бағытты сынап, балама бағдарламалар жасауға бағыттайды. Оппозициялық партиялардың қоғамда маңызды роль атқаруы және атқармауы да мүмкін. Оппозициялық партиялар жария, яғни заңды түрде тіркелген немесе тіркелмеген болуы мүмкін.

VI. Идеологияға қатынасы және идеологиясының бағытына қарай партиялардың мынандай түрлерін көрсетуге болады:

- *идеялық-саяси, идеологияға негізделіп құрылған партиялар* (коммунистік, социалистік, демократиялық, либералдық, фашистік, консервативтік т.б.).
- *белгілі бір мәселеге бағытталған партиялар*, белгілі бір мәселелер төңірегіне шоғырланған партиялар («жасылдар» партиясы, әйелдер партиясы);
- *электораттық партиялар*, идеология аралық және идеологиясы жоқ ұйымдар, тұрғындар бұқарасына бағытталған партиялар.

VII. Саяси идеологиясына қарай партиялардың негізгі бес түрін көрсетуге болады:

1. *Коммунистік партиялар мен солшыл радикалдық бағыттағы партиялар*. Олар К.Маркстің ілімін басшылыққа алады. Жеке меншіксіз, тапсыз қоғам құруға тырысады. Басқа партиялар коммунистік партияның басқарушы ролін мойындауы керек. Мысалы, Қытай, Солтүстік Корея, Куба, бұрынғы КСРО. Батыста мұндай партиялардың айтарлықтай салмағы жоқ.
2. *Социал-демократиялық (немесе социалистік, лейбористік) партиялар*. Олар қазіргі капиталистік қоғамды еңбекші халықтың мүддесіне сай ұдайы реформалап, өзгеріп отыруға тырысады. Олардың басты құндылықтары: бостандық, әділеттілік, ынтымақтастық, теңдік. Оған жататындар: Австрияның, Германияның, Швецияның социал-демократиялық партиялары, Ұлыбританияның лейбористік партиясы және т.б.
3. *Буржуазиялық-демократиялық партиялар*. Олар ХІХ ғасырда Еуропа мен Солтүстік Америкада пайда болды. Мынандай принциптерді басшылыққа алады: қоғамда билік үшін әрқашан ашық күрес жүруі керек, өкіметке жалпыға бірдей сайлау арқылы жету, парламентте көпшілік дауыс алған партия немесе партиялық бірлестік өкіметті билейді, басқарушы партияға (партияларға) қарсы үздіксіз ашық оппозиция жұмыс істейді. Заң алдында бәрінің де тең болғанын, сөз, баспасөз, жиналыстар бостандығын қалайды. Мысалы, Германияның еркін демократиялық партиясы, Ұлыбританияның социал-либералдық партиясы және т.б.
4. *Консервативтік партиялар*. Негізінен ірі буржуазияның мүддесін қорғайды. Әлеуметтік теңсіздікті сақтағысы келеді, адамдық және азаматтық ар-намыс, плюрализм, ынтымақтастықты жақтайды. Мысалы, АҚШ-тың республикалық партиясы, Германияның Христиандық-әлеуметтік одағы мен Христиандық-демократиялық одағының блогы, Ұлыбританияның консервативтік партиясы,

т.т.

5. *Фашистік партиялар*. Олар жеке мүддеден мемлекеттік мүдденің басым болғанын, басқаруда қатаң орталықтандырылуды, адамның құқықтары мен бостандықтарын шектеуді қалайды. Ұлтшылдықты уағыздайды. Бұл тоталитарлық немесе авторитарлық жүйеге жол ашады. Фашистік партиялар кезінде Германия мен Италияда болған.

2. Партия жүйесі. Қазақстандағы саяси плюрализмге ауысу тенденциялары мен мәселелері. Азаматтар мен мемлекет арасындағы өзара байланысты жүзеге асыра отырып, партиялар билік органдарымен ғана емес, сонымен бірге өзара қатынастар жасайды. Партиялар арасындағы осы өзара байланыстар әдісін анықтау үшін «партия жүйесі» деген термин қолданылады. Жалпы алғанда *партия жүйесі* деп – елдегі билік үшін тең бәсеке немесе біріккен күресі арқылы көрініп отыратын партиялардың, олардың өзара байланыстарының, қатынастарының жиынтығын айтады. Партия жүйесінің типін анықтауда сандық өлшем (бір, екі, екі жарым және көппартиялық жүйелер) қолданылады.

Саяси процестерге қатысуға және мемлекеттік органдарды қалыптастыруға нақтылы мүмкіндіктері бар партиялардың санына қарай *партия жүйелерінің* мынандай *типтерін* анықтайды:

Бір партиялық жүйе өзінен басқа билік үшін күресетін бәсекелес партияларды болдырмайды, мұндай жүйеде партиялық және мемлекеттік басшылықтың ұласуы жүзеге асады. Бір партиялық жүйе тоталитарлық, кейде авторитарлық режимдерге тән.

«*Жалған*» *көппартиялық (квазинаппартиялық) жүйе*, мұнда нақты билік бір партияда болады сонымен бірге басқа партиялардың қызметіне формальды түрде болса да рұқсат етіледі. Мысалы, Қытайда коммунистік партиядан басқа сегіз партия бар, алайда олардың барлығы ҚКП-ның басшы ролін мойындайды. Бұл жүйені басқаша «гегемон – партия жүйесі» деп те атайды.

Бипартизм немесе екіпартиялық жүйе (Ұлыбритания, АҚШ). Бұл жүйеде кішігірім партиялар болады, бірақ билік үшін нағыз бәсекелестік ең ірі екі партия арасында жүреді. Сайлауда (АҚШ-та президенттік сайлауда, Ұлыбританияда парламенттік сайлауда) жеңген партия министрлер кабинетін құруға құқық алады.

«*Екі жарым партиялар*» *жүйесі*, екі партиялық жүйеден айырмашылығы, сайлауда жеңген партия үкіметті үшінші партиямен бірігіп құрады. Мұндай жағдай Германияда бар. Сайлаудағы негізгі бәсекелестер Христиан-демократиялық одағы (ХДС) және социалистік партия (СДПГ). Ұзақ жылдар бойы үшінші партия ретінде еркін демократтар партиясы (СвДП) болып, олар бірде СДПГ-мен (1969-1982 жж.), бірде ХДС-пен (1982-1998 жж.) блок құрды. Ал 1998 жылдан билікке келген социалистер «жасылдармен» коалиция құрды.

Көппартиялық жүйе деп мемлекеттік билік үшін күрес барысында бірнеше саяси партиялардың әртүрлі мүдделері мен пікір алалығын пайдалана отырып басқару түрін айтады. Билікке төрт және одан да көп партиялар қатысады.

Демократиялық елдерде екі және көппартиялық жүйелер үстем болып табылады. Саясаттанушылар бұл жүйелердің *басым және осал жақтарына* көңіл аударады. Бір жағынан, көппартиялық жүйеде қоғамның спектрі кеңінен бейнеленіп, олардың нақты бәсекесі көрінеді, екінші жағынан бұл жүйенің осал жақтары да бар:

- Сайлау кезінде электорат шамадан тыс ұсақталады. Сайлауға қатысушы

көптеген партиялар мен блоктар парламентте түрлі топтар мүдделерін білдіруге кепілдік бере алмайды. Мысалы, 1993,1995,1999 жылдардағы Ресейдегі Мемлекеттік Думаға сайлауда тізімдегі партиялар мен блоктардың саны көп болғанымен, олардың ішінде депутаттық орындарды иелену үшін қажет 5%-дық төменгі шекке жеткендері аз болды.

- Парламенттегі саяси күштердің шамадан тыс көп болуы тұрақты және нәтижелі жұмыс істейтін министрлер кабинетін құруды қиындатады;
- «жауапкершіліксіз оппозиция» феноменінің пайда болуына әкеледі. Заң шығарған органға өту мүмкіндігі жоқ ұсақ партиялар кейін өздері жауапты болмайтынын біле отырып, құр популистік уәделер беруі мүмкін. Осылайша олар қоғамдағы радикалдық көңіл-күйлерге ықпал етеді.

Өз кезегінде екі партиялық жүйе қоғамдық өмірдің тұрақтылығын қамтамасыз етеді: тұрақты бір партиялық үкімет жұмыс істеп, ұзақ уақыт бірыңғай саяси бағыт жүргізіледі. Алайда мұндай жүйелер таралған елдер қоғамдастығы тарапынан олар да сынға ұшырауда. Бұл жүйенің жағымсыз жағы саяси кеңістікте (билік құрылымында, таңдау саясатында) екі партияның монополиясының болуы, үшінші партияның билікке ықпалын болдырмауынан көрінеді.

Қазақстандағы саяси плюрализмге ауысу: тенденциялары мен мәселелері. XX ғасырдың басында Қазақстанның экономикалық, саяси және әлеуметтік жағдайы ауыр болды. Ресейдің отаршылдық езгісі күшейе берді, Ресейден қоныс аударғандар қазақтың шұрайлы жерлерін тартып алуын көбейтті, халықтың жағдайы төмендей түсті. Сондықтан қазақтың зиялылары тығырықтан шығудың жолын іздеді. Алғашында олар үміттерін Ресейдің кадет партиясына артты. 1905 жылы желтоқсанда Орал қаласында А.Бөкейхановтың бастауымен Қазақстанның кадет партиясының бөлімі құрылып, сол партияның бағдарламасын қабылдады. Бірақ кадеттер болсын, Уақытша үкімет болсын 1917 жылдың ақпан революциясынан кейін де Қазақстандағы ұлттық, аграрлық және т.б. мәселелерді шешуге тырыспады. Ал қазақтардың өзін-өзі билеуі немесе автономиясы туралы сөз де қозғалмады. Осының бәрі А.Бөкейхановты кадет партиясынан шығып, жаңа «Алаш» партиясын құруға мәжбүр етті.

Орынборда 1917 жылы 21-26 шілде аралығында өткен бірінші жалпықазақ съезі жұмысы барысында *«Алаш» партиясы* құрылды.

1917 жылы 21 қазанда «Қазақ» газетінде «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасы басылып шықты. Оның ең маңызды баптарына мыналар жатады: Ресей демократиялық федеративтік республика, ал оған кіретін мемлекеттер тәуелсіз болуы керек; Ресей республикасында дініне, шыққан тегіне, жынысына қарамай бәрі де тең; онда теңдік, жеке адамның дербес құқылығы, сөз, баспасөз, одақтар еркіндігі қолданылады; дін мемлекеттен бөлінеді, барлық діндер тең, қазақтардың өзіндік муфтияты болуы керек; билік пен сот әр халықтың ерекшелігіне сай құрылуы, би мен қазы жергілікті халықтың тілін білуі тиіс, барлық оқу орындарында ақысыз білім және ол барлық адамдардың игілігі болуы керек және басқалар.

1917 жылы желтоқсан айының бас кезінде Орынборда екінші жалпықазақ съезі шақырылды. Онда Алашорда үкіметі құрылды. Басшысы болып А.Бөкейханов сайланды. Бірақ бұл үкіметтің де, партияның да өмірі ұзаққа созылған жоқ. 1918 жылы Алашорда үкіметі кеңестік әскерлердің күшімен талқандалды, кейін «Алаш» партиясының басшылары мен мүшелері репрессияға ұшырады.

Сонымен бірге 1917 жылдың күзінде Қазақстанда «Үш жүз» партиясы құрылды. Оның басшысы Қ.Тоғысов деген болатын. Бұл партия большевиктерге бағдар ұстап, «Алаш» партиясының басты оппоненті болды. Ал Кеңес өкіметі кезінде, көпшілікке белгілі жалғыз басқарушы партия КОКП (Кеңес Одағының Коммунистік партиясы) болды.

Қазақстан тарихында шұғыл бетбұрыс болып, өшпес із қалдырған Алматыдағы 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы. Қазақ жастары бірінші болып орталықтың отаршыл саясаты мен әкімшіл-әміршіл жүйесіне ашық қарсылық білдіріп, батыл шеруге шықты. Бұл оқиға азаттық жолындағы күреске, жаңа саяси ұйымдар мен қозғалыстардың пайда болуына түрткі болды. 1987 жылы шілдеде КОКП Орталық Комитетінің қазақ халқын ұлтшыл деп кінәлаған қаулысы жағдайды одан әрі асқындырып жіберді. Қазақтың ұлттық санасын дамыту, өзінің шыққан тегіне бет бұру, тілін, дінін, ұлттық мәдениетін дамыту керектігін дәлелдеп, алға тартқан бастамашы топтар пайда бола бастайды. Осы мәселелерді бірінші болып көтерген «Желтоқсан» қозғалысы дүниеге келді, кейін (1990 ж. мамырда) соның неізінде осы аттас партия құрылды.

Қазақстанда көппартиялық жүйенің қалыптасуы бастапқыда клубтық құрылымдар кезеңі (1986-1989 жж.) жастардың саяси клубтарын, «ресми емес бірлестіктерді», «жасыл майданды» және басқа да экологиялық топтарды құру арқылы басталған еді. Осыдан соң жалпы ұлттық қозғалыстар (1989-1990 жж.) - «Невада – Семей қозғалысы», «Мемориал», «Әділет», «Желтоқсан», «Қазақ тілі», Тәуелсіз кәсіподақтың «Бірлесу» қоғамдары құрылды. Ал 1990-1991 жылдардан бастап партиялық құрылымдарды құрып қалыптастыру кезеңі басталды: Социал-демократиялық партиясы, «Алаш», «Желтоқсан» партиялары, «Азат» азаматтық қозғалысы құрылды. «Қазақ КСР-індегі қоғамдық бірлестіктер туралы» заңның (1991 ж.) қабылдануы, Қазақ КСР-інің Коммунистік партиясының саяси аренадан кетуі (1991 ж.), бұдан соң КСРО-ның күйреуі Қазақстандағы көппартиялық жүйенің қалыптасу үрдісін тездетті. 1991 жылы 21 қазанда алғашқы партиялар: Қазақстан Халық Конгресі, Қазақстан Социалистік партиясы, Қазақстан Республикалық партиясы, Қазақстан Коммунистік партиясы, 1993 ж. Қазақстан Демократиялық прогресі партиясы құрылып тіркелді.

1999 жылы Қазақстанның азаматтық партиясы, Қазақстанның Республикалық Халық партиясы, «Азамат» демократиялық партиясы, Қазақстан аграрлық партиясы, Республикалық «Отан» саяси партиясы құрылды.

Төрт ұйым – Демократиялық партия мен «Қазақстанның халық бірлігі», «Қазақстан-2030 қозғалысы» мен Либералдық қозғалыс «Отан» республикалық партиясына бірігуді ұйғарды (01.03.1999 ж.)

Республика аумағындағы кейбір саяси партиялардың бағыт-бағдарламаларына тоқталамыз:

Ұлттық-демократиялық «Желтоқсан» партиясы. 1990 жылы мамырда құрылды. Партияның бағдарламасында республиканың саяси және экономикалық егемендігі үшін, мемлекеттік тіл қазақ тілі болуын, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғалары құрбандарын орынсыз тағылған кінәдан толық актау, оларға саяси құрбандар мәртебесін беру, Қазақстаннан тыс жерлерде тұратын отандастармен тығыз байланыс ұйымдастыру, ислам дінінің қайта өркендеуі жолында күрес жүргізу көрсетілген.

Қазақстанның республикалық «Азат» партиясы. 1991 жылы 4 қыркүйекте құрылды. Ол бағдарламасында Қазақстанның шын мәніндегі егемендігін

қамтамасыз етуді, аумақтық тұтастығын сақтауды, елдің қоғамдық тұрмысын демократияландыруды, қазақ тілін, ұлттық дәстүрді дамытуды және т.б. мақсат етіп қойды.

Қазақстанның социал-демократиялық партиясы. 1990 жылы 26-27 мамырда құрылды. Бағдарламасында батыс елдеріндегі осы аттас партиялардай бостандық, ынтымақтастық, әділеттілік идеяларын ту етеді. Бұл партия тұрмыс сапасын жақсарту, саяси, экономикалық, әлеуметтік реформаларды жүзеге асыру және т.б. мақсаттарды көздейді.

Қазақстанның социалистік партиясы. 1991 жылы 7 қыркүйекте құрылды. Қазақстан коммунистік партиясы идеологиясынан бас тартып, соның негізінде құрылды. Бағдарламасында мынадай стратегиялық мақсаттарды қояды: саяси салада шынайы демократияны, құқықтық мемлекетті, биліктің бөлінуін, саяси алуан түрлілікті, ұлттардың теңдігін және дінге сенім бостандығын жақтайды, экономика саласында – қатаң қаржы саясатын, салық реформасын, меншікті мемлекетсіздендіру және жекешелендіру, еркін бағаны енгізу, әлеуметтік салада – халықтың нашар қорғалған бөлігін қорғау, жұмыссыздықты болдырмау. Сонымен қатар бұл партия ТМД елдерінің аясында неғұрлым тығыз шоғырлануға, ұлттық шеңберден тыс құрылымдар құруға қарсы еместігін білдіреді.

«Қазақстанның Халық конгресі» партиясы. 1991 жылы 5 қазанда құрылды. Өзін центристік Либералдық-демократиялық партия деп санайды. Ол азаматтық, құқықтық қоғам орнатуды қалайды. Экономикалық салада әлеуметтік бағытталған мемлекет реттейтін нарықтық экономиканы құруды жақтайды. Мемлекетіміздің экономикалық және мәдени гүлденуінің негізгі шарты азаматтық келісім деп біліп, ұлтаралық түсінушілікті қамтамасыз етуге басты көңіл бөледі. Ол шығармашылық зиялы қауым мен кәсіпкерлік топтарға бағдар ұстайды.

«Қазақстанның халық бірлігі» одағы. 1993 жылы 6 ақпанда құрылды. Оған көптеген шенеуніктер кірді. Бұл партия Президент Н.Ә.Назарбаевтың көзқарасын жақтайды. Ол өзін әлеуметтік бағдар ұстаған, нарықтық экономикаға сүйенген демократиялық қоғам қалыптастыруды қолдайтын саяси ұйым деп жариялайды. Ол көппартиялық саяси жүйе құруды, әлеуметтік серіктестік пен азаматтық келісімді, саяси және ұлтаралық тұрақтылықты, Қазақстанның әлемде саяси салмағының күшеюін, оның гүлденуін қалайды. 1995 жылы одақты партия деп атауға шешім қабылданған. 1999 жылдың наурызында бұл партия «Отан» партиясының құрамына кірді.

Бұлардан басқа Қазақстанның Дәуірлеу партиясы, Халықтық-кооперативтік партия, Қазақстанның қайта өркендеу партиясы, Қазақстан коммунистік партиясы (1998 жылы тіркелген, 2003 жылы қайта тіркелген), Қазақстан коммунистік Халықтық партиясы (2004 ж.), Қазақстанның «Ауыл» социал-демократиялық партиясы (2002 ж.), Қазақстанның патриоттар партиясы (2000 ж. тіркелген, 2003 ж. қайта тіркелген), Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясы (2002 ж.), «Руханият» (2003 ж.), «Әділет» демократиялық партиясы (2004 ж.), Қазақстанның «Нағыз Ақ жол» демократиялық партиясы (2005 ж.), Жалпыұлттық социал-демократиялық партия (ЖСЛП, 2007 ж.) және т.б. партиялар бар.

Қазіргі кездегі негізгі мәселе – республикамызда тәуелсіз әлеуметтік бағыт алған, демократиялық, құқықтық мемлекет құру. Оны республикадағы барлық партиялар мойындайды. Мәселе оны қандай тәсілдер мен құралдар арқылы іске асыруда болып отыр. Сонымен қатар еліміздегі барлық партиялар өздерінің бағдарламаларында демократиялық құндылықтарды жақтайтындығын, нарықтық

экономикаға тырысатындығын білдіріп, Қазақстанда азаматтық келісім мен тұрақтылық болғанын қалайды.

Республикадағы партиялардың саны үнемі өсуде. Бірақ көппартиялықтың қалыптасу процесі баяу және күрделі өтуде. Күрделілігі сол - көптеген партиялардың мүше саны аз, олар саяси процеске шын мәнінде араласпайды, қоғаммен дамыған байланыс жүйесі жоқ. Бірқатар партиялардың жұмысшылар мен фермерлер арасындағы әлеуметтік базасы тым мардымсыз. Зиялы қауым, әсіресе техникалық қызметкерлер саясаттан тыс болуды қалайды. Партиялар арасында әдеттегідей өркениетті қатынастар мен байланыстар әлі орнамаған. Олар халыққа онша таныс емес, көбінесе формальды түрде есептеледі. Жергілікті аймақтарда партиялар мүлде жоқ немесе олардың саны болмашы ғана. Демократиялық елдерде сайлау барысында көпшілік партиядан немесе саяси партиялар коалициясынан үкімет билігін алуға тырысады. Бізде әлі ешқандай партия сайлау арқылы билікті қолына алу, үкімет аппаратының ісіне бақылау жасау мақсатын қоймайды. Сондықтан Қазақстанда көппартиялық жүйенің қалыптасу процесі аяқталмаған. Қазақстандағы партиялар қоғам мен билік арасындағы байланыстырушы ролін атқара алмай келеді.

Оның себептері ретінде, ең алдымен, республикада пікір алуандығының тарихи дәстүрінің болмауы, саяси мәдениеттің төмендігі, құқықтық негіздің әлсіздігін атауға болады. Кейбір партиялар пікірлестердің бірлестігі ретінде құрылмады, «жоғарғы» жақтың ұйғарымымен жасалады. Көптеген партиялардың өз мақсат, бағдарламаларын насихаттап, үгіт жүргізерлік мүмкіндіктері аз. Олардың баспалары, радио, теледидарда каналдары не мерзімді уақыттары жоқ.

Қазақстанда көппартиялықтың бұдан әрі дамуында топтық мүдделердің жіктелуіне қарай бағыт-бағдары жақын партиялар бір-біріне жақындай түсуі, жинақталуы, жаңа партиялардың дүниеге келуі, кейбіреуінің саяси сахнадан кетуі мүмкін.

Қазақстанның Конституциясы елдегі конституциялық құрылысты күшпен өзгерту, Республиканың тұтастығын бұзу, мемлекеттің қауіпсіздігіне зиян келтіру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік ала ауыздық туғызу және заң жүзінде көрсетілген әскери құрылымдарды ұйымдастыруға тыйым салады. Басқа мемлекеттердің саяси партиялары мен кәсіподақтарының, діни негіздегі партиялардың жұмысы сонымен қатар саяси партиялар мен кәсіподақтарды шетел мемлекеттері жеке халықаралық ұйымдардың қаржыландыруына рұқсат етілмейді.

Сонымен қазіргі қоғамның өмірінде саяси партиялар алдыңғы қатардағы орынның бірін алады. Олар осы мемлекеттік билікті қорғап, нығайту немесе оны өзгерту үшін құрылады. Партия бұқара халықтың мүддесін топтап, жинақтай білгенде күшейе түседі. Олар қоғамның саяси дамуының маңызды көрсеткіші болып саналады.

3. Қоғамдық-саяси қозғалыстар мен ұйымдар, түрлері, функциялары.

Партиялардан *қоғамдық саяси қозғалыстарды* айыра білу керек. Оларға белгілі бір мақсаттарға жету үшін үкіметке ықпал ету бағытында құрылатын азаматтардың түрлі ерікті ұйымдар жатады.

Қоғамдық саяси ұйымдардың *негізгі белгілері:*

- партияларға қарағанда тұлғасыз болады және әлеуметтік базасы кең болады;
- белгілі бір саяси мақсатқа жетуге бағдар ұстайды;
- ұйымдық құрылымы жағынан әлсіз болады;
- қоғамдық саяси қозғалыстар билікке жетуді емес, билікке ықпал етуді негізгі

міндет деп санайды.

Қоғамдық саяси қозғалыстар бұқаралық партияны құру жолында алғашқы саты болуы мүмкін. Қозғалыстың партияға тән ұйымы, жұмысының бірыңғай бағдарламасы, басқаруда айқын принциптері болмайды. Әдетте, оның әділеттілік, бостандық, қарусыздану, бейбітшілік үшін күрес, ұлттың жаңарып өрлеуі, айналадағы ортаны қорғау т.с.с. жалпыхалықаралық, адамзаттық талаптарға негізделген басты мақсаты қалыптасады. Қозғалыстар көбінесе стихиялы түрде пайда болады.

Алдына қойған мақсаттарына жету үшін қозғалыстардың пайдаланатын әдістері жанама ықпал ету (бұқаралық ақпарат құралдарында насихат науқанын жүргізу, өз талаптарына жазбаша түрде қол жинау, ереуілдер өткізу, үкімет жарлықтарына бағынбау, пикет, митингі, шеру өткізу) және тікелей ықпал ету (билік органдарының құрамына өз өкілдерін өткізу, саяси бюрократия өкілдерімен жеке байланыстар жасау т.б.) деп бөлінеді.

Қоғамдық – саяси қозғалыстардың *пайда болуының себептері*:

- белгілі бір адамдар тобының жағдайының ұқсастығы;
- мемлекет тарапынан болатын жағымсыз әрекеттерге қарсы топ ретінде адамдардың қарсы тұруға ұмтылысы.

Әрбір қоғамдық-саяси қозғалыстың өз тарихи және пайда болу себептері бар. Олардың кейбіреулеріне толығырақ тоқталамыз.

Кәсіподақ қозғалысы бір мамандықтың немесе өндірістің бір саласында еңбек ететін адамдарды біріктіреді және олардың мүддесін қорғауды мақсат етеді. Ең алғаш рет қозғалыс белгілері ортағасырлық қолөнершілердің цехтық ұйымдары ретінде көрінеді. XIX ғасырда қазіргі формасына ие болып, өнеркәсібі дамыған елдерде қалыптасты. Бүгін де кәсіподақтар мемлекет саясатын қалыптастыруда маңызды роль атқарады. Кейде оның жетекшілері мемлекеттік құрылымдарға енгізіледі, кейде кәсіподақтар мемлекеттік билік басына келуі мүмкін (1989 жылы поляктың «Ынтымақтастық» кәсіподағының жетекшілері үкіметті басқарды). Кейбір кәсіподақтар (мысалы, Ұлыбританияда) саяси партиялардың негізі болып, олардың қызметтерін бақылайды. Кәсіподақтар өзіне мүше болса да, болмаса да еңбекшілердің экономикалық және әлеуметтік мүдделерін қорғайды. Олар жеке адамның өмір сүруіне қажет ілімдер, ережелер мен айлықтар жүйесін меңгеруге, еңбекшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәдени деңгейін көтеруге көмектеседі.

Конфессиялық қозғалыстар ежелгі заманнан белгілі. Қазіргі заманғы діни қозғалыстар XIX ғасыр ортасында пайда болды, олар саяси қатынастарды христиандық мораль негізінде қайта құру діндарлардың саяси өмірге қатысуына жағдайлар жасауды міндет етеді. Конфессиялық қозғалыстар екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ерекше танымал бола бастады. Олардың бір бөлігі партияларға айналды. Мысалы, Германиядан Христиан-демократиялық және Христиан-социалистік одақтары блогы бірнеше жылдар бойы билеуші күш ретінде болды.

Халық майдандары. Алғаш рет бұқаралық қозғалыс ретінде екі дүниежүзілік соғыс аралығында пайда болып, қоғамды демократияландыруды мақсат етті. Социалистік елдерде XX ғасырдың 80 жылдарының соңында халық майдандары ұйымдары жаппай құрыла бастайды. Іс жүзінде майдандар түрлі күштерде: партияларды, кәсіподақтарды т.б. әлеуметтік қорғаныс түрлерін біріктіреді. Майдандар Испания, Францияның саяси өмірінде постсоциалистік елдердің демократиялануы процесінде маңызды роль атқарды.

Табиғатты қорғау қозғалыстары. ХХ ғасырдың ортасында пайда болып, экологиялық мәселелерге билік органдарының көңілін аударуды мақсат етті. Өзінің сыртқы түрі жағынан «саяси еместігіне» қарамастан бұл қозғалыстар саясатқа үлкен ықпал етеді: өз мүшелерін өкілділік институттарының құрамына енгізеді; ядролық жарылыстар жасауға кедергілер ұйымдастырады; экологиялық бағдарламалардың қабылдануына т.б. ықпал етеді т.б. Жаһанды ауқымдағы бұл бағыттағы ірі және ықпалды қозғалыс болып «greenpeace» қозғалысы болып табылады.

Бұл аталғандардан басқа қоғамның саяси өміріне қоғамдық саяси ұйымдар да ықпал етеді.

Қоғамдық ұйымдарға халықтың белгілі бір тобының мүддесін білдіріп, қорғайтын, алдына қойған әлеуметтік мақсатқа жету үшін ерікті түрде мүшелікке кірген, оған материалдық көмек көрсететін, өзін-өзі басқаратын адамдардың бірлестігі жатады.

Саяси қозғалыстар сияқты қоғамдық ұйымдар да адамдардың мүдделерін іске асырудың құралы ретінде пайда болады.

Қоғамдық ұйымдар бірлесе амал, әрекет жасау үшін халықаралық, жалпы мемлекеттік, аймақтық, ұлттық, жергілікті көлемде ресми және бейресми сипаттағы одақтарға, халықаралық ұйымдарға бірігуі мүмкін.

Қоғамдық ұйымдар әр түрлі келеді. Оған: партиялар, кәсіподақтар, жастар, әйелдер ұйымдары, кооперативтік бірлестіктер, шығармашылық, ардагерлер одақтары, әр түрлі ерікті қоғамдар (ғылыми, ғылыми-техникалық, мәдени-ағарту, спорттық, қорғаныс және т.б.) жатады.

Қоғамдық бірлестіктердің көпшілігі саяси өмірде белсенділік танытқанымен, тікелей саясатқа араласа қоймайды. Шет елдерде солардың ішінде белсендісіне *қысымшы топтар* жатады. Іс жүзінде олар парламент пен үкіметке кеңес беру және оларды арнаулы нормативтік қызмет мәселелері бойынша тиісті ақпараттармен қамтамасыз ету үшін құрылады. Қысымшы топтар өз аттарынан сайлауға қатынаспайды. Олар мемлекеттік органдарға идеологиялық ықпал жасаудан бастап, сатып алуға дейінгі қысым көрсетудің алуан түрлерін пайдаланады. АҚШ-та бұларды лоббистік ұйымдар, мүдделі топтар деп атайды. Ұлыбританияда оларды парламент агенттері дейді. Олар көбінесе мүдделерінің ортақтығы негізінде және бұл топ пен билік органдарының арасында байланыс болғанда пайда болады.

Басқа елдердегі сияқты Қазақстанда да қоғамдық қозғалыстар мен ұйымдар бар. Алдына қойған мақсаттарына қарай оларды былайша топтастыруға болады:

- *Экологиялық бағыттағы ұйымдар.* Оларға жататындар: «Невада-Семей» қозғалысы, «Арал-Азия-Қазақстан» халықаралық қоғамдық комитеті, «Табиғат» комитеті және т.б.;
- *Ұлт мәселелерін шешуге бағытталған.* Оларға: Қазақстанның «Азат» азаматтық қозғалысы, славяндардың республикалық қоғамдық «Лад» қозғалысы, «Русская община», «Единство» қоғамдық бірлестігі, республикадағы казактар қозғалысы, неміс, ұйғыр, грек, корей және т.б. мәдениет орталықтары;
- *Тарихи-ағартушылық қоғамдар:* «Мемориал», «Әділет», «Ақиқат» және т.б.;
- *Әлеуметтік талаптар қойған ұйымдар:* «Атамекен», «Алтын бесік», «Жерұйық», «Шаңырақ» және т.б.

Бұлардың көбі заман талабына сай пайда болып, өз мақсаттарын

орындауына байланысты өмір сахнасынан кетті, біразы іс-әрекеттерін әлі де жалғастыруда.

Сонымен қатар республикада ардагерлер, әйелдер, жастар одақтары және т.б. көптеген қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар бар. Осылардың бәрі, сайып келгенде, әрқайсысының өз ерекшеліктері арттырып, Қазақстанның гүлденіп өркендеуіне, тұрақты дамуына үлестерін қосқанда ғана мақсаттарына жетпек.

Бақылау сұрақтары:

1. Саяси партия дегеніміз не?
2. Саяси партияны басқа саяси ұйымдардан айыратын белгілерін атаңыз.
3. Партиялардың қалыптасуының қандай әдістерін білесіз?
4. Партияның қызметтерін атаңыз және оның ең бастысы қайсысы?
5. Партияның құрылымы қандай компоненттерден тұрады?
6. Партиялардың идеологиясына байланысты қандай түрлерін білесіз?
7. Партиялық жүйе деп нені атайды?
8. Партия жүйелерінің қандай типтерін білесіз?
9. Бірпартиялық, екіпартиялық және көппартиялық жүйелердің негізгі белгілері қандай?
10. Екіпартиялық және көппартиялық жүйелердің жағымды(басым) және жағымсыз (осал) жақтары қандай?
11. Қоғамдағы партияның санының көптігі көппартиялық жүйені білдіре ме, неге?
12. Қазіргі заманғы Қазақстандағы саяси партияларға сипаттама беріңіз.
13. Қоғамдық-саяси қозғалыстар дегеніміз не және олардың негізгі белгілері қандай?
14. Қазақстанда қандай қоғамдық-саяси қозғалыстар мен ұйымдар бар?

IV. ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.

Оқулықтар :

1. Белов Г.А. Политология: Курс лекций. Уч. пос. М., 1996.
2. Булатова А.Н., Исмагамбетова З.Н. Политология. Уч. пос. А., 2000.
3. Введение в политологию: словарь-справочник / Под ред. В.П.Пугачева. М., 1996.
4. Василенко И.А. Геополитика. Учеб. Пос. М., 2003.
5. Гаджиев К.С. Введение в политическую науку: (Учебник для высш.учеб.завед.) 2-е изд., М., 1997.
6. Джунусова Ж.Х., Булуктаев Ю.О., Акимова А.М. Введение в политологию. А., 1998.
7. Джунусова Ж.Х., Булуктаев Ю.О., Козелецкая Г.В. Политология: Курс лекций. А., 1998.
8. Ирхин Ю.В., Зотов В.Д., Зотова Л.В. Политология. М., 2001.
9. История политических учений. Вып. 1,2. / Под общ ред. О.В. Мартышина. 2-е изд. М., 1996.
10. История политических и правовых учений: Учебник / Под ред. О.Э. Лейста. М., 1997.
11. История политических и правовых учений. Учебник для вузов. 2-изд. / Под общ. ред. В.С. Нерсисянца. М., 2001.

12. Казахстанская политологическая энциклопедия/ Центр политических исследований: КазГНУ им. Аль-Фараби, кафедра политологии. А., 1998. - 447 с.
13. Мангейм Д.Б., Рич Р.К. Политология: методы исследования: Пер. с англ. М., 1999.
14. Мухаев Р.Т. Политология. Учебник для вузов. М., 1997.
15. Основы политологии: реферат академ. пособ. «Наука о политике»: Пер. с польск. / Под ред. А.Боднара. Варшава. 1998. 2-е изд. М., 1990
16. Панарин А.С. Политология: Учебник / МГУ им. М.В.Ломоносова. – М., 1998.
17. Политическая наука: новые направления / Под ред. Р.Гудина и Х.Д.Клингеманна. Науч.ред. Е.Б.Шестопа. М., 1999.
18. Политология для юристов. Курс лекций./ Под ред. Н.И. Матузова и А.В. Малько. М.,1999.
19. Политология: Учебник / Под ред. Л.А.Байдельдинов. А.,1997.
20. Политология. Под. ред. М.А. Василика. М., 2001.
21. Политология. Хрестоматия. Под ред. М.А. Василика. М., 2000.
22. Политология: Энциклопедический словарь / Общ.ред. и сост. Ю.И.Аверьянова. М.,1993.
23. Политология: Учеб. для вузов / Под ред.А.Н.Нысанбаева. А., 1998.
24. Политология. Учебник для вузов. Отв. ред. В.Д. Перевалов. М., 2001.
25. Политология. Конспект лекций в схемах. М., 2000.
26. Политология: Курс лекций / Под ред.М.Н.Марченко. Изд 3-е, перераб., и доп. М., 1999.
27. Пугачев В.П., Соловьев А.И. Введение в политологию: Учеб. пособ. для студ.вузов. Изд.3-е. перераб. и доп. М., 1997.
28. Цыганков П.А. Международные отношения: Учебное пособие. М.,1996.
29. Чанышев А.А. История политических учений. Классическая западная традиция. М., 2000.

Қосымша әдебиет:

1. Бжезинский З. Великая шахматная доска. М., Международные отношения, 1998.
2. Бижанов А.Х. Республика Казахстан: Демократическая модернизация общества переходного периода. А., 1997.
3. Бродель Ф. Время мира. М., 1998.
4. Бурханов К.Н., Карин Е.Т., Сатпаев Д.А., Давыдова М.М. Экстремизм в Центральной Азии: Институт России и Китая. А., 2000.
5. Вебер М. Политика как призвание и профессия. Избр. произв.М., 1990.
6. Гаджиев К.С. Политическая философия. Системные проблемы России.М., 1999.
7. Кушербаев К.Е. Этнополитика Казахстана: состояние, перспективы. А., 1996.
8. Лаумулин М.Т. Казахстан в современных международных отношениях: безопасность, геополитика, политология. А., 2000.
9. Тасмаганбетов И.Н. Социально-политическое обновление Казахстана. Тенденции и перспективы. А., 1996.
10. Токаев К.К. Внешняя политика Казахстана в условиях глобализации. А., 2000.
11. Теория государства и права. Курс лекций. Под ред. М.Н. Марченко. М., 1999.
12. Теория государства и права. Курс лекций. 2-е изд. / Под ред. Н.И. Матузова и А.В. Малько. М., 2000.

Қазақ тіліндегі оқу құралдары мен қосымша әдебиет:

1. Жамбылов Д. Саясаттану: Оқулық. А., 2003.
2. Кенжебаев М. Саясаттану негіздері. Оқу құралдары. А., 1995.
3. Кенжебаев С., Бұлықтаев Ю., Құдайбергенов Б. Т.б. Саясаттану негіздері. А., 1999.
4. Қапесов Н. Саясаттану. Оқу құралы. А., 2003.
5. Мұхамедов М., Сатершинов Б., Сырымбетұлы Б. Саяси-құқықтық ілімдер тарихы. Оқулық. А., 2002.
6. Хан И.Г. Саясаттану. Оқу құралы. А., 2003.
7. Дербісалиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. А., 1995.
8. Жоламан Қ.Д., Мұхтарова А.Қ., Тәуекелов А.Н. Мемлекет және құқық теориясы. Оқулық. М., 1999.

V. БАҚЫЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫ

Тапсырма 1. Таблицаны толтырыңыз:

Саясаттану термині және оның мағынасы	
Саясаттану объектісі	
Саясаттану пәні	
Саясаттану әдістері	
Саясаттану ұғымдары	
Саясаттану функциялары	

Тапсырма 2.

1. Саясаттану – ғылым ретінде нені зерттейді?
 2. Саясаттану оқу пәні ретінде не туралы білім береді?
- Сұрақтарға жауапты жазбаша, кесте түрінде беріңіз.

Тапсырма 3. Таблицаны толтырыңыз:

Саяси ойлардың даму кезеңдері	Өкілдері	Еңбектері	Негізгі идеялары
Ежелгі дәуір : а) Ежелгі Шығыс б) Ежелгі Батыс			
Орта ғасырлар : а) Батыс еуропалық ә) Араб-исламдық Қайта өрлеу дәуірі			
Жаңа дәуір (XVII ғ. – XX ғ. басы)			
Қазіргі заман (1918 жылдан бастап)			

Тапсырма 4. «Қазақ даласындағы саяси ойлар» тақырыбы бойынша кестені толтырыңыз:

Қазақ даласындағы саяси ойлардың даму кезеңдері	Өкілдері	Еңбектері	Негізгі идеялары

Тапсырма 5. Сөздік құрастырыңыз:

Меритократия –	Охлократия -	Макиавеллизм -
Аристократия –	Полития -	Республика -
Монархия –	Схоластика -	Абсолюттік монархия -
Тирания –	Теология -	Этатизм -
Олигархия –	Философия -	Конституционализм -
Демократия –	Гуманизм -	Теократия -

Тапсырма 6. Таблицаны толтырыңыз:

Биліктің анықтамалары	
Биліктің мәні	
Биліктің түрлері (жіктелуі)	
Биліктің табиғаты, мақсаты	
Биліктің теориялары	
Биліктің белгілері (элементтері)	
Биліктің құрылымы	

Тапсырма 7. «Биліктің құрылымы» атты таблицаны толтырыңыз:

Биліктің құрылымы	мағынасы	оған нелер жатады
Биліктің негіздері		
Биліктің ресурстары		
Биліктің көздері		
Биліктің субъектісі		
Биліктің объектісі		
Биліктің функциялары		

Тапсырма 8. Саяси билік туралы кестені толтырыңыз:

Саяси биліктің анықтамасы	
Саяси биліктің формалары	
Саяси билікті жүргізуге байланысты түрлері	
Саяси биліктің мемлекеттің аумақтық құрылысына қарай түрлері	

Тапсырма 9. Кестені толтырыңыз :

Демократияның анықтамалары	
Демократияның принциптері	

Тапсырма 10. «Демократияның түрлері». Кестені толтырыңыз:

«Халық» ұғымының түсінілуіне байланысты демократияның түрлері	
Халықтың басқаруға қатысуына байланысты демократияның түрлері	
Билік органдарының қалыптасу тәртібі, құрылысына қарай демократияның түрлері	
Шешім қабылдауда азшылықтың көпшілікке бағынуы белгісі бойынша демократияның түрлері	

Тапсырма 11. «Демократия теориялары». Кестені толтырыңыз:

Демократия теориялары	Идеологтары	Белгілері	Әлсіз жақтары (кемшіліктері)
Классикалық либерализм демократиясы			
Ұжымдық демократия			
«Социалистік демократия»			
Плебисцитарлық партиялық демократия			
Плюралистік (алуан түрлілік) демократия			
Репрезентативті демократия			
Партиципаторлық демократия			

Тапсырма 12. Саяси жүйе теориялары туралы кестені толтырыңыз:

Саяси жүйе туралы теориялар	Ерекшеліктері
Т. Парсонс теориясы	
Д. Истон теориясы	
Г. Алмонд теориясы	
К. Дойч теориясы	

Тапсырма 13. «Саяси жүйенің түрлері». Кестені толтырыңыз:

Саяси жүйенің түрлері	Ерекеше белгілері
Тоталитарлық	
Авторитарлық	
Демократиялық	

Тапсырма 14. Саяси жүйенің құрылымы туралы кестені толтырыңыз:

Саяси жүйенің элементтері	мазмұны

Тапсырма 15. Кестені толтырыңыз:

Мемлекеттің анықтамасы	
Мемлекеттің шығуы мен пайда болуы туралы теориялар, өкілдері	
Мемлекеттің белгілері	
Мемлекеттің мәні	
Мемлекеттің құрылымы 1) биліктің бөлінуіне қарай 2) атқаратын қызметіне қарай	
Мемлекеттің функциялары	

Тапсырма 16. «Республика түрлері». Кестені толтырыңыз:

Республиканың түрлері	Ерекшеліктері
Президенттік республика	
Парламенттік республика	
Аралас республика (жартылай президенттік, жартылай парламенттік)	

Тапсырма 17. Кестені толтырыңыз:

Мемлекет, қоғам түрі	анықтамасы	негізгі принциптері
Құқықтық мемлекет		
Азаматтық қоғам		

Тапсырма 18. Саяси партия туралы кестені толтырыңыз:

Анықтамасы	Белгілері	Функциялары	Құрылымы

Тапсырма 19. Саяси партияның түрлері. Кестені толтырып, одан әрі жалғастырыңыз:

Қызметінің әлеуметтік ортасына қарай түрлері	
Идеологиясына қарай түрлері	
Саяси билікке қатысына қарай түрлері	

Тапсырма 20. Қазақстандағы саяси партиялар. Кестені толтырыңыз, одан әрі жалғастырыңыз:

Партиялар аты	Құрылған жылы	Жетекшісі	Әлеуметтік базасы	Бағдарламасы

VI. ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ТЕСТТЕР.

I. Саяси ғылымның тарихы мен теориясының әдістемелік мәселелері.

(Тест №1)

1. Саясаттану ғылымының білім берудің жеке саласына айналуына жағдай жасалған кезең:

- А) 1965 ж.
- В) 1880 ж.
- С) 1948 ж.
- Д) 1970 ж.
- Е) 1865 ж.

2. «Саясат» терминін ең алғаш рет ғылымға енгізген:

- А) Аристотель;
- В) Цицерон;
- С) Платон;
- Д) Конфуций;
- Е) Макиавелли.

3. Саясаттың негізгі объектісі:

- А) Саясат;
- В) Қоғам;
- С) Мемлекет;
- Д) Саяси институттар;
- Е) Саяси жүйе.

4. Саясаттанудың қалыптасуына ықпал еткен позитивистік әдістеменің принциптерін анықтаған:

- А) Ч.Мерриам;
- В) О.Конт;
- С) М.Фрейд;
- Д) Г.Лассуэл;
- Е) З.Фрейд.

5. Ең алғаш рет саясаттанудың оқытыла бастауы:

- А) 1857 ж. АҚШ, Коллумбия колледжінде;
- В) 1948 ж. ЮНЕСКО басшылығымен, Парижде;
- С) 1871 ж. Франция, Саяси ғылымдар мектебінің құрылуы;
- Д) 1989-1990 жж., Балтық бойы елдерінде;
- Е) Ежелгі дәуір – Греция мен Римде.

6. Ежелгі грек философиясының саяси-құқықтық ойының шарықтап дамыған кезеңі:

- А) Б.з.д. V-IV ғасырлар;
- В) Б.з.д. VI- IV ғасырлар;

- С) Б.з.д. III-II ғасырлар;
- Д) Б.з.д. II-I ғасырлар;
- Е) Б.з.д. I ғасыр.

7. Платонның саяси ойлары баяндалған еңбегі:

- А) «Саясат»;
- В) «Пікірлер мен әңгімелер»;
- С) «Мемлекет»;
- Д) «Патша»;
- Е) «Заңдар рухы туралы».

8. Қайта өрлеу дәуірінің көрнекті ойшылы, жаңа буржуазиялық идеологияның өкілі:

- А) Т.Гоббс;
- В) Дж.Локк;
- С) Ф.Аквинский;
- Д) Н.Макиавелли;
- Е) Т.Мор.

9. Ежелгі Шығыстың көрнекті саяси ойшылдарының бірі – Конфуций іліміндегі дұрыс мемлекеттің негізгі шарты не?

- А) Халық егеменділігі;
- В) Заңға қатал бағыну;
- С) Биліктің бөлінуі;
- Д) Дұрыс заңның болуы;
- Е) Адамның өнегілілік бейнесі.

10. Орта ғасырларда теология мен философияны синтездеп заңдар теориясын жасаған кім?

- А) Ф.Аквинский;
- В) Н.Макиавелли;
- С) А.Августин;
- Д) Т.Компанелла;
- Е) Аристотель.

11. Аристотельдің саяси ойға қосқан үлесі:

- А) Коммунистік идеяны сынады, жеке меншікті жақтады;
- В) Жалпының мүддесі, жеке меншікке қарсы шықты;
- С) Саясат пен моральдың ара қатынасы туралы мәселені көтерді;
- Д) Биліктің бөлшектенуі теориясын жасады;
- Е) Діни және мемлекеттік биліктің ара-қатынасы.

12. Жаңа дәуірдегі негізгі саяси идеялар:

- А) Ізгілікті мемлекет, меншік мәселелері;
- В) Табиғи құқық, биліктің бөлінуі, халық егеменділігі;
- С) Билікті екіге бөлу; діни (рухани) және мемлекеттік;
- Д) Адам мәселесі, оның мемлекетпен ара қатынасы;
- Е) Тап күресі, социалистік революция, пролетариат диктатурасы.

13. Қазақ халқынан шыққан ұлы ұстаз, ағартушы Ы.Алтынсариннің саяси көзқарастарын білдіретін еңбегі:

- А) «Сот реформасы жайындағы хат»;
- В) «Бақыттылық жайлы ілім»;
- С) «Рақымды қала тұрғындарының көзқарастары»;
- Д) «Қазақ даласындағы жұт жөнінде»;

Е) «Оян, қазақ!».

14. Конфуций іліміндегі меритократия ұғымы нені білдіреді:

- А) Атаққұмарлар билігі;
- В) Азғана бай адамдар билігі;
- С) Ақсақалдар билігі;
- Д) Қабілеттілер билігі;
- Е) Діни адамдар билігі.

15. «Азаматтық саясат», «Бақытқа жету жолдары» деген еңбектердің авторы:

- А) Ж.Баласағұн;
- В) Ибн Халдун;
- С) Әл-Фараби;
- Д) А.Құнанбаев;
- Е) Қ.А. Яссауи.

16. Т.Гоббстың саяси көзқарастарын білдіретін еңбегі:

- А) «Қоғамдық келісім»;
- В) «Мемлекет»;
- С) «Мемлекеттік басқару туралы екі трактат»;
- Д) «Заңдар рухы туралы»;
- Е) «Левиафан».

17. Саяси идеялардың дамуында радикализмнің негізін салушы «Қоғамдық келісім» еңбегінің авторы:

- А) Т.Гоббс;
- В) Ж.-Ж. Руссо;
- С) Дж.Локк;
- Д) Ш.Монтескье;
- Е) И.Кант.

18. Теориялық білімдердің қай бағыты саясаттанудың ғылым ретінде қалыптасуына ықпал етті:

- А) Диалектика;
- В) Материализм;
- С) Саяси тарих;
- Д) Саяси философия;
- Е) Саяси әлеуметтану.

19. Саясатты теологиялық түсіндіруден арытып, саяси ойды қоғамдағы табиғи өмірден туған мәселелерді шешуге бейімдей бастаған кім?

- А) М.Вебер;
- В) Дж.Локк;
- С) Н.Макиавелли;
- Д) А.Августин;
- Е) Т.Мор.

20. Жаңа дәуір кезінде «халық егеменділігі» идеясын көтерген кім?

- А) Ж.-Ж. Руссо;
- В) Дж.Локк;
- С) К.Маркс;
- Д) Ш.Монтескье;
- Е) Т.Гоббс.

II. Саяси билік пен қоғамның саяси жүйесі

(Тест №2)

1. Өз еркін басқаларға жүргізіп, олардың әрекетіне, қызметіне т.б. ықпал ете алу қабілеті және мүмкіндігі:

- A) Бақылау;
- B) Үстемдік;
- C) Бедел;
- D) Билік;
- E) Ұйымдастыру.

2. Саяси билікті қолданушы, жүргізуші адамға табыну:

- A) Биліктің легитимдігі;
- B) Биліктің тармақталуы;
- C) Биліктің фетишизмі;
- D) Биліктің жариялылығы;
- E) Биліктің ұсынылуы.

3. Олигархиялық билік жағдайында билікті кімдер іске асырады?

- A) Элита;
- B) Азғана бай адамдар;
- C) Діни адамдар;
- D) Халық;
- E) Қабілетті адамдар.

4. Билікті бөлшектеу теориясының мәні:

- A) Билікті шектеу мақсатында тармақтарға бөлу;
- B) Бірнеше қоғамдық пікірлердің қатар өмір сүруі;
- C) Азаматтардың бостандықтары мен құқықтарын шектеу;
- D) Халықты саяси сауаттандыру;
- E) Биліктің құқықтық нормаларға сәкес келуі.

5. Биліктің легитимдігі дегеніміз...

- A) Жалпы ережелер мен нормаларды қабылдау;
- B) Төмендегілердің билікті мойындауы, құрметтеуі;
- C) Саяси-тарихи процесті жеделдету;
- D) Биліктің заңдарға сәйкес келуі;
- E) Билікті қолданушы, жүргізушіге басқаның табынуы.

6. Харизматикалық билік дегеніміз:

- A) Жеке көсемнің басшылығы;
- B) Ұжымдық түрде басқару;
- C) Топтық түрде басқару,
- D) Қабілетті адамның басқаруы;
- E) Салт-дәстүрге сүйеніп басқару.

7. Биліктің бөлінуі бойынша атқарушы билікті кім жүзеге асырады:

- A) Парламент;
- B) Саяси партия;
- C) Сот;
- D) Үкімет;
- E) Элита.

8. Жеке адамның, таптың, топтың т.б. саясатта өз билігін жүргізе алу мүмкіндігі нені білдіреді:

- A) Саяст жүйені;

- В) Саяси ұйымдасуды;
- С) Саяси билікті;
- Д) Саяси режимді;
- Е) Үстемдікті.

9. Сенат пен Мәжіліс – бұл Қазақстан Республикасындағы қай билікті бейнелейді?

- А) Жергілікті;
- В) Сот;
- С) Атқарушы;
- Д) Заң шығарушы;
- Е) Экономикалық.

10. Билікті жүргізудің заңды әдіс-тәсілдерін, қоғамдағы демократияның дәрежесін көрсететін не?

- А) Саяси процесс;
- В) Саяси жүйе;
- С) Саяси идеология;
- Д) Саяси режим;
- Е) Саяси билік.

11. Әкімшілік-әміршіл жүйе жағдайындағы саяси режим түрі:

- А) Демократиялық;
- В) Авторитарлық;
- С) Тоталитарлық;
- Д) Либералдық;
- Е) Әскери-оккупациялық.

12. Абсолюттік және конституциялық – бұл ұғымдар қайсысына қатысты:

- А) Республика;
- В) Тоталитарлық;
- С) Монархия;
- Д) Демократия;
- Е) Элитаризм.

13. Саяси жүйенің негізгі институты:

- А) Саяси партия;
- В) Мемлекет;
- С) Саяси қозғалыс;
- Д) Армия;
- Е) Кәсіподақ ұйымы.

14. Мемлекетті басқару формасына (биліктің түріне) байланысты қалай бөледі:

- А) Унитарлық, федерация;
- В) Монархия, республика;
- С) Құл иеленуші, феодалдық;
- Д) Демократиялық, тоталитарлық;
- Е) Бюрократия, элитизм.

15. Саяси институттар, саяси қатынастар, саяси нормалар, саяси сана мен мәдениет – бұлар саяси жүйені қай жағынан сипаттайды:

- А) Элементтері;
- В) Түрлері;
- С) Қызметтері;

- Д) Теориялары;
- Е) Өлшемдері.

16. Теократия қандай мағынаны білдіреді?

- А) Атаққұмарлар билігі;
- В) Діни адамдар билігі;
- С) Халық билігі;
- Д) Тобыр билігі;
- Е) Ақсүйектер билігі.

17. Саяси жүйе теориясын жасаушылар:

- А) Парето, Моска;
- В) Макиавелли, Мор;
- С) Аристотель, Платон;
- Д) Алмонд, Истон;
- Е) Маркс, Энгельс.

18. Қоғамдағы басқаруды жүргізіп, тұрақтылық пен тәртіпті қамтамасыз ететін әлеуметтік топтар, таптар, ұлттар, мемлекетер арасындағы саяси өзара қатынастарды реттейтін ұйымдар мен мекемелердің жиынтығы:

- А) Саяси партия;
- В) Саяси режим;
- С) Саяси жүйе;
- Д) Саяси билік;
- Е) Саяси мәдениет.

19. Алмондтың саяси жүйені жіктеуіндегі – саяси мәдениетте – ескі жүйенің де, жаңаның да элементтері араласып, түрлі партиялардың ескі дәстүрлерді сақтап отыруы қай саяси жүйеге тән:

- А) Ағылшын-америкалық;
- В) Индустрияландыруға дейінгі және жартылай индустриялы елдерге;
- С) Европалық-континенталдық;
- Д) Тоталитарлық;
- Е) Авторитарлық.

20. Демократия:

- А) Әскери басқару;
- В) Діни негізде басқару;
- С) Шексіз басқару;
- Д) Биліктің бөлінуіне жол бермеу;
- Е) Халықтық басқару.

III. Саяси институттар.

(Тест №3)

1. Саяси өмірді ұйымдастырудың белсенді формасы:

- А) Ірі әлеуметтік қоғамдастықтар;
- В) Билеуші топтар;
- С) Мемлекет;
- Д) Жеке тұлға;
- Е) Саяси партия.

2. Мемлекеттің негізгі функциясы:

- А) Әскери бақылау;
- В) Саяси ұйымдастыру;

- С) Экономикалық байланыстар жасау;
- Д) Шетелдермен қарым-қатынас жасау;
- Е) Әлеуметтік функция.

3. Мемлекеттің пайда болуын құдайдың құдіретімен түсіндіретін концепция:

- А) Қоғамдық келісім;
- В) Патриархалдық;
- С) Теологиялық;
- Д) Географиялық;
- Е) Күш көрсету.

4. Мемлекеттік биліктің барлық жоғары органдары белгілі бір уақытқа сайланатын немесе өкілділік мекемелер арқылы қалыптасатын мемлекет түрі:

- А) Монархия;
- В) Федерация;
- С) Унитарлы;
- Д) Республика;
- Е) Авторитарлық.

5. Біртұтас, әкімшілік-аумақтық бірлестіктерден тұратын, саяси билік бір орталыққа бағынатын мемлекет түрі:

- А) Федерация;
- В) Унитарлы;
- С) Конфедерация;
- Д) Автономия;
- Е) Отар.

6. Белгілі бір саяси тәуелсіздігі бар бірнеше мемлекеттік құрылымдардың бірігіп одақтық жаңа мемлекет құруы:

- А) Федерация;
- В) Унитарлы;
- С) Конфедерация;
- Д) Автономия;
- Е) Отар.

7. Конфедерация дегеніміз –

- А) Бірнеше әкімшілік-құрылымдық жүйеге бөлінетін мемлекет
- В) Бір орталықтан басқарылатын, аумағы біртұтас мемлекет
- С) Өздерінің кейбір әрекеттерін үйлестіріп, белгілі бір мақсат үшін біріккен егеменді мемлекеттер одағы
- Д) Орталыққа саяси-қаржы жағынан тәуелді мемлекет
- Е) Бір мемлекет шеңберіндегі өзін-өзі басқаруға құқық берілген саяси-ұлттық құрылым

8. Мемлекеттік құрылымнан тыс қалыптасатын әлеуметтік-экономикалық және мәдени-рухани қоғамдық қатынастардың жиынтығы, жеке тұлғаның емін-еркін дамуы:

- А) Дәстүрлі қоғам;
- В) Индустриялы қоғам;
- С) Әлеуметтік қоғам;
- Д) Азаматтық қоғам;
- Е) Информациялық қоғам.

9. Заңның жоғарылығы, оның алдында бәрінің тең болуы, жеке адам

құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ететін мемлекет:

- A) Әлеуметтік;
- B) Құқықтық;
- C) Монархиялық;
- D) Либералдық;
- E) Метрополиялық.

10. Аумағы, халқы, егеменділігі, заңы, басқару аппараты, күштеу органдары, салық жүйесі т.б. Бұл мемлекеттің ...

- A) Қызметтері;
- B) Тұрпаттары;
- C) Түрлері;
- D) Басқару формалары;
- E) Белгілері.

11. Белгілі бір әлеуметтік топтардың мүддесін көздейтін өз мақсаттарына жету бағытында мемлекеттік билік үшін күресіп, оны қолдануға ұмтылатын адамдардың ерікті тобы:

- A) Қоғамдық-саяси қозғалыс;
- B) Кәсіподақ ұйымы;
- C) Қысымшы топтар;
- D) Саяси партия;
- E) Мемлекет.

12. Белгілі бір саяси мақсатқа жету үшін билікке ықпал ету үшін құрылатын, ұйымдық құрылымы әлсіз, әлеуметтік базасы кең болатын адамдардың ерікті ынтымақтастығы:

- A) Діни бірлестіктер;
- B) Саяси партиялар;
- C) Қоғамдық-саяси қозғалыстар;
- D) Қысымшы топтар;
- E) Халықаралық ұйымдар.

13. Идеологиясына байланысты партиялардың түрлері:

- A) Басқарушы және оппозициялық;
- B) Фашистік және коммунистік;
- C) Кадрлық және бұқаралық;
- D) Жұмысшы және буржуазиялық;
- E) Парламенттік және сайлаушылар.

14. Тоталитарлық режимге қандай партия жүйесі тән:

- A) Бір партиялы;
- B) Екі партиялы;
- C) Көп партиялы;
- D) Екі жарым партиялы;
- E) Жалған көп партиялы.

15. Саяси партияның ең басты функциясы:

- A) Заң шығару;
- B) Қоғамдағы саяси тәрбие жұмысы;
- C) Саяси билік үшін күрес;
- D) Үлкен әлеуметтік топтарды шоғырландыру.
- E) Халық мүддесін қорғау.

16. Саяси партияның мәні неде:

- А) Сайлау арқылы заң шығарушы органдарға үміткерлер ұсынуында;
- В) Кімнің мүддесін көздеп, қорғайтындығында;
- С) Идеология мен саяси доктриналарды қалыптастыруында;
- Д) Саяси билік үшін күресуінде;
- Е) Өз қатарын, әлеуметтік базасын кеңейтуінде.

17. Коалициялық немесе блоктық басқару дегеніміз:

- А) Ұйымдар, қозғалыстардың билігі;
- В) Партиялардың бірлесіп басқаруы;
- С) Жеке адамның басқаруы;
- Д) Элитаның билігі;
- Е) Олигархтар басқаруы.

18. Капиталистік қоғамды еңбекші халықтың мүддесіне сай реформалап, өзгертуге тырысатын партия:

- А) Коммунистік;
- В) Буржуазиялық-демократиялық;
- С) Фашистік;
- Д) Консервативтік;
- Е) Социал-демократиялық.

19. Қазақстандағы алғашқы либералдық-демократиялық партия:

- А) Алаш;
- В) Үш жүз;
- С) Желтоқсан;
- Д) Отан;
- Е) Азат.

20. Қазақстандағы әлеуметтік бағыттағы ұйымдар:


- А) «Невада-Семей»;
- В) «Лад», «Азат»;
- С) «Мемориал», «Ақиқат»;
- Д) «Жерұйық», «Шаңырақ»;
- Е) «Жастар», әйелдер ұйымдары.

Тест сұрақтарының жауаптары


Тест №	Сұрақтардың номерлері																			
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20
1	С	А	В	В	А	А	С	Д	Е	А	А	В	Д	Д	С	Е	В	Д	С	А
2	Д	С	В	А	В	А	А	С	Д	Д	С	С	В	В	А	В	Д	С	С	Е
3	С	В	С	Д	В	А	С	Д	В	Е	Д	В	В	А	С	В	В	Е	А	Д

VII. ҚОСЫМШАЛАР.


1-схема. Саясаттану құрылымы.




2-схема. Билік құбылысы.




3-схема. Саяси жүйенің қызмет етуі (Д.Истон бойынша).




4-схема. Саяси жүйенің Қызметтері.



5-схема. Мемлекет



6-схема.



7-схема.



Кузутбаева Б.Қ., Исаева Л.Н.

САЯСАТТАНУ
оқу-әдістемелік құрал

барлық мамандықтар мен дайындау бағыттарының
студенттеріне арналған

Формат 60x84 1/12
Объем 95 стр. 8 печатный лист
Тираж 20 экз.,
Отпечатано
в редакционно-издательском отделе
КГУТиИ им. Ш Есенова
г.Ақтау, 27 мкр.